

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шапшақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

5/2018

МАМЫР

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлмас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

	<i>Ғалымдар ойлары – ғылыми гибрат</i>	
М.ҚАРАМЕНДИНА.	Қолөнерге байланысты мақал-мәтелдердегі дәстүрлі ұғымдар.....	3
	<i>Өзегі бір өнер мен өмір</i>	
Э.ПЕРТАЕВА.	М.Әбілұлының балаларға арналған әдеби туындылары.....	18
К.ҚАЙРҰЛЛА.	М.Әбілұлы – жинаушы һәм зерттеуші.....	27
	<i>Көкейкесті көзқарас</i>	
Ә.ТАСБОЛАТ.	Академиялық адалдық – білім жүйесіндегі ең басты құндылық.....	32
	<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Қ.АБУОВА.	Супермаркетке деген сенім.....	37
Ж.ҚАБАШЕВА.	Оқушылардың сыныптан тыс оқуын ұйымдастырудағы әдіс-тәсілдер.....	43
А.ҰЛМАҒАМБЕТОВА.	Қазақ тілінен эссе жазудың құрылымы.....	50
А.МАРДЕНОВА.	Қазақ әдебиеті сабағында сын тұрғысынан ойлауға жазуға үйрету.....	70
	<i>Оқулыққа қосымша</i>	
Ш.ҚАСЕНОВА.	Көркем шығармадағы бейвербалды амалдар.....	80
	<i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>	
Ш.ИМАНБАЙ.	Керқұла атты Кендебай.....	85
Ж.ҚҰДАБАЕВА.	Ы.Алтынсарин ”Атымтай жомарт“.....	91
Ұ.СЫЗДЫҚОВА.	Ш.Мұртаза ”Тұтқын бала“.....	95
С.ҚҰСПАН.	”Өтеген батыр“ дастаны.....	99
Қ.ТЕМІРБАЕВА.	Менің досымның келбеті.....	102
	<i>Колледж кеңістігінде</i>	
Ә.МАНКЕЕВА.	М.Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы. Ақын өлеңдеріндегі Исатай бейнесі.....	107
	<i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>	
Ә.ПІРІМОВА.	Алғашқы ғарышкерлер. Сын есімнің шырайлары.....	112
Г.ДҮЙСЕНҒАЛИЕВА.	Жейтін асын көп болсын, зияны жоқ болсын.....	124
	<i>Уақыт және әдебиет</i>	
С.ҚАЛИЕВА.	Құнанбай Өскенбайұлының өмірі мен қызметі.....	127
	<i>Ұстаз ұсынысы</i>	
Г.ТАЙШЫБАЕВА.	”Жас әдебиетші“ үйірме жоспары.....	137
	<i>Ұстаз мерейі</i>	
Р.СУЮНОВА.	Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы.....	140

Ғалымдар ойлары – ғылыми гибрат

ӘОЖ 398.9

М.ҚАРАМЕНДИНА,
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және
этнология институтының аға
ғылыми қызметкері.
Алматы қаласы

ҚОЛӨНЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ҰҒЫМДАР

Табиғат құбылыстары ежелгі адамдардың бейнелеу өнеріндегі дүниетанымын қалыптастырды[1]. «Ел іші – өнер кеніші» – демекші, ұлы дала көшпенділері өздерінің салт-дәстүрін, өнерін, ғажайып өркениетін мұраға қалдырып кеткен. Осы ата-бабамыздың өткен тарихы, олар жасап кеткен дүниелер күні бүгінге дейін маңызын жоймай, мұрагер – біздің қызығушылығымызды тудырып отыр[1]. Мысалы: «Кестенің сыры түрінде, кілемнің сыры түгінде» – дейді қазақ. **Кілем** – сәнді тоқылатын, баспананың жылылығын сақтайтын және дыбысын бәсеңдететін арнайы үй жиһазы[2]. Қазақтың бүкіл өмірі, іс-әрекеті жүн мен киізге және киіз үйге тікелей қатысты. Қазақ халқының дәстүрлі тіршілігінде, тігіншілік өнерінде алашаның ең үлкен, көлемді түрі – **далақ**. Далақты үй жиһаздарының сәнділігіне, «жапқыш» бұйым ретінде пайдаланады. Қазақтың: «*Он еннен тіксең далақты, барлық елге жарапты*», – деген мәтелі бар. Далақтау деген сөз – бос шашылу, істің мәнін түсінбей біреуге еру деген сөз, тура мағынасы желпілдеуге саяды[3].

Тас дәуірінен басталған сүйек ине, сүйек бізді пайдаланып тері және тоқыма киім-кешек жасау сынды

қол өнердің дами түсуі, киіну мәдениетін қалыптастыра бастады. Сәндеп киім тігу, үй жабдықтарын сәндеу, әбзел – жабдықтар мен жиһаздарды әшекейлеу, әсемдік түс берумен қатар заттық мәдениетке деген қажеттілік – зергерлік, кестешілік, тоқымашылық, өрімшілік, ою-өрнек, сырлау, бедерлеу, көздеу, айшықтау, т.б. қосалқы өнер түрлерін гүлдену сатысына қадам бастырды[4].

Қазақтың дәстүрлі тұрмыстық мәдениетінде баспанасы – киіз үйінен бастап, киім-кешек, көрпелік, ала арқан, т.б. жүннен жасалатын заттар мен бұйымдардың орны ерекше. Мұндай заттар жасауға қой және түйе жүні көп пайдалатындықтан, қазақ «қой қырқымына, түйе жүндеуге айрықша мән беріп, малдың жүнінің жетілуіне қарай жыл мерзімінің белгілі бір кезеңін таңдайды. Мәселен, «Жүн керек болса мизамда қырық, қой керек болса, қазанда қырық» – деп, қой қырқуға ең қолайлы кез – мизам айы екенін айтады[33]. Қазақтар киіздің жұмсақ та жылы, икемді де мықты табиғи қасиетін ескере отырып, одан киіз үй жабатын мықты кесек киіз басып шығаруды үйренді. Сонымен бірге киіздің көшпенді қазақ қоғамының өркендеуіне бірден-бір арқау болған – құт-береке Қошқар ата сыйы саналатын киелі мәнін де ескермеуге болмайды. Киіз, сондай-ақ, көшпенді малшыларды әр түрлі аурудан сақтайтын қорғаушы қызметін де атқарады[5]. «Арба иесі – күпшек дер, Киіз иесі – білек дер,» – дейді халық. Қазақтар арасында киізге байланысты әр түрлі ырым-жырымдар мен түсінік-ұғымдар баршылық. Киіз бұйымдарда бейнеленген кейбір оюлы-әшекейлі жегілер де қорғаушы күштер қатарына баланады. Айталық, қошқардың мүйізі салттық санада қорғаушы болумен қатар құнарлық, молшылық рәмізі ретінде қаралады. Мәселен, текеметте осы мақсатпен

өрілген «ала жіп» әдетте үйдің ең көрнекті орнына көз тиюдан сақтық мақсатымен ілініп қойылады[6]. Осыған қатысты қазақта: «Жазды күні жыланнан қорыққан, қысты күні ала жіптен аттамас», ауыспалы мағынасында «Ала жіпті аттамағанның абыройы биік» деген мақалдар туындаған. Қазақтар жүн мен теріден киім-кешек те, ыдыс-аяқ та жасайды. Мысалы: Ерте кездегі жауынгер, малшы, аңшылардың жауын-шашын, боран желден сақтану үшін киетін сырт киімі – **кебенек**. Бұл – әдейі іріктелген, жуылып-шайылып, шайырынан айырған таза жүннен жұқалау басылатын киіз. Халықта «кебенек киген келеді, кебін киген келмейді» немесе «ерді кебенек ішінде таны» деген қанатты сөздер бар[3].

Ертедегі көшпелі қазақтар ас сақтайтын ыдыстардың біразын мал терісінен жасаған. Мысалы: «Көнектен шошыған бие оңбас, Көптен бөлінген үй оңбас,» – дейді халқымыз. **Көнек – шикі теріден тігілген, бие саууға арналған шүмекті ыдыс**. Көнек жеңіл болады және қаңылтырдан жасалған ыдыстардай даңғырламайды. Көнекпен сауғанда мал мазасызданбай, жақсы иіп, сүтті мол береді[7]. Жылқының терісінен тігілген қымыз ашытатын ыдыс – **саба**. «*Сабаның «тай жүзген» атты өте үлкен түрі де болатынын көнеккөз кәріқұлақ қарттардан еститін едік*» – дейді қолөнер шебері, этнодизайншы Д.Шоқпарұлы. Тілімізде: «Жалғыз ағаш пана болмас, Жалғыз бие саба болмас», «Бес биенің сабасы, бес күн саусаң толмайды. Мақтағанмен жаманды жақсылардай болмайды» – деген мәтелдер бар[7]. «Ер арыса – аруақ, ат арыса – тулақ» – деп тегін айтпаған халық[7]. Тулақ – үстіне жүн сабау үшін немесе төсеніш ретінде қолданылатын жүні алынбай, керіліп, кептірілген шикі тері. Кепкен терінің үстіне көрпе, бөстек, жержастық салып, төсеніш ретінде

пайдаланады. Жерге төселген тулақтан сыз өтпейді. Ертеректе күйеу жігіт қайын жұртына алғаш келгенде, босағаға тулақ төсеп, отырғызатын дәстүр болған[7]. «Жүн сабағанда шыққан дыбысқа тулақ та ортақ» деген мәтел – оның жүн сабауда атқаратын қызметіне байланысты қалыптасқан[8]. Тері сәл тобарсыған соң, сүмсуірмен терінің бетіне батыра бедерлеп өрнек салуға болады. Тері әбден кепкен соң, қалыптан шығарады. Содан шикі тері қатайып, көнге айналады, әрі бастапқы кейпін сақтап қалады[7]. «Көн қатса, қалыбына тартады» – деген сөз содан қалған.

Қазақ халқының көнеден келе жатқан кестелеу өнерінің негізі инемен тігетін қарапайым тігістерде жатыр. Әр кәсіптің пірі болады деп сенетін тігіншілер: «Иә, сәт, менің қолым емес, Би Бәтима пірімнің қолы» деген соң ғана істерін бастайды екен. Шебер тігіншілікке қатысты «Саусақ бірікпей, ине бірікпейді», «Жас шебердің инесі қолды тесер, қас шебердің инесі тонды тесер» дейді қазақ[1]. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ұлттық кесте өнеріміз күні бүгінге дейін өзінің эстетикалық құндылықтарын өз бойына сақтап, қасиетін жоғалтпай, жақсы сақталған ірі мәдениет үлгісі ретінде аталып келген және халқымыздың тарихымен, тұрмыстағы әдет-ғұрып, салт-дәстүріне сай дамып, түрленіп жетілдіріп отырған[1]. Арулар ұзақты күн үзілдіре әндете жүріп, қиялына қанат бітірген табиғат, өмір сұлулығын кестемен түйіндеп, кілем, текеметке өрнектеген[1]. Осыдан «Асыл қайшы пішуге сән, күміс қасық ішуге сән», «Өз үйінде ою оймаған кісі үйінде сызу да сыза алмас», «Ұзын пішсең, қысқа болмас, Үлгісі жоқ нұсқа болмас», «Кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынаиды» [4] немесе ел аузында «Қара суда қаймақ болмас, қас шеберде оймақ болмас»,

«Олақ адам оймақшыл», «оймақтың себі инеге тиеді, иненің себі түймеге тиеді»[9] деген мақал-мәтедер қалыптасады. «Орайы келген, сәті түскен іс» деген мағынада «Сабақты ине сәтімен» деп мақалдайды[8]. Қазақта «ернінің емеруінен білемін» дейтін тәмсіл бар. **Емеру деп** заттың «тойтарылған» шетін, шүберек, пұлдың бүгілген жерін айтады[3]. «Етікші боламын десең, қаюын біл. Малшы боламын десең, жаюын біл» [10] деген мақалда **қаю** – ілмек біз арқылы екі тарамыс (жіп) бір-біріне ілмеленіп тігілетін мықты тігіс[11].

Қазақ ұғымында қағылған қазық, ат байлайтын мама ағаш, ұстын, тіреу тәрізді шаншылған тік заттардың бәрі көктеректің символы болып саналады [7]. Ағашты жармай, шірітпей, ағашжегі сияқты құрттар мен әр түрлі бактерияларға шалдырмай кептіру үлкен өнер[7]. «Ағаш кессең, ұзын кес, қысқартуы оңай. Темір кессең, қысқа кес, ұзартуы оңай» – дейді қазақ. Халқымыздың ағаштың әр түрлі қасиеттерін жоғары бағалап, одан тұрмыста тұтынатын әртүрлі бұйымдар жасап, «әкеден мал қалғанша, тал қалсын», «Бабын тап та, бақ өсір», «Бір тал кессең, он тал ек», «Шыдамы жеткен шебер болады» деген нақыл сөздерді бекер айтпаған[7]. «Тұт еккенің – құт еккенің» – деген де мақал бар. Орта Азияның шеберлері музыка аспаптарын әзірлеуге ең тиімді ағаш ретінде **тұт ағашын** өте жоғары бағалайды. Дыбыс жаңғырту қасиеті өте жоғары болады. Еменнен жасалған музыка аспабы өте әдемі болады. Балтаға емен де бас иеді[7].

Қазақ халқы табиғатта өсетін ағашты тіршілігіне кең пайдаланып келген. Ағаш шеберлігі халықтың күнкөріс көзінің бірі, сондықтан қазақ халқында ағаш шеберлігіне қатысты салт-дәстүр, наным-сенім, әдет-ғұрып, ырымдар көп, соған байланысты мақал-

мәтелдер де баршылық[3]. Мысалы, «Орман аралаған үйші болады, ел аралаған сыншы болады», «Қурай тартсаң, күй шығар, ағаш тартсаң үй шығар», «Сен бұтаны көтерсең, сені бұта көтерер». Ағаш ою өнері орманға бай Шығыс Қазақстанда, соның ішінде керей руының қазақтарында ерекше дамыды. Тіпті «Керейден ұл туса – ағашқа күн туады» деген мақал бар екен[12]. «Ұлы жүзді қауға беріп, малға қой» дейді қазақ. **Қауға** – құдықтан су алу үшін ағаштан істелген немесе теріден тігілген ыдыстың түрі[13].

«Тез қасында қисық ағаш жатпайды» деген халық мақалы киіз үй сүйегін жасаудағы қарапайым қазақ тезінің орны бөлек екенін аңғартқандай. Себебі қандай қисық ағаш болмасын оны оқтай етіп түзететін немесе түзу ағашты көңілдегідей етіп ию арқылы оған жаңа мүсін беретін аты шулы зат – **тез**. Ағаш өңдеу өнерінің ішіндегі аса іскерлік пен қыруар еңбекті, шынайы талғамды керек ететін түрі – киіз үй сүйегін жасайтын үйшілер ісі болса, тез – үйшінің ең басты, негізгі құралдарының бірі[14].

Қазақтың байырғы тілінде сүйектен істелген ине, тебендерді **«сойау»** деп атап келген[3]. «Жауға қойыңды қалдырсаң да, сойыңды қалдырма» деген мәтел бар. Дәркенбай Шоқпарұлы *«сой», «сай» дегеніміз «сүйек» деген ұғым береді*» – дейді. Қазақта сүйекті қадірлеу, қастерлеу салты ерте замандардан қалыптасқан. Сондықтан бақи дүниеге сапар шеккен адамның мәйітін туған жеріне, кіндік қаны тамған жерге әкеліп жерлегенді жөн көрген. Жаугершілік замандарда шейіт болған жауынгерлердің сүйегін «қорлайды» деп жат жерде қалдырмай, мәйітін сілтіге салып қайнатып, еттен ажыраған сүйекті тері қапқа салып, киізбен орап, туған жердің топырағына әкеліп қоятын рәсім

болған. Төтенше жағдай туып, сүйекті түгел әкеле алмаса, бір саусағының сүйегін алып келген. Сол сияқты «су сүзілмейді, сүйек үзілмейді» деген мақал-мәтелдер де туындаған. Шеберлерде ертеректе жүзін өткір пышқымен (*ағаш кесетін кішкене ара темір*) тіліп, сүйектен шаштарақ жасаған, әсіресе пілдің азу сүйегінен жасалған бұйымдар жоғары бағаланған[15].

Қазақта: «Аллаһ тағала қаһарланса, ғаламды иненің жасуынан өткізеді», «Пендесін жазаласа Аллаһ адамды иненің жасуынан өткізе алады» дейтін тәмсілдер баршылық[3]. «Оюы көптің өрнегі көп, өрнегі көптің ермегі көп» – дейді қазақ. Халық арасындағы шеберлер ою-өрнекпен сәулетті ғимараттар мен киім-кешектерді, қару-жарақты т.б. толып жатқан тұрмыста тұтылатын бұйымдарды мәнерлеп, әшекейлеп отырған[7]. Т.Бәсенов *«Халықтың қолөнеріне әдег-гұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар да кіреді... Қолөнерде көңілге қонымды мәнерлер мен ондағы қолданылған әдістер архитектурада кеңінен қолданылып келеді»* – дейді[16].

Халқымыздың ұлттық сырт киімдеріне жататын шапан, тон, ішік, шидем, күпі, шекпен т.б. сырт киімдеріне түйме қадамай-ақ шалғайларын айқара қаусырынып, белге белбеу(белдік) буынып алады. Қазіргі қолда бар деректерге сүйенсек, белбеулердің көптеген түрлері бар: осылардың ішінде ерлер буынатын **кісе белбеу** және қыздар мен әйел адамдар буынатын **кемер белбеу**. **Кемер белбеу** – кісе белбеуге қарағанда анағұрлым жалпақ, әрі әшекейлеп нақышталуы күрделірек болып келеді. Кемер белбеуге бағдарлап қарала салу, лажы жүргізу, жапсырмаларына асыл тастардан көз салу, күмбездеп ширата жүргізу сияқты

күрделі технологиялық тәсілдер қолданылатындықтан, олардың көркемдік сапасы әрдайым жоғары болады. Сондақтан халық: «Кемер белбеу – белге сән, Кемелді жігіт – елге сән» – деп тегін айтпаған[7].

Халық нақылы «құралсыз ұста – қолсыз, пенде – күшің шығын» дейді. Кез келген жұмысты бастар алдында құрал-сайманды сайлап алған жөн. Қажет құрал-жабдық болмаса, құр қолмен ешқандай жұмыс атқаруға болмайды. «Ағашына қарай сынасы, Атасына қарай баласы»[7] деген мақалда **сына** - ағаш кеспелпекті жаруға, желімдеген ағаш бөліктерін қысып тұруға арналған қарапайым көмекші құрал. «Өткір шоттай, жүйрік аттай» дейді халық нақылы. **Шот** – ағашты тегістеп, ұңғып, қобылай шабуға арналған құрал. Шоттың бірнеше түрі болады. Шаппашот ағашты тегістей шауып жұқартуға арналған қол құралы. Шотты жете меңгерген шебер оны өте нәзік нәрселерді шабуға пайдаланған[7].

Пышақ сөзінің төркіні піш, яғни кес, кесу-пішу деген ұғыммен сабақтасады. Пышақпен ағашты жонып кесуге болады. Оған қатысты «Пышағыңды берсең шынымен бер, Шынымен берсең қынымен бер»[7] деген бар. «Болат қынға тоқтайды, тентек топқа тоқтайды, жомарт жоққа тоқтайды» [10] деген мақалда қын – қылыш, пышақ сияқты өткір құралдарды салып қою үшін жасалған қынап[11]. «Қайрақ тас беткейде, Асыл сөз көкейде» деген сөз бар[17]. Құрал-саймандарды өткір болу үшін әрқашан қайрап, баптап отыру керек. Құрал-сайманды шарық қайрақпен қайрап, білеумен білеп алған соң, соңынан жануышпен жаниды.

*«Жақсыға жалынсаң кешер,
құралды жанысаң кесер»,
«Сүргімен өңдеген соң*

Балтамен жөндемес болар».

«Құрал-сайманда қырық кісінің күші бар» – деп халық тегін айтпаған болар[7].

«Оймақ пішсең де, ойлап піш» демекші былғарыдан, көннен оймақ жасау үшін алдымен үлгі пішеді. Егер де оймақ көннен әзірленсе, онда көн тобарсып, кепкенше саусақтың орнына арнайы сүйірлей жонылған жұмыр ағаш сұғып кептіреді. Ол ағашты ісмерлер **саусақ қалып** деп атайды. Қалыпта керіле келе бабымен кепкенде саусаққа лайық кейіпке келеді[7].

«Ұзынсыз қысқа болмас, Үлгісіз ұста болмас» – дейді халық мақалы. Зергерлік өнердегі әр түрлі бұйымдар жасау үшін арнаулы үлгі-нұсқалар қолданылады. Оларды көбіне металдан жасайды[7]. Мәселен, сырғаның, сулықтың, айылбас т.т. зергерлік өнерінде кездесетін бұйымдарға шеберлер арнаулы үлгі жасап қояды. Ол жұмыс кезінде уақыт үнемдеуге әрі шәкірттерді де үлгі бойынша үйретуге септігін тигізеді. **Тіліміздегі «үлгі алу» деген тіркес осыдан қалыптасқан[7].**

Қазақтың «Қарыс қазы – балықта, қалың қазына – халықта» – деген мақалы халық өнерінің молдылығынан туған еді[18]. Халқымыздың төрт түлік малдың бабымен көшіп қонуы, аңшылық, саятшылық кәсібімен шұғылдануы, ру-тайпалар арасындағы қақтығыстардың толассыз туылып тұруы, тері илеу, көншілік, етікшілік, өрімшілік, жүн мәнерлеу, киіз басу, есу, өру, тоқу, сондай-ақ ершілік, теміршілік, қару-жарақ жасау өнерінің туындауына негіз болды[4]. Халықтың дәстүрлі түсінігінде қару-жарақ тек соғыс құралы ғана емес, қару-жарақтың барлық түрі этностың өмір динамикасының айырылмас элементі, олар өздерінің түрлі тұрмыстық және әлеуметтік функциялары арқылы этностың өмір

сүру үдерісіне кіріккен. Қазақ халқының қару-жарағын қазақтың дәстүрлі халықтық мәдениетінің контекстінде қарастырып, этнографиялық болмыстың басқа құрамдас элементтерімен генетикалық, семантикалық, құрылымдық және функционалдық байланыстары мен қатынастардың тұтастығында қарастыру ғана этникалық мәдениеттің маңызды бір компоненті болған қару-жарақтың шынайы мағынасын аша алады[19]. «Жауға барсаң, кесерді ал, Дауға барсаң, шешенді ал». Өскери қаруды киелеу барысында оның атын жасырын, магиялық жанама ат қою магиялық ғұрыптардың дәстүрлі мәдениеттегі бір көрінісі. Мысалы, кесу, қию арқылы әрекет ететін **қылышты «кесер», «қырқар» деп атау[19]**.

Кез келген шығармашылық, жаратушылық әрекет өмірлік қажеттіктермен ғана емес, ғұрыппен де мақұлданды. Әр технологиялық акт ғұрып ретінде қатаң тәртіппен белгіленді[19]. Қазақстан мен Орта Азия елдері ұсталардың пірін **Дәуіт** деп атайды. Дәуіт пайғамбар – Ислам түсінігінде темір өңдеуді, қару-жарақ жасауды құдай үйреткен бірінші адам[19]. Ұсталар іс бастарда : «Иә, сәт, менің қолым емес, Дәуіт бабамның қолы» – дейді. Бурят, моңғол тілінде ұстаны «дархан» (тархан) дейді. «Дархан» сөзі рубасы, көсем, ел ағасы, ел игілігін қорғаушы, қамқоршы, тіпті бақсы (шаман) деген ұғымды да білдірген[7]. Темірші, ұсталарды ел ішінде ерекше қадірлеп, олардың тұтынатын төс, көрік, балға, қысқаш, т.с.с. құрал-саймандарын қасиетті деп санаған. Қазақтың «көрігің желді болса, көңілің де желді болар» деген мақалы бар. Осындағы **көрік** – металды қорыту, қоспасынан айыру процесінде отқа жел беріп тұру үшін ешкінің, түйенің мойын терісінен жасалатын құрал. Көріктің көлемі неғұрлым үлкен

болса, оның көмейінен оттыққа берілетін ауаның қысымы да соғұрлым жоғары болады. «Көрігің желді болсын, көлігің жемді болсын, көйлегің жеңді болсын», «Тесік көрік желге толмас, топасқа білім қонбас» деген де мәтел бар[7]. **Үлкен жел көрік – ұста көрігі. Көшіп қонуға, тасымалдауға, қолға алып жүруге жеңіл, ыңғайлы, пеші қарапайым қол көрігі – зергерлер көрігі[20]**. Балға, шапқы, тескіш, көсеу сияқты көрік те ұста мен зергерге бірдей қажетті құрал-саймандардың бірі болып табылады[14].

Көмірге қатысты «Жолдасың темірші болса, өзің көмірші бол» деген мақал бар. Ертеректе көрікке жағатын көмірді қолдан әзірлейтін. Оны ұсталар өздері жағып дайындаған немесе көміршіге жақтыратын. «Темірші көміршіге үйір» деген сөз содан қалған[7]. «Сусыз өмір жоқ, отсыз темір жоқ», «Темір сырын отта танытады» деген нақыл сөздерден темір өңдеу үшін оттың маңызы зор екенін аңғарамыз. **Төс** – ұстаның түрлі металды қыздырып немесе құрғақтай өңдейтін негізгі құралы. «Ұстаның өрісі – көрігінен төсіне дейін» деген мәтел[12] бар. Төстің беті әруақытта таза, жылтырап тұруы керек. Оның бетінде соғылған балғаның, шапқының дағы түспеуі керек. Бетіне әр түрлі соққыдан дақ түсіп, бедерленіп, ойылып, соғылып қалса, ол төстің иесін салақ адам екен деп, төстің өзін «шұбартөс» деп атайды. Соған байланысты «Төстің беті шұбар болса, Бұйымның өрнегі мұнар болар» деген сөз бар. Сол сияқты ел аузында:

«Жақсы ұстаның белгісі,

Балғамен төсін ұрмайды.

Әділ бидің белгісі,

Туғанына бұрмайды» деген сөз бар[7].

«Төс айылдың батқанын иесі білмес, ат білер,

Ағайынның қадірін жақыны білмес, жат білер» дегендегі **айыл** – ер-тоқым, ершік, ашамай, ыңыршақ тәрізді әбзелдер малдың қыр арқасынан ауып кетпес үшін бауырын орай тартатын, жалпақтығы екі-үш елідей таспа пішінді әбзел. Бұл мақалдың мәні көп ретте болмыстағы ауыртпалықтарды меңзегенмен, онтологиялық тұрғыдан дұрыс салынбаған айылдың атқа өте ауыр тиетіндігінен бастау алады[12].

«Жақсы – жастан шығады, Темір – тастан шығады», – деген сөздерден қай металдың қымбат екенін, тастан металл ажыратылатынын халық жақсы білген. Оны мынадай халық даналығы да дәлелдей түседі:

«Алтын да тас, тас та тас,

Алтындай болмас басқа тас...»[7].

«Орағың өткір болса,

Қарың талмайды».

«Болат үгілмес, морт сынады»

«Жаман пышақ өтер ме жаныса да,

Жаман сәлем берер ме таныса да» мақал.

«Шаштараз сөйлей қалса,

Ұстарасын жаныған қайрағын айтар» мақал[7].

Темірші, ұсталар өз қол күшімен көп еңбек етіп, металдан шаруашылық құрал-жабдықтарын (күрек, шот, балта, кетпен, пышақ), қару-жарақ (найза, қылыш, шоқпар) түрлерін, үйбұйымдарын (көсеу, ошақ), ыдыстар (қазан) жасаған. Мысалы: «Қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса», «Күйесіз қазан жоқ, қайғысыз адам жоқ» дейді қазақ. **Қазан** – тамақ пісіруге арналып қоладан, мыстан, шойыннан жасалатын ыдыс. Көтеріп қоюға ыңғайлы 2-4 құлағы бар[20]. «Қарудың қоғамдық қатынастарды белгілеудің мысалы ретінде қазақтың үш жүзінің символдық белгісі ретінде айтылатын заттардың ішіндегі, кіші жүздің жауынгерлігінің

символы болған найзаны айтуға болады. «Кіші жүзге найза бер де, жауға қой». Кейбір қару түрлері жекелеген қазақ рулары мен тайпаларының символдық белгісіне айналған[19]. «Балта сабынан аспайды» деген ұлағатты сөз бар[31]. «Қатын алсаң, қызылбастан ал, қылыш алсаң, Аспақаннан ал, ат алсаң, Арабстаннан ал» деген мақал бар. **Аспақаны қылыш** – қылыштың жасалған жеріне байланысты қойылған атау[12].

Сойыл да – шоқпар тектес құрал. Сойылдарды жаушылық, соғыс, төбелес, ұрысқа қолданған. Алайда, азулы аңдарды ұрып соғуға да пайдаланған. Қазақтар бұл құралды бертінге дейін қолданып келген. Сойылға қатысты тәмсіл көп. Онда біреуге жағымсынғандарға: «кімнің сойылын соғып жүрсің?» – деп жатады. Сондай-ақ, «сотқар сойыл жинайды», десіп жатады[3]. Түрлі түсініктердің, сенімдердің негізінде қаруға қатысты көшпелі халықтарда түрлі тыйымдар қалыптасты. Мысалы, қаруды себепсіз біреуге көтеруге болмайды. Ерте замандарда қаруды себепсіз көтергендерге түрлі қоғамдық санкциялар қолданылған. Қазақтарда да себепсіз қару көтеруге, кезеуге тыйым салынды, ал «жау кеткен соң қылышыңды боққа шап» – деген мақалдың астарлы мәні, жау кеткен соң, көтерілген қару, орнымен қолданылмаған соң, неге болса да шабылсын дегенді мағыналайды[19]. **Кез келген темірді қоршаған атмосфераның әсерінен ылғал сіңгендіктен тот басады.** Тоттанған темір бірте-бірте мүжіліп шіри бастайды. Содан «Тот – темірдің соры, Шер – көңілдің соры» деген мақал қалған[21].

Демек, ежелден қалыптасқан қазақтың ұсталық кәсібі, пір-әулие сияқты киелілік ұғымына қатысты ғұрыптық түсініктері, дін туралы мәліметтердің

төл мақал-мәтелдерімізде көрініс табуы заңдылық. Қолөнер бұйымдарының көбінің этномәдени болмысы олардың қолданыс мазмұнының мифтік танымға сай этнографиялық мәні негізінде ашылады[22]. Яғни, қолөнерге қатысты мақал-мәтелдердің халықтың салт-дәстүрін сүйген азаматтардың қызығушылығын арттыруға септігі мол, сондықтан оны этнографиялық ұғымдар дерегі ретінде пайдаланудың өзектілік маңызы жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұхамеджанұлы З. Қазақтың кесте өнері. – Алматы: «Алматыкітап»ЖШС, 2009.
- 2.Қалиев С, Оразаев М, Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.-Алматы: «Рауан», 1994.
3. Қ.Бикұмар. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Улаанбаатар.2013.
4. Ысқаққызы Ә. Сырмақ өнері. –Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2007.
5. Қазақтың киіз үйі. Атырау-London, 2005.
6. Тохтабаева Ш. Қазақ қолөнеріне байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері.//Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Ітом.-Алматы: «Арыс», 2005. -328 б.
7. Шоқпарұлы Д. Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. –Алматы: «Алматыкітап», 2007. -272 б.
8. Әлімжанова А.А. Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты. Филология ғ.к.дисс. –Алматы, 2008.
9. Қазақтың мақал-мәтелдері(кұраст.М.Аққозин).- Алматы:
- 10.Қазақтың мақал-мәтелдері(кұраст.Садырбайұлы С).

-Алматы: «Қазақ ун-ті», 2012.-230 б.

11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: «Дайк-пресс», 2008. -968 б.
12. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. II том. Е-И: -Алматы, 2012. -736.
13. Коканова Ж.А. Қазақ тіліндегі төрт түліктің түк және тері атауларының тілдік сипаты және этномәдени мазмұны. Филол.ғ.к.дисс. –Алматы, 2010.
14. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: «Өнер», 1987.
15. Дәркембай Шоқпарұлы. Этнограф. Сүйектерге жан бітсе...// «Ана тілі», 1994. 3 ақпан №5.
16. Бәсенов Т. Орнамент Казахстана в архитектуре. –Алма-Ата, 1957.
17. Смағұлов Е.М. Қазақтың ас беру дәстүрі: қоғамдық-әлеуметтік қызметі(XVIII-XIX ғ.ғ.деректер бойынша). Тарих ғ.к.дисс.Автореф. –Алматы, 2005.
18. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері.- Алматы: «Қазақстан», 1969.
19. Ахметжан Қ. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. –Алматы: «Алматы кітап» ЖШС, 2006. – 216 б, суретті.
20. Кейкін Жәрдем. Қазақы атаулар мен байламдар. – Алматы: «Өлке»,-2006. -456 б.
21. Қасымова С. Сан компонентті мақал-мәтелдердің ұлттық мәдени негізі.Филология ғ.к.дисс. – Астана, 2010.
22. Манкеева Ж.А.Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: «Жібек жолы», 2008.

Э. ПЕРТАЕВА,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент.
Тараз инновациялық-
гуманитарлық университеті.
Тараз қаласы

МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫНЫҢ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ ТУЫНДЫЛАРЫ

Мендібай Әбілұлының қазақ әдебиетіне, атап айтқанда, қазақ балалар әдебиетіне қосқан үлесі зор. М. Әбілұлының балаларға арналған әдеби туындыларын екі салаға бөліп қарастыруға болады:

1. Балаларға арналған әңгімелері;
2. Балаларға арналған қиссалары.

М. Әбілұлы, ең алдымен, балаларға арнап әңгімелер, онан соң өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, қиссалар жазды.

Сонымен бірге М. Әбілұлының қазақ сатирасында да алатын орны ерекше. Әзіл әңгімелері алғаш рет республикалық «Қазақ әдебиеті», «Азия» газеттерінде жарияланған. Ал 2018 жылы балаларға арналған «Ақ бантик» атты әңгімелер, фельетондар, өлеңдер мен жаңылтпаштар, қиссалар жинағы жарық көрді.

1973 жылы «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетіне «Түсім екен» атты тұңғыш фельетоны, 1975-жылы осы газетке «Ақ бантик», «Марстан телеграмма келді» атты әзіл әңгімелері,

«Қырғынның тақыры», аудандық «Ленин байрағы» газетіне «Сағыныш» атты әңгімелері жарияланды. Ал «Аңға оқ атпайды» атты әңгімесі «Қазақстан пионері» газетінің үздік әңгімелерге жарияланған конкурсында жүлделі орынды иеленді. Онан соң «Ақ желкен» журналынан «Анасыз сәби», «Тау басындағы оқиға» атты әңгімелерін мектеп оқушыларының сүйсіне оқығанын білеміз. Бұл туындылар М. Әбілұлын арман биігіне жетеледі.

1999 жылы «Ұлан» газетіне «Қоңыр қаз», 2004 жылы Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетіне «Талшын әженің соңғы ертегісі» атты балаларға арналған әңгімелері жарияланды.

«*Ақ бантик*» атты әңгімесі – жеңіл әзілге құрылған әдеби туынды. Сапар деген баланың қалай Сапаргүл атанып кеткенін сипаттайды. Әпсәтте езуге күлкі шақырады. Оқушылардың күлкіге шақыратын диалогтары, Сапардың сынып ішіндегі қимылы, ұйқылы-ояу бейнесі, шашындағы ақ бантигі өзіндік баяндау әдісімен беріледі. Бұл жерде М. Әбілұлы детальдарды ұтымды пайдаланған.

«*Марстан телеграмма келді*» атты әзіл әңгімесі де қызықты баяндалады. Тазша баланың қырық өтірігін еске салады.

М.Әбілұлы – балаларға арналған фельетон жазудың шебері. Оның 1973 жылы «Қазақстан пионері» газетіне жарияланған «Түсім екен» атты фельетонын мектеп оқушылары қызыға оқыды, ол туралы жазушы-ақындардың жазған зерттеу еңбектерінде кеңінен айтылады. Арадан қырық төрт жыл өткен соң жазған «Күлікбай неге қоян атанды?» (2017-жыл) атты балаларға арналған

фельетонының арасында үлкен сабақтастық орын алған.

Меңдібай Әбілұлының *«Қырғынның тақыры»*, *«Анасыз сәби»*, *«Тау басындағы оқиға»* атты әңгімелері ашаршылық кезеңдерде өз жерінде қорлық көрген адамдардың мүшкіл халдері кеңінен суреттелген. Әңгіме шынайы детальдарға сүйеніп сипатталады. Ашаршылыққа ұшыраған халықтың аянышты өмірі басты тақырып етір алынған. Бұл әңгімелер әдебиетіміздің асыл қорына енері сөзсіз.

М.Әбілұлы ұмытылып бара жатқан қисса жанрын қайта түлетті десек болады. Бұл салада ол қажымай, талмай қайсарлықпен еңбек етті, көз майын тауысып, халқымыздың рухани байлығын молайтуға назар аударды. Оның *«Тұмар патшайым туралы қисса»* деп аталатын қиссасы ең алғаш 2006 жылы 27-ақпанда А.Иасауи атындағы қазақ-түрік университеті Тараз институтының «Иасауи тағылымы» атты газетінде жарияланды. Бұдан соң балалар мен жасөспірімдерге арналған *«Алып Бауыржан туралы қисса»*, *«Алып Сәмен туралы қисса»*, *«Бала Жауғааштың ерлігі туралы қисса»*, *«Тарғытай батыр туралы қисса»*, *«Мөде батыр»*, *«Алтын домбыра немесе он төрт жасар Еділ (Атилла) туралы қисса»* атты шығармалары жарық көрді.

*Әкесі Қырбас деген ердің ері,
«Елім...» –деп еңірейді ер жүрегі.*

*Он үште жоңғарлардың бір батырын,
Ер Жауғааш жекпе-жекте өлтіреді, –*

деп басталатын *«Бала Жауғааштың ерлігі*

туралы қисса» атты шығармасы балалар әдебиетінің асыл қазынасына қосқан үлесі. Онан соң М. Әбілұлы:

Шежіреден сыр шертсем –

тыңдаңыздар,

Жауғааш жайлы елімде жүз аңыз бар.

Жүз аңызда Жауғааштың ерлігі бар,

Жүз аңызда Жауғааштың өрлігі бар...

– деп жырлады.

Бұл турасында филология ғылымдарының докторы, профессор И.Жеменей Меңдібай Әбілұлының қисса жанрын қайта түлетудегі еңбегін: *«Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері осы қисса жанрын қайта түлету үшін тер төккен Меңдібай Әбілұлының әдебиеттегі еңбектерін атап өтуге тиіспіз... Сөз жүзінде осы жанрды қайта түлетуді бастады және іс жүзінде оны орындап шықты...»* деп бағалаған [1, 174б.].

Ал, профессор Т. Байжанов: *«XXI ғасыр қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихындағы жаңа ғасыр болатынына сенемін... Ұмытылып бара жатқан әдеби жанрлар қайта түлей бастады. Осы жауапты да, ізгілікті істі Меңдібай қолынан келгенше өмірге қайта әкелді...»* [2, 12б.].

М. Әбілұлының қиссалары жайында ғалымдар Т.Тебегенов, И.Жеменей, Р. Садықбеков, Т.Мұқашев т.б. тұщымды пікірлер айтты.

Сақтардың батыр қызы Тұмар патшайымның ерлік істері үлкен шабытпен жырланады. Парсының патшасы Кирге (қиссада парсы патшасы Кир-Кіреуке деген атпен жырланады) Тұмардың айтқан сөзіне риза болып, қиссаны тебірене оқып

отырасың.

*–Ей, Кіреуке, қанқұмар,
Көздеріңде қан тұнар.
Тұмар ханым қозғалса,
Ауызыңды қан қылар!
Парсы халқы таң қалар,
Құрыдық деп зар жылар!
Жүрген жерің тар болар,
Алдың терең ор болар!
Артың биік жар болар!
Семсер алса хан Тұмар,
Етігің толы қан болар!..*

Сақтардың батыр қызы Тұмар патшайым туралы әлем жазушылары бірнеше әдеби шығармалар жазды. Ал осы сақ патшайымы туралы қисса алғаш рет жазылды. Шығарманың құндылығы да осында.

«Тарғытай батыр туралы қисса» – қызықты оқиғаларға құрылған, балаларды отансүйгіш рухта тәрбиелеуге баулитын шығармалардың бірі.

Тарғытай – тарихи тұлға. Ол ежелгі сақ дәуірінде өмір сүрген. Бұған дәлел – Тарғытайдың есімі көне дәуірден жеткен ғылыми еңбектерде көп аталады.

Бұл қиссада ежелгі сақтардың батыры Тарғытайдың балалық, жастық шағында жасаған қаһармандық істері сипатталады.

Шығарманың танымдық сипаты басым. Қисса: *«Скиф-сақ – қазақтардың бабасы еді // Кең байтақ Сарыарқасы – даласы еді...»* – деп

басталады. Сондай-ақ сақтардың Жетісуды, Әмудария мен Сырдария, Талас, Шу, Іле, Кеген, Нарынқол өңірлерінде, Каспий мен Арал теңіздері жағасында, Орал мен Алтай таулары баурайларын мекен еткені айтылады.

Тарихтың атасы деп саналатын Геродот туралы, оның сақтар туралы жазған еңбектері, қазақтың белгілі ғалымы Т.Жұртбайдың ғылыми-танымдық пікірлері жырланады. Бұл шығармадан балалар мен жеткіншектер тарихи тұлғалар туралы, халқымыздың ежегі тұрмыс-тіршілігі туралы көптеген мағлұматтар алады.

Шығармада он екі жасар Тарғытайдың елін сыртқы жаулардан қорғауға аттанардағы сөзі былайша өріледі:

*О, халайық, тыңдаңдар,
Жаудан қапы қалмаңдар!
Жаудан қапы қалсаңдар,
Жаулар жаман жалмаңдар!
Жалмаңдаса жауларың,
Қапы қалар арландар!
Қапы қалса арландар,
Еліміз қатты тырбаңдар!
Тырбаңдасып, сақтарым,
Мойындар жау шапқанын!..*

Тарғытай жау әскерімен жекпе-жекке шығып, жаудың аласұрған батырын жеңеді. Ол жекпе-жекке шығар алдында:

*Жекпе-жек!
Жекпе-жек!*

*Әділдікті қолдап ек,
Халқымызды қорғап ек!
Батырларды мақтап ек,
Намысты біз сақтап ек!
Жекпе-жсек!
Жекпе-жсек!*

–дейді.

М. Әбілұлының балалар әдебиеті тарихындағы тағы бір белесі – «**Мөде батыр**» атты қиссасы. Біздің дәуірімізге дейінгі 209-174 жылдары өмір сүрген Мөде батыр туралы балаларға арнап шығарма жазу – ақын өміріндегі үлкен бір белең. «Мөде батыр» қиссасы «*О, құрметті кішкентай оқырмандарым, қиссамды бастамастан бұрын Ғұн мемлекетінің әйгілі батыры – Мөде батыр туралы жазған «Мөде батыр туралы жыр» атты өлеңімді оқып, демалыңдар...*» – деп басталады. Ақын Мөде батырды былайша жырға қосады:

*Мөде-батыр, Мөде-хан,
Жаратылған асылдан.
Жаратылған асылдан,
Жаратылған ақылдан.
Келе жатыр аңыз боп,
Он екі мың ғасырдан.
Жауларымен соғысса,
Айласын ол асырған.
Дұшпандарын жеңген соң,
Ашуы оның басылған.
Басылмаса ашуы,
Жолбарыстай ақырған.*

*Шошынып жауы оянған,
Шырт ұйқыда жатырған.
Көз алдына елестеп,
Ұйқысыз таңын атырған.
Жауларына Мөде хан,
Қабыландай боп атылған.
Дұшпандарға Мөде хан,
Ашуланып ашынған.
Ашынған соң Мөде хан,
Мұздай қару асынған...*

Міне, жеті буыннан жазылған жырды оқып сүйсініп отырасың. Жауға деген ашу-ыза бойында от болып тұтанады. Жыр жолдары бірінен-соң бірі толқын артынан келген толқын сияқты бірін-бірі толықтырып отырады. Қиссаның маңыздылығы-шығармада он төрт жастағы Мөденің қаһармандық істерінің баяндалуында.

Тарихта ғұндардың Еділ деген қаһарман патшасы туралы ойып тұрып жазылған. Еділді еуропалықтар Атилла деп атап кеткен. М.Әбілұлы осы Еділ патшаның жас кезіндегі өмірін сипаттайтын «Алтын домбыра немесе он төрт жасар Еділ туралы қисса» деп аталатын шығарма жазды. Шығарма ел аузындағы аңыздар мен ертегілердің сюжеттері бойынша қағазға түскен. Ақын ғұндардың атақты патшасы Еділді былайша жырлайды:

*Ғұндардың бір патшасы Еділ еді,
Санамда терең ойлар көміледі.
Қолыма қалам алып Еділ жайлы,*

Бір қызық қисса жазғым келіп еді.

*Бабамыз Анарыс та көсем еді,
Гректер «Данышпан ол...» –деген
еді.*

*Мәжіліс болған кезде сөз сөйлейтін,
Элладада белгілі шешен еді.
Сырласаң тарихымен жері мұңлы,
Жаулары мойындаған Ұлы Ғұнды.
Зиялы Еуропаның қауымдары,
Аттила деп айтады Еділімді...*

Ертеде қазақта қиссашыл әдебиет деген болған. Кеңес өкіметі құрылған соң сол қиссашыл әдебиет жойылып кетті. Сол жоғалған қиссашыл әдебиет қайта түледі. Дәлірек айтқанда, қазақ балалар әдебиетінде жаңа серпіліс болды. Тап осындай серпілісті жасаған әріптесіміз, ғалым һәм ақын Меңдібай Әбілұлы. Ендеше нағыз кемеліне келіп, қазақ әдебиетіне шығармаларымен барынша үлес қосып жүрген, бүгінде алпыстың асқарына шыққан М. Әбілұлына шығармашылықтың шабытын тілейік...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Меңдібай Әбілұлы. Бес томдық шығармалар жинағы, 1-том, –Тараз: Формат-Принт, 2013. –205б.
2. Байжанов Т. Меңдібай Әбілұлының қиссалары туралы. Кітапта: М.Әбілұлы, «Есен Бисұлтанұлы туралы қисса». – Алматы: «Полиграфия сервис и К», 2007. –185б.

К. ҚАЙРУЛЛА,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясының оқытушысы,
гуманитарлық ғылымдар
магистрі.
Алматы қаласы

МЕҢДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫ – ЖИНАУШЫ ҺӘМ ЗЕРТТЕУШІ

Шалғай жатқан ел арасында халқымыздың фольклорлық мұралары көп сақталған. Қазақтың айтулы сөз ділмарлары, ақын-жыраулары мен асқан күйші-домбырашылары, туып-өскен өлкесін сыртқы жаулардан қорғаған батырлары аз болмағаны белгілі. Осы тарихи тұлғалардың есімдері, олар айтты деген сөздер мен көптеген ерліктері ұрпақ ауысқан соң ел есінен ұмыт болып, өткен уақыт еншісінде қалып бара жатыр. Ал оларды көзі көргендерден, ұрпақтарынан сұрастырып деректер жинап, кейінгіге жеткізу жолында еңбек еткендер көп емес. Осы жолда ерекше еңбегімен көрінген әдебиетшілердің бірі де бірегейі – Меңдібай Әбілұлы.

Оның ақын-жыраулар, діни ағартушы ишандардың өмірі мен шығармаларын жинауы 1990 жылдардан басталды. Әрине, қарақалпақ қазақтарының әдеби-музыкалық мұраларын Қазақстан ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Қарақалпақстандағы Н.Дәуқараев атындағы Әдебиет, тіл, тарих институттары тарапынан жинастыру оған дейін де болғанымен, халық

арасында назарға ілінбеген мұралар әлі де көп еді. Бұған әдебиетші-ғалым О.Нұрмағамбетованың *«Қазір қолымызда халық ауыз әдебиетінің жиналған қоры қанша болса, әзірге жиналып үлгермеген, ешкім біле қоймаған дүниеліктер – одан мол. Институт тарапынан қанша экспедиция шыққанмен олардың жергілікті жердегі жинаушыларға қарағанда мүмкіншіліктері әлдеқайда аз. Өйткені жергілікті жинаушылар халықтың күнделікті өмірімен тығыз байланысты, олар әрқашан халықтың ортасында...»*[1, 81-б], – деген сөзі дәлел. Аталған мекемелер ұйымдастырған фольклорлық экспедиция 1990 жылдарға дейін шықты да, кейіннен бұл жұмыс жалғаспай қалды. Сол кездерде халықтың рухани қазынасына жаны ашитын азаматтардың бірі – М.Әбілұлы өз қаржысымен ауыл-ауылдарды аралап, жеке экспедицияларға шығып, ел арасынан көп құнды материалдарды хатқа түсірді.

М.Әбілұлы жинаған материалдар үй архивінде том-том папка болып жатқан жоқ, сараланып, жүйеленіп республикалық, аудандық баспасөздерде жарияланды. Кезінде М.Ғабдуллин: *«Ауыз әдебиетін тудыратындар халық арасынан шыққан жыршы-жыраулар, ақындар десек, соларға айырықша көңіл бөлу, қамқорлық жасау қажет. Олардың еңбегін жинау, таңдаулы шығармаларын жарыққа шығару, газет-журнал, радио мен телевизия арқылы жариялатып отыру, үлкенді-кішілі мақалалармен қатар көлемді зерттеулер жазу керек»*[2, 32-б], – деп халық таланттарын

жазып алу, олардың шығармаларын сақтаудың, дәріптеудің маңызы жайында айтқан болатын.

М.Әбілұлы негізінен ұмыт бола бастаған дін қайраткерлері мен ақын-жыраулардың шығармаларын жинады. Ел арасынан тапқан материалдардың негізінде *«Әйімбет ишан»* (1995), *«Аңсатбай ахұн»* (2000), *«Насұрла ахұн»* (2001), *«Әбдіғаппар ахұн»* (2001), *«Бұхарбай ахұн»* (2000), *«Ешмұхаммед ахұн»* (2001), *«Жауырбай бақсы»* (2001), *«Шеріп ишан»* (2001), *«Дәуқара өңірінің діни-ағартушы қазақ ақын-жыраулары»* (2000), *«Қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық поэзия»* (2003) сияқты т.б. ғылыми және танымдық еңбектер жазды. *«Дәуқара өңірінің діни-ағартушы қазақ ақын-жыраулары»* еңбегінде аты аталған өнерпаздар мен діни қайраткерлердің халыққа есімдері таныс болғанымен, шығармалары, олардың өмір деректері нақты мәлім емес еді. Кітапта Әйімбет Қаймақбайұлы (1855-1937), Өтім Балтуғанұлы (1874-1931), Мыңбай Есмағамбетұлы (1886-1943), Омар Сейілұлы (1876-1921), Бекенқұл Ақымбекұлы (1844-1923), Ұлжан Бекенқұлқызы (1869-1953) сияқты тұлғалар жайында мол мағлұмат береді [3]. Оның *«Шеріп ишан»* атты ғылыми-зерттеу еңбегінің алғы сөзін жазған филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы: *«Меңдібай Шеріптің өлең-жырларын ел аузынан жинап, зерттеп, зерделеп, ғылыми пікірлер өрбітіп отыр. Әдеби мұралары ескерусіз қалып бара жатқан ғұлама ишанды іздеп, оны жарыққа шығарып, әдеби мұраларын өскелең*

ұрпаққа ұсыну – әрине, аз еңбек емес. Бұл әдебиетімізде мәңгі орын алып қалатын құбылыс. Әдебиеттану ғылымындағы жаңалық болып есептелінетін маңызы зор оқиға» [4, 3-б], – деп М.Әбілұлы еңбегінің бағалы екенін баса айтқан болатын. Расында, М.Әбілұлының еңбектерінде әдебиетші, тарихшылармен қатар өлкетанушыларға да қажетті тың деректер ұсынылған. Мысалы, қазақ тарихында 1929 жылы кеңес өкіметіне қарсы алғашқы көтеріліс болып саналатын Тақтакөпір көтерілісі жайында көптеген деректер жинаған. Көтеріліс басшысы Барлықбай жайында, оларды қолдап қару-жарақ берушілерді, олардың жасырын ұйымының «Шоқтораңғыл» деген жерде болғаны қақында мәліметтер кездеседі. Сонымен қатар «Бөршітау», «Шеріптұмсық», «Көкөзек», Шоқтораңғыл, «Нұрымтүбек», «Қаратерең» «Қайдауылкөпір», «Құсхана», т.б. жер-су атаулары молынан кездесіп, ол атаулардың тарихи оқиғаларға қатысы айтылады.

Қамыстыкөл жағасындағы Әйімбет ишанның мешіт-медресесі, Жалаңашқұмдағы Сайлыбай ишанның мешіті сияқты діни-ағартушы тұлғалардың ашқан оқу орындары туралы да жазады. Осылайша ұмыт болуға айналған Әйімбет Қаймақбайұлы, Бұхарбай Баймағамбетұлы, Насұрла Сайманұлы, Жарықбас, Мұстафа Есболатұлы, Аңсатбай Еділбайұлы, Жауғашар, Әкіш, Қожабай (Қозы), Сағидұлла, Жұмабек, Айымбет Науырызымбетұлы, Ешмұхаммед, Сейітназар, Рысбай Омарұлы сияқты ишан, Өтім Балтуғанұлы, Мыңбай Есмағамбетұлы, Көрпебай, Омар Сейілұлы, Бекенқұл Ақымбетұлы, Қорғанбай Есмырзаұлы, Ұлжан Бекенқұлқызы, Жанай Оспанқызы, Қуанышбай Жәнекеұлы тәрізді ақын, жыраулардың есімдері халқымен қайта қауышты. Танымдық, ғылыми

мақалалары «Қазақ елі», «Нұрлы жол», «Достық үні», «Өркен» «Тақтакөпір таңы», «Әмудария» басылымдарында жарияланды. М.Әбілұлы негізінен Бесқаланың солтүстігіндегі Дәуқара өңірінде жасаған тарихи тұлғалар жайында деректер жинастырды.

М.Әбілұлы жинастырып, жариялаған ғылыми еңбектерінде орысқа қарсы соғысқан Жанқожа Нұрмұхамедұлының жанындағы Өмір, Төлек, Асқарбай, Өтеп батырлар жайында ел ішінде айтылып жүрген, әлі хатқа түспеген мұраларды көнекөз қарттардың аузынан Өтім, Әбдімұрат жыраулар өлеңдерін жазып алып, ертедегі мұралардың сақталып қалуына үлес қосты. Оның зерттеген еңбектері мен жинаған деректерінің көбі әлі толық баспа бетін көрген жоқ, біршамасы қолжазба күйінде.

Зымыраған уақыт қаншама алтын көмбені өзімен бірге алып кетті. Сол қазынаның дер кезінде қадірін біліп, сақтап қалуға тырысқан Меңдібай Әбілұлының еңбегі уақыт өткен сайын құндылығын арттыра берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрмағамбетова О. Қазақ фольклорының жиналу, зерттелу жайы. Кітапта: Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. Алматы: «АН КазССР», 1973. – 313 бет.
2. Ғабдуллин М. Қазақтың советтік ауыз әдебиеті 50 жылда. Кітапта: Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. Алматы: «АН КазССР», 1973. – 313 бет.
3. Әбілұлы М. Дәуқара өңірінің діни-ағартушы қазақ ақын-жыраулары. Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 43 бет.
4. Әбілұлы М. Шеріп ишан. – Алматы: «Принт» баспасы, 2001. – 28 бет.

Ә.ТАСБОЛАТ,
Сарыағаш ауданының
№4 мамандандырылған
мектеп-интернатының
қазақ тілі мен әдебиеті
мұғалімі.
ОҚО, Сарыағаш қаласы

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ – БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Әлемнің ең дамыған елдері осы күнгі озық деңгейіне жетудің алғашқы адымын білім-ғылымды дамытудан бастағаны аз айтылып жүрген жоқ. АҚШ-тай алпауыттың, Жапония не Сингапурың болсын, әуелі білім жүйесінің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін күшейтті. Салаға реформалар жүргізді, өзіндік моделін қалыптастырды. Ал жеті өлшеп, бір кескен, жүйелі жосықталған жоспар жемісін бермей қалмады.

Озат отыздыққа бет түзеген еліміз де білім беру жүйесінде көптеген өзгерістерді жүзеге асыруда. Сала тізгінін ұстаған министрлердің жиі ауысуы, оқулықтарда қателердің биттей өріп жүруі, мектептердің толассыз эксперимент алаңына айналғаны БАҚ-та аз сыналмағанмен, негізгі бағыт – айқын, қадам – нық. Қазіргі оқушының миы жалаң, жадағай теория мен пәндік ережелерді сақтайтын қоймаға айналмауы тиіс. Теорияны тәжірибемен, пәндік білімді қыз-қыз қайнаған өмірмен ұштастыру – басты мақсат. Мұғалімдер қауымы қазір мектеп қабырғасындағы баланың функционалдық сауаттылығын арттыруға ден

қойды. Заман талабы осы. Елбасымыз айтқандай, бүгінгі заман бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман. Ой жарыстыратын заманда көнерген көзқарас көсегені көгертпесі күмәнсіз.

Білім беру мекемелерінде күн сайын өзгеріс. Сабак уақытының қысқаруы, оқу аптасының ықшамдалуы – соның бір парасы. Дегенмен, бұл қысқарулар саланың негізгі тұлғасы – мұғалімнің жұмыс ауқымын қысқартпасы хақ. Керісінше, жауапкершілікті еселей түсуде. Көбірек еңбектенуді, ізденуді талап етіп отыр. Ал ізденуден қалған мұғалім көшке ілесуден қалады. Ендеше, Елбасы Жолдауында атап көрсетілген «Өмір бойы білім алу» деген құндылық ең әуелі мұғалімнің өзіне ауадай қажет. Өйткені жаңартылған білім мазмұны жаңаны жатырқамай қабылдауға үндейді.

Жаңартылған білім мазмұнына көшу мұғалім міндетін ғана арттырып қойған жоқ. Ол оқушы моделінің де өзгеруін қалайды. Оның идеялық өзегі – білім алдымен оқушының тек өзіне ғана қажет екенін жан-жүрегімен сезінуі. Соған сәйкес бағалау жүйесі де өзгеріп, оқу мақсаттарына сай критериалды бағалау үрдісі енгізілуде. Бұрын мұғалімнің субъективті көзқарасы арқылы ара-тұра орын алып тұрған көтермелеп бағалау, яки, керісінше, әлдебір себептерге байланысты қасақана төмен баға қою тәрізді іс-әрекеттер тыйылуға тақау. Қалай десек те, білім беру жүйесінде ешқашан өзгермейтін бір құндылық бар, ол – академиялық адалдық.

Академиялық адалдық дегеннен шығады, көзіміз көргенді, көкейге түйгенді айтайық. Өйтпесе, «өз сөзім өзімдікі».

Біздің мектебімізде бұдан төрт-бес жылдай бұрын

бір АҚШ азаматшасы ерікті болып біраз уақыт қызмет істеді. Негізгі миссиясы ағылшын тілін үйрету, тілдік дағдыларды игерту болды-ау деймін. Ақжарқын мінезді бойжеткен көпшілдігімен лезде баурап алып, үлкенмен де, кішімен де жақсы араласуға тырысты. Көпшілігіміз тілін түсінбегенімізбен, жанының ізгілігін сезінгендей едік. Сол шетелдік ерікті (волонтер) біздегі академиялық адалдық қағидатының оқушы қанына сіңбегеніне қатты таңырқаушы еді. Ассистент ретінде сабаққа қатысқанда немесе ағымдағы, тоқсандық бақылау жұмыстары жүріп жатқан кезде оқушылардың мұғалім көзін ала бере жапа-тармағай бір-бірінен көшіріп жатқанын байқап қалса, түкке түсінбей дал болатын. Өзге орта, өзге елден келген, сондықтан бойына балалық шақтан дарыған білімге деген көзқарас та бөлектеу екені аңғарылатын. Оқушының ұрланып көшіруіне көзі үйренбеген ғой. Оған оқушылардың бұл әрекеті өте ерсі көрінетінін өзі де сан рет қинала айтқан-ды. «Білім баланың өзі үшін керек емес пе? Ал оны ұрлап, сыныптасынан я кітаптан мұғалімге байқатпай көшіріп, жақсы баға алғаннан не пайда? Үштік алған оқушы өз деңгейін анықтады, енді төрттікке жетуге талпынуы, ал төрттік алған оқушы өз деңгейін бестікке көтеру үшін әрекет етуі керек емес пе?» дейтін. Өкінішке қарай, еліне қайтар шағында да сол аң-таң қалпында кетті.

Теледидардан бұрынырақта көрген тағы бір көрініс есімде қалып қойыпты. Білім беру жүйесі қарыштап дамыған Корея еліндегі жағдай. Ондаған талапкер үлкен дәрісханада емтихан тапсыруға жиналған. Емтихан алушы бөлмеге кіріп, барлық тапсырмаларды таратты, қысқаша түсіндірді, берілген уақытты нұсқады да, көп кешікпей шығып кетті. Әр талапкер өзімен-

өзі әуре. Бірінен-бірі сұрап жатқан, яки қосымша құралдарды ұрлана пайдаланып жатқан ешкім жоқ. Емтихан уақыты аяқталған кезге дейін талапкерлер түгелімен емтихан парақтарын тапсырып, бөлмені босатты. Біліміне сай қаншасы жақсы баға алды, қаншасы нашар баға алды, беймәлім. Талып құлап, еңіреп жылап жатқан тағы ешкім жоқ.

Ал енді өзіміздегі көпшілікке етене таныс суретті көз алдыңызға келтіріңіз. ҰБТ тапсырғалы жатқан бітіруші немесе емтихан тапсырып жатқан студент. Бір ата-ананың ұлы не қызы, туысы делік. Өлгі ата-ана таң алагеуімнен біраз туыстарын, тілеулестерін ертіп тестілеу орталығына жанкүйер болып келеді. Оған дейін ұл-қызы не туысы жыл бойы ҰБТ-ға дайындалған. «Бала – болашақ. Оған құйған капитал – жоғалмайтын капитал». Ата-ана осылай деген де, жыл бойы бірнеше пәннен ақылы қосымша сабақтарға қатыстырған. Психологиялық тұрғыдан да жан-жақты қолдау көрсеткен. Онымен қоймай, тестілеуге кірер кезде қойны-қонышын шпаргалка, көпфункционалы смартфон тәрізді асай-мүсейге сықап, ішке кіргізген. Көп ұзамай емтихан да аяқталды. Бітірушілер түгел сыртқа шығарылды. Ендігі ата-ананың да, мұғалімнің де, оқушының да аузынан еститініміз бір-ақ сөз: аудиториядағы ахуал. «Бәлен аудиторияда кезекші қатал болыпты. Оқушыларды тырп еткізбепті. Бәленшенің шпаргалкасын тартып алып қойыпты. Айфонын кірер есіктен бірдеңе-сірдеңе етіп кіргізген-ақ екен, бірақ пайдалана алмапты. Содан аз балл жинап қалыпты» деген сияқты қауесет желдей есіп жүре береді. Сөйтіп, бар кінәні өзімізден емес, тестілеуді ұйымдастырушылардан, бақылаушылардан т.б. іздей

бастаймыз...

Міне, біз ең әуелі осындай індетпен күресуіміз керек. Оны әр мұғалім, әр оқушы, әр ата-ана алдымен өзінен бастағаны жөн. Біз баланың санасына балабақша, мектеп қабырғасынан академиялық адалдық қағидатын құйып өсіргеніміз абзал. «Мешкей деген жақсы ат емес». Білімді ұрлау, көшірмешілік те тап солай. Ал академиялық адалдық жоқ жерде шынайы нәтиже де жоқ. Миллиондап қаржы құйылып, ауқымды реформаларды жүргізіп жатқан білім беру жүйесі де тығырықтан шыға алмайды. Себебі, мектепте плагиаттыққа әбден үйренген бала ертең дәл сол жолмен білім грантын жеңіп алып, студент болған кезде де бұл дерттен арыла қоймас. Курстық жұмыс, диплом жұмысын көшіріп алуға бейім болып, емтиханда ұрлықшылықпен жақсы баға алуға жанын салады. Магистратурада да осы жағдай қайталанатын, соның нәтижесінде ұрланған кандидаттық, докторлық диссертациялар, авторлық құқықтар – зияткерлік меншік құқықтары болып жалғасып кете береді. Оның соңы, сөз жоқ, жең ұшынан жалғасқан сыбайластыққа ұласады.

Иә, бәріміз де – мұғалімбіз. Қандай мұғалім болмасын, оқушының плагиаттыққа жол бермеуін қадағалайды. Оған, сірә, дау жоқ. Бірақ, баланың психологиясында, ішкі жан-дүниесінде академиялық адалдық қағидатын берік орнықтырмай, дәлірек айтқанда, оқушыны жақсы баға алу үшін кез келген іс-әрекет тиімді деген жаңсақ пікірден ада-күде арылтпайынша, күтілген нәтижеге, жаңартылған білім мазмұнынан күтілетін түпкі нәтижеге қол арту мүмкін емес.

Мұғалімдерге көмек

Құрметті мұғалімдер!


Оқу бағдарламасына жыл сайын өзгерістер енуіне байланысты, сіздердің сабақ жоспарларыңызда да әртүрлі айырмашылықтар болатыны сөзсіз. Осыған байланысты Қызылорда қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі Қ.Б. Абуова өз әріптестеріне үлгі, көмек болар деген оймен сабақ жоспарын жіберген екен. “Бұл – **Айтылым дағдысына негізделген сабақ жоспары. Негізгі сақтау кезеңдерін** үлгіге алса болады, ал **бағалау** – жалпы білім беретін мектептерден өзгереді, себебі **10-сыныпта «Жетті», «Талпынды» бағалауы** арқылы жүзеге асады, ал жалпы білім беретін оқу орындарында **бағалау дескрипторлары арқылы** жүзеге асады,” – деп нақтылауымен бірге сабақ жоспарын сіздердің күнделікті қажымас қайрат талап ететін еңбектеріңізге тек абырой тілей отырып, жарияладық!

Редакция ұжымы

СУПЕРМАРКЕТКЕ ДЕГЕН СЕНІМ

Кәсіби даму мақсаты:	Оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып дарындылық қасиеттерін сараланған тапсырмаларды қолдану арқылы дамыту	
Сыныбы:10 Е Т2	Қатысқан оқушы саны: 9	Қатыспағаны: 0
Бөлім атауы:	Денсаулық үшін жасалатын таңдаулар	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	А1 Сөз көлемі және сөздік қорының алуандылығы. Менгерген сөздік қорын кез келген тақырыпта тиімді қолдана біледі.	
Сабақ мақсаты	Барлығы: тақырыпқа қатысты жаңа сөздер мен көркемдегіш құралдарды мағынасын түсінеді.	
	Көпшілігі: тақырыпқа қатысты жаңа сөздер мен көркемдегіш құралдарды айтылым тапсырмасында орынды қолданады.	
	Кейбірі: өзгелердің пікірін өз пікірмен салыстыра бағалайды.	
Тілдік міндеттер:	Тілдік мақсаттарыңызды белгілеңіз, соның ішінде қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерге мысалдар келтіріңіз. Пән лексикасы және терминология: ынсап – 1) совестьливость; совесть; честность; 2) умеренность, садақ – лук (оружие), илуу - гнутья, сгибаться, ию – раздобриться, сочувствие, кию – встравать, вмешиваться, борыштық – быть	

	должником, нарық - рынок, құнығу – 1) пристрастие; 2) жадничать, күзеу – 1) стричь; 2) отстригать, отрезать, саудаға салу - торговаться Диалог және айтылым үшін қажетті сөз тіркестер: Менің ойымша, өз сөзіме дәлел ретінде, негізінен, әсіресе, . . . деп ойлаймын, т.б.	
Бағалау критерийлері	Бағалау критерийі: 1. Меңгерген сөздік қорын кез келген тақырыпта тиімді қолданады. 2. Көркемдегіш құралдарды орынды қолданады. 3. Өзгелердің пікірін өз пікірмен салыстыра бағалайды.	
Құндылықтар:	Өзара сыйластыққа тәрбиелеу Оқушылар бір-бірінің пікірлерін тыңдай біледі, сыныптастарына құрметпен қарайды. Жеке, топта жұмыс істей алады.	
	Азаматтық жауапкершілігін тәрбиелеу Жаһандық азаматтық – бейбіт әлемнің белсенді қалыптастырушысы Құрмет – өзіне, өзгеге, өз еліне және бүкіл әлемге құрмет.	
Алдыңғы тақырып:	Тамақтану пирамидасы	
Пән аралық байланыс	Биология, салауатты өмір салты	
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы 2 минут	Қызығушылықты ояту кезеңі. I. Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттарын таныстыру. Сабақтың тақырыбын суреттер арқылы болжау.  II. Сынып оқушыларын 3 топқа бөлу: «Сыншылар», «Оптимистер», «Кеңесшілер»	Activ Inspire
Сабақтың ортасы 6 минут	Мағынаны тану кезеңі. Ж. Айтылым алды тапсырма:	

	<p>«Сауда арбасын толтырайық» ойыны арқылы оқушылар жана сөздер, тұрақты тіркес пен мақал-мәтелді игереді.</p> <p>Сынып оқушылары өздеріне таныс емес жана сөз, тұрақты тіркес пен мақалды сауда арбаларына салады, ол сөздерді сабақ барысында қолдану үшін дұрыс мағынасын, аудармасын табады. А, В деңгейлі оқушыларды С деңгейлі оқушы мұғалім ұсынған дұрыс жауап арқылы тексереді. Бұл оқушының көшбасшылық дарындылығын дамытуына септігін тигізеді, әрі сыныптастарының арасында беделін арттырады.</p>
	
	<p>Жаңа сөздер: ынсап – 1) совесть; 2) умеренность, садақ – лук (оружие), иілу - гнутья, сгибаться, ию – раздобриться, сочувствие, кию – встретить, вмешиваться, борыштық – быть должником, нарық - рынок, құнығу – 1) пристрастие; 2) жадничать, күзеу – 1) стричь; 2) отстригать, отрезать, саудаға салу - торговаться</p> <p>Тұрақты тіркестер: сау басына – на здоровую</p> <p>голову, еңбегін сауды – адал күнін кешті (честно заработовал), мұзға отырғызып кету – алдау (обманывать), жер қаптыру - алдау (обманывать), құрғақ әңгімемен қуырдақ қуыру - алдау (обманывать), қытығына тию – ашуландыру (разгневать), қызыл сөзден бал жағу – мақтау, мадақтау (хвалить), құлағын бұрау - үгіттеу</p> <p>Мақал-мәтелдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Арзан болса, Алушыдан ынсап кетеді. 2. Қымбат болса, Сатушыдан ынсап кетеді. 3. Үйдегі есепті базардағы сауда бұзады. 3. Сау басын саудаға салды.

15 минут	<p>4. Сауда садақпен тең, Иілсе бір түзелмейді.</p> <p>5. Бір сауда иіп кетеді, Бір сауда киіп кетеді.</p> <p>6. Саудада достық жоқ, Сәлемде борыштық жоқ.</p> <p>7. Арзан алдайды.</p> <p>8. Сауда әділ болмаса, нарық бұзылады.</p> <p>9. Саудагер құнықса, Сақалын күзеп сатады.</p> <p>ТЖ: Айтылым тапсырмасы. Дифференциациялық тапсырма. Топтық жұмыс. Бұл тапсырмада көшбасшылық танытуды В деңгейлі оқушыға беріледі. Тапсырманы өзара үлестіруде, топта түсінбей, не қиналған оқушыға қолдау көрсетуді өз жауапкершілігіне алады.</p> <p>1-топ: Instagram әлеуметтік желісіндегі @kritikakuzylordy аккаунтындағы қолданушының Қызылорда қаласындағы «Радуга» супермаркеті жайлы жазған сын-пікірін оқиды.</p> <p>А деңгейі: 1 мақал-мәтел мен 2 тұрақты тіркесті орынды қолданып, кейіпкердің сын-пікіріне ұсыныс айтады.</p> <p>В деңгейі: 1 мақал-мәтел мен 1 тұрақты тіркесті орынды қолданып, кейіпкердің сын-пікіріне қарсы аргументтер келтіреді.</p> <p>С деңгейі: 1 мақал-мәтелді орынды қолданып, кейіпкердің сын-пікіріне баға береді.</p> <p>2-топ: Facebook әлеуметтік желісіндегі Alikhan Zhaksylykov қолданушысының Қызылорда қаласындағы «Small» супермаркетінің онлайн қызметі жайлы жазған блогымен танысады.</p> <p>А деңгейі: 1 мақал-мәтел мен 2 тұрақты тіркесті орынды қолданып, кейіпкердің сын-пікіріне ұсыныс айтады.</p> <p>В деңгейі: 1 мақал-мәтел мен 1 тұрақты тіркесті орынды қолданып, кейіпкердің сын-пікіріне қарсы аргументтер келтіреді.</p> <p>С деңгейі: 1 мақал-мәтелді орынды қолданып, кейіпкердің сын-пікіріне баға береді.</p> <p>3-топ: WhatsApp әлеуметтік желісінде таратылған хабарламамен танысады. Ол хабарламада Қызылорда қаласындағы «Ажар сити» супермаркетінде мерзімі өткен өнімдердің сатылатыны жайлы, алданудың алдын алатын кеңестер ұсынылады.</p>
----------	---

9 минут	<p>А деңгейі: 1 мақал-мәтел мен 2 тұрақты тіркесті орынды қолданып, кейіпкердің сын-пікіріне ұсыныс айтады.</p> <p>В деңгейі: 1 мақал-мәтел мен 1 тұрақты тіркесті орынды қолданып, кейіпкердің сын-пікіріне қарсы аргументтер келтіреді.</p> <p>С деңгейі: 1 мақал-мәтелді орынды қолданып, кейіпкердің сын-пікіріне баға береді.</p> <p>Бағалау критерийі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Меңгерген сөздік қорын кез келген тақырыпта тиімді қолданады. 2. Көркемдегіш құралдарды орынды қолданады. 3. Өзгелердің пікірін өз пікірмен салыстыра бағалайды.
Қорытынды 3 минут	<p>Айтылымнан кейінгі тапсырма: «Егер... онда ... өйткені ...» әдісі арқылы тақырыпқа қатысты 1 құрмалас сөйлемді ауызша құру.</p>
Сабақтың аяғы 5 минут	<p>Рефлексия. Рефлексия алуды А деңгейлі оқушыға тапсыру.</p> <p>«Супермаркет кассасы» ойыны арқылы оқушылардың сабақта меңгерген білім-білік дағдыларын саралау. Рефлексия айтқан оқушыға «Жетті» сөзі жазылған чек беріледі</p>  <p>Айтылым тапсырмасын орындау арқылы мен меңгердім.</p> <p>Мен ... қолдандым.</p> <p>Мен ... сараладым.</p> <p>Мен ... жинақтадым.</p> <p>Мен ... бағаладым.</p> <p>Мен ... өмірде қолданамын.</p>

Қосымша ақпарат		
Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?	Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)
Дифференциацияны берілетін тапсырма, күтілетін нәтиже, қолдау көрсету, бөлінетін уақыт, қолданылатын дереккөздер арқылы жүзеге асыруға болады. Дифференциация сабақтың кез келген бөлімінде қолданылады.	Бұл бөлімді оқушылардың сабақ барысында алған білімдерін бағалау үшін қолданылатын әдіс-тәсілдеріңізді жазу үшін пайдаланыңыз.	Сабақ жоспарын құру үшін сізге өзге пән мұғалімдерінің көмегі керек пе? Берілген тапсырмалардың қайсыбірі оқушылардың қауіпсіздігіне немесе денсаулығына қауіп төндіре ме? Оқушылар сабақ барысында өздерінің АКТ дағдыларын дамыта ала ма? Осы сабақ барысында НЗМ құндылықтарын дамытуға қандай мүмкіндік бар?
Ойлан Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?	Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.	
<p>Жалпы баға Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?</p> <p>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағымда дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?</p>		

Ж. КАБАШЕВА,
Қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі,
Айдархан жалпы орта білім
беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Жаңажол ауылы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ӘДІС- ТӘСІЛДЕР

2018 жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық азамат қалыптастыру қажеттігін нақты атап көрсетті. Ана тілін, тарихын құрметтеу отбасы тәрбиесінен басталып, мұғалімнің тіл мен әдебиетті оқытуымен ұштасады. Әдебиеттің бала санасының жетіліп, заман талабына сай сөзге шешен, іскер азамат болып қалыптасуына ықпалы зор. Оқушының рухани дамуы мен өсуі, адамдармен қарым-қатынасын ізгілендіру – әрбір мұғалім парызы. Қазіргі кезде ұстаздарды толғандырып жүрген түйінді мәселелердің бірі – оқушыларды сыныптан тыс кітап оқуға тәрбиелеу. Кітап оқу – әдебиетке деген қызығушылығын, жазбаша, ауызша сөйлеу дағдыларын дамытып, өмір құбылыстарын түсінуін, көзқарасын кеңейтеді. Мұғалім баланың кітап оқуға құмарлығын арттыру үшін физиологиялық, психологиялық тұрғыдан жетілуін зерттегені дұрыс. Кітапты жүйелі

оқып, саралап, таңдап оқыған жеткіншек қиялдағыш, арманшыл келеді. Қиялшыл, фантазиялық ойларға бейім орта буын оқушыларын шығармашылыққа баулу да жеңіл. Орта буын оқушыларының жоғары сынып оқушыларына қарағанда қызығушылығы, еске сақтау қабілеттері жоғары екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген. «Орта буынды шығармашылық мүмкіндігі зор, шығармашылықпен тұрақты белсенді айналысуға икемді жас деуге болады» – деп Л.Выготский баға берген. Бастауыш сыныпта ертегілер мен қысқа әңгімелер оқумен шұғылданып, тек мазмұнын түсінуге ұмтылса, орта буында түсініп қана қоймай мәтінді талдау, ой қорытумен айналысады. Аналитикалық талдау жасау арқылы шығармашыл тұлғаға айналады. Шығармашыл тұлға бұл өз бетімен ізденеді, болжам жасайды, салыстырады, жақсы мен жаманды ажыратады. Белсенді дербес ізденіс көптеген сұрақтардың шешімін табуға жұмылдырады. Әдебиет пәнінде қысқаша үзінділер ұсынылып, түпнұсқадағы сөлінен айырылып, негізгі ой ғана жеткізілетінін оқушыларға мұғалімнің түсіндіргені жөн. Нағыз оқырманға айналу үшін шығарманы толық оқытқан дұрыс. Дегенмен кітап, газет-журнал оқуға баулу оңай емес. Қажет ақпаратты ғаламтордан алатын баланың кітап оқуға қарсы айтатын уәжі бар. Оқушының әдеби шығармаға құштарлығын «оқы, оқы» деген жалаң сөзбен оята алмайсың. Қазақ халқының ағартушы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы *«Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек»* деген даналық сөзін сыныптан тыс оқытуда да басшылыққа алған ұстаздың кәсіби шеберлігі арта түседі. Мұғалім бұл жерде «бағыт-бағдар беруші, үйретуші» рөлінен ауытқымай, баланың даму деңгейіне әсер ететін

белсенді әрекеттерді жүзеге асырады. Кітап оқуды игерудің тиімді тәсілдерін таңдап алып, шәкіртпен бірге ұстаз да белсенді әрекеттерге көшуі қажет. «Жеңілден күрделіге» деген тәсілді ұстану тиімді. Сынып оқушыларына қызыға оқитындай алдын-ала іріктеле ұсынылатын шығарманың эмоцияға толы сөйлемдерін оқып, оқиганың ең әсерлі шарықтау шегін әңгімелеп беру, белсенділігін ұйымдастыру көздеген мақсатқа апаратын жолдың бірі. Жас ерекшеліктеріне қарай бірнеше шығармадан үзінді ұсынылады.

1). «Сен, жалмауыз обыр, әкенді жұтып, енді қарайған малыңды жұттың. Бүкіл бір үйдің малы сенің киімің мен тамағыңнан артылмайды. Шешен мен екеуің әкенің дүниесін құрттыңдар, – деп балағаттап, Көркемтайды жылатып жіберетін» (Сәбит Дөнентаев «Көркемтай» әңгімесі).

2). «Қасым ұйықтаса, бақытқа жеткендей болып, өзін алдына алып, сүйіп, уатып, көзін сүртіп жүрген әке-шешесін көруші еді» (Мұхтар Әуезов «Жетім» әңгімесі).

3). «Сол түні мен жөндеп ұйықтай алмадым. Біресе ұйықтап, біресе оянып, біресе қалғып, таң атқанша өзіммен-өзім арпалысып шықтым. Түсімде капитан қыр соңымнан қалмады. Әскери биші болып түсіме бір кірді, шынтағы дірілдеп, иығы қомданып, жон арқасы дөңгеленіп, ең ақырғы келгеніндей бет-аузы түк басып, көздері қызарып, «өлімге болса да жұмсаңыз» деген сияқты оның бейнелері мені түн бойы мазалады» (Бауыржан Момышұлы «Жон арқа» әңгімесі).

4). «Қандай тамаша! – деді Мұрат. – Солдат болған жақсы ғой.

Қасында тұрған Садық оған: – Сені әскерге ала қоймас, – деді. Осыны айтып ары бұрыла берген Садықты Мұрат иығынан тартып қалып :

– Неге? – деді.

– Өйткені әскерлер дәу-дәу (Садық дәу-дәу деген сөзді айтқанда иығын көтеріп. Екі қолын ұшатын құстай қомдап қойды).

– Сен кішкентайсың, арықсың. Екі күннің бірінде ауырып қаласың» (Бердібек Соқпақбаев «16 жасар чемпион» повесі).

Шығармадан алынған үзінділер оқушы әрекетін ұйымдастыруға, өз бетінше оқуға, оқиғаның қалай дамып, қалай аяқталатынын білуге ынтасын оятады. «Оқиғалар қалай өрбиді?» деген тақырыппен болжам жасатып, қонструктивтік білімнің негізі қаланады. Конструктивтік білімнің сыныптан тыс оқытуда қолданылуы белсенді әрекеттерге, шығармашылық дағдыларын көрсетуге, жетілдіруге мүмкіндік туғызады. Проблемалы оқыту немесе Блум таксономиясының деңгейлері бойынша да мәтіннен тапсырмалар ұсынып, көркем әдебиетке деген ынталарын арттыру оқушының «білсем» деген құштарлығын оятады. Үзіндідегі іс-әрекет пен оқиғаны көз алдына елестетіп, оларды ой-өрісінен өткізеді. Бұл әрекет Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту бойынша қызығушылықты ояту болса, оқушының көзқарасы тұрғысында ой елегінен өткізу болып табылады.

Көркем шығармаларды көтерген проблемаларына қарай біріктіріп ұсынуға да болады. Тақырып ортақ, қым-қиғаш сюжет, кейіпкерлер әртүрлі. Мысалы: Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары», Оралхан Бөкеевтің «Тортай мінер ақбоз ат», Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» Мұхтар Әуезов түрен *(соқаның жерді жырталатын тісі, пышағы)* салған қорғансыз жетімдер тағдырын бейнелейді. Патриоттық сезімді, жанқиярлық ерлікті баяндайтын Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов шығармалары Отан үшін от кешкен қарапайым жандардың ерлігін суреттейді. Әрбір шығарма өмір мен адам психологиясына байланысты әдебиет динамикасына толы. Кейіпкерлердің жан дүниесіне үңіліп, көңіл сырын ұғуға тырысу психологиялық талдауға алып келетіні белгілі. Қайырымды, жаны жомарт жандар мен қатігез қара бастың қамын күйттегендердің ара жігін ажыратып, жазушының кейіпкерлердің ішкі сезім дүниесін риясыз бейнелеуін оқырман шәкіртке ұғындыру ұстаздың әдіс-тәсілдеріне тікелей байланысты. Әдеби туындылардың ерекшелігін төмендегі әдіс-тәсілдерді орынды қолданып меңгертуге әбден болады.

Т-кестесі – кереғар пікірлер мен деректерді келтіру («келісемін/келіспеймін», «басы/аяғы», «қарсымын/жақтаймын», «маңызды/маңызды емес», «себебі/салдары» т.б.) немесе салыстыруға арналған жазу кестесі.

«Шығармадағы мәселелер» кестесі
– мәтіндегі оқиғаның шығу себептері мен

қиындықтары, олардың шешімі.

Ситуациялық талдау – көркем туындының ішіндегі проблемалық ситуацияны шешудегі жазушының шешімдерін талқылайды.

Имитациялық ойындар – шығармадағы қалыптан тыс (экстремальды) жағдайларды анықтап, кейіпкерлердің іс-қимыл әрекетінің моделін құру.

Рөлдік ойындар - кейіпкерлер бейнесіне ену, мінез-құлықты шынайы сомдап, әртістік қабілетін шыңдау.

Академиялық дау-дамай пікірталасы – көркем туынды бойынша жазушының шешіміне қарама- қарсы пікірдегі шағын топтарға бөлініп талқыға салады. Әр топ өз позициясын қорғап дәлелдермен бөліседі, қарсы жақ мұқият тындап, қарсы пікірді қағазға түртіп отырады. Туындаған талас пікірлері мен ойларын ортаға салып, өз пікірлері мен ұстанымдарын жақтап әрекеттері бойынша есеп береді. Соңында пікірталас тоқтатылып, шығарма авторының шешімі қорытынды шешім болып қабылданады.

Әдіс-тәсілдер мұғалімнің таңдауына қарай алынады. Оңтайлы әдістермен көркем туындының қуатын сезініп, мазмұндық, теориялық, проблемалық талдау жүргізіп, жазба жұмыстарын орындатқан абзал.

Оқыған көркем туындыдан алған әсерін шығармашылық тұрғыда жазу оқушылардың таным белсенділігін, дүниетанымдық көзқарасын арттырып, жазу дағдысын қалыптастырады.

Көркем туындының идеялық-эстетикалық қуатын танытатындай сыныптан тыс оқу сағаттарында шығармашылық жұмыстар жүргізуге болады. Жазба жұмыстарын (эссе, шығарма т.б.), пікір, авторға хат, кейіпкерлерге мінездеме жаздыру оқыған туындыларына сыншылдықпен қарап, бейнелі түрде суреттей білуіне жол ашады. Танымдық қабілеттері ашылып, сөздік қорлары молайып, шығармашылық қажеттіліктері артады.

Қорыта айтқанда, «артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деген Абайдың даналық сөзін бала жанына енгізуге ұмтылған ұстаз үшін оқушыларды көркем әдебиет оқуға баулу кезіндегі кедергілерді жою қиын емес. Мұғалім балалардың сыныптан тыс шығармаларды жүйелі оқуын бақылап, оқу барысында алған әсерін құрғақ, жаттанды тілмен баяндауына жол бермегені жөн. Сонда ғана азаматтық көзқарасы қалыптасқан, айтар пікірі бар, бәсекеге қабілетті, ділмар шәкірттеріміз көп болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.М.Әуезов. 12 томдық шығармалар жинағы- Жазушы баспасы.1967ж.

2.С.Дөнентаев. «Ұрпағыма айтарым» - Жазушы баспасы. 1989ж.

3.Б.Момышұлы. II томдық шығармалар жинағы- Жазушы баспасы.2004ж.

4.С.Мұратбеков. Екі томдық шығармалар жинағы- Алматы баспасы. 1986ж.

5.А.Әлімов «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер»- Астана. 2014ж.

А.ҰЛМАҒАМБЕТОВА,
Қандыағаш қалалық
№2 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы,
Қандыағаш қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ЭССЕ ЖАЗУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Эссе жанры қазіргі заманда барлық мамандықтағы адамдар үшін негізгі іскерлік қарым-қатынас жасаудың, табысқа қол жеткізу үшін өз жаңалығын жүзеге асырудың, басқа адамдардың ой-пікіріне көзқарасын білдіру үшін ең негізгі жазу түрі болып қалыптасып отыр. Қазіргі мектеп оқушысы- келешек маман, ол қандай салада болсын өзінің шешімі мен тұжырымын сауатты бере алатын, ауызша да, жазбаша да талаптарға әрі уақытқа сай ойын толғай алатын маман болуы тиіс. Мектеп мұғалімдеріне ұсынылып отырған бұл көмекші құрал сондай өткір мәселені шешуге көмек болады. ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша әлемдегі ең сауатты адам берілген тақырыпқа 500 сөзден астам көлемде өз ойын әдеби тілмен бере білген адам болып табылады. Сол себепті болашақ маман мектеп қабырғасында эссе жазуға қалыптасып, қай мамандық иесі болса да тұжырым жасай алатын тұлға болуы керек. Қазіргі кезде барлық бағытта эссе жазылып жүр. Сондай эссе жазушыларға көмек ретінде ұсынылып отырған жұмыстың нәтижесі – алғашқы жылдардан қалалық байқаулардан алған жүлделеріміз.

Эссе дегеніміз (фр. тіл. *essai* – тәжірбие, лат.т. *exagium* – құрау) – философиялық, әдеби, тарихи,

публицистикалық, әлеуметтанушылық, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін. Жанр ретінде енгізген 1580 ж. Мишель Монтень болатын, ал «эссе» сөзін бірінші рет қолданып, осы жанрда 1597 жылы Френсис Бэкон кітаптарын жазып шығарды.

Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде эсеге: *«Эссе – бір нәрсенің әсерінен болатын толғаныстан туған шағын әдеби шығарма»* деген анықтама берілген.

Классикалық эссе – бұл еркін тақырыпқа жазылған, көркемдік қиялдан азат қысқа көлемді шығарма.

Эссенің мақсаты – әртүрлі тезистер, дәлелдер келтіре отырып, берілген тақырыпты ашу. Онда нақты айғақтар беріліп, мысал келтіріледі.

Эссе – жеке әсер етуді және нақты сылтау бойынша пікір ойды білдіретін *кішкене көлем мен еркін композицияның шығармасы*.

Эссе екіге бөлінеді:

1). *субъективті; негізгі мақсаты – авторды жан жақты ашу, таныту.*

2). *объективті; негізгі мақсаты – белгілі бір ғылыми тақырып бойынша автордың көзқарасын ашу, таныту.*

Эссенің классификациялары.

Мазмұны жағынан эссе төмендегідей болады:

- философиялық,
- әдеби- сындық,
- тарихи,
- көркемдік,
- көркемдік-публицистикалық
- рухани-имандылық және т.б.

Қалыптары бойынша эссе төмендегідей болады:

- пікірсараптық,

- лирикалық миниатюрлық,
- ескертпелер,
- күнделіктен жазбалар,
- хаттар және басқа.

Эссе былай бөлінеді:

- сипаттамалық,
- баяндамалық,
- рефлексивтік,
- сындық,
- талдаулық және басқа.

Қолданылуына қарай: әдеби жанрда, білімді бақылау әдісі ретінде, батыс елдерінде ЖОО-ға түсуде талап етіледі.

Жазылу көлемі:

5-сынып 70 -80 сөз

6-сынып 80-90 сөз

7-сынып 90 - 100 сөз

8-сынып 100 -150 сөз

9-сынып 150 - 200 сөз

10-сынып 200 - 300 сөз

11-сынып 300 - 400 сөз

ЖОО-дағы студент 500 сөз немесе 1-2 беттен 20 бетке дейін.

Мінсіз эссе жазудың дайын ережесі жоқ және болмайды да, бірақ эссе жазу дағдыларын жүзеге асыруға көмектесетін ережелер мен нұсқаулар бар.

Ең алдымен өзіңнің хабарлайтын, жазатын, ой толғайтын, талқылайтын нәрсең туралы анық білуің керек. Сондай-ақ, эссе жазуға итермелеген не нәрсе, эссені кім оқитынын түсіну өте маңызды. Оқырманның назарын өзіңе аудартатын, мүмкін болса, қарсы жауап реакциясын тудыратындай өз ойыңды, сезіміңді, көңіл-күйіңді жеткізу үшін мәнерлі, мазмұнды, күшті сөздерді дұрыс таңдай білу керек. Эссе жазатын адам үшін ең маңызды қасиет – тілді еркін меңгеру, басқалардың сезіміне әсер ететіндей дәл, анық бейнелі етіп

сабақтастыра жаза білу.

Эссе жазу кезеңдері: Проблеманы анықтау – ойлану – жоспарлау – жазу – тексеру.

ЭССЕ жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс ТАЛАПТАР:

- Жеке көзқарастың көрінісі;
- Деректі дәйектер (аргументтер);
- Теоретикалық негіздеме;
- Терминдерді қолдану;
- Цитаталарды келтіру.
- Өртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
- Логикалық заңдылықтың сақталынуы;
- Салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану;
- Сауаттылық (пункт., орфогр.).

Жиі кездесетін қателер:

1. Проблема ашылмайды;
2. Автордың жеке ұстанымы көрінбейді;
3. Теоретикалық негіздемесі жоқ;
4. Терминдерді орынсыз, сауатсыз қолдану;
5. Тым қарапайым өмірдің мысалдары көп;
6. Ауызекі сөздер, диалект, слэнг, жаргон сөздер;
7. Келтірілген мысалдар автор ұстанымына қайшы;
8. Қорытындылау, түйін шығару деген жоқ;
9. Логиканың болмауы.

Эссе жазуға қалай дайындалу керек?

Эссе жазуға кіріспес бұрын ең алдымен мына сұрақтарға жауап беру керек сияқты: «Мен неге және не үшін жазып отырмын?», «Менің жұмысымды кім оқиды?», «Мен қандай идеяларды айтқым келеді?», «Маңызды ақпаратты мен қай жерден іздеп таба аламын?», «Мен оқырмандардан қандай пікірлер мен іс-әрекеттерді күтемін?»

Эссе жазудың нақты мақсаты қандай?

Ол:

-Белгілі мәселе бойынша өз пікірін айту және дәлелдеу;

- Сұрақ бойынша өзінің түсінігін, ойын айту;*
- *Оқырмандарды ақпараттандыру;*
- Мәселені талқылау және шындықты табуға тырысу;*
- Өзінің және оқырманның көңілін толтыру, рақатқа бөлеу;*
- Көңіл-күйіңді білдіру және оқырман көңілін аудару, эмоция тудызу;*
- Іс-әрекетке түрткі болу.*

Сіз өзіңіздің эссеңіздің қандай нәтиже көрсететінін білгіңіз келе ме? Мұны тексерудің бірнеше жолдары бар: мәтінді дауыстап оқу, өз жазғаныңызға оқырманның көзқарасымен қарауға тырысу, ең соңында адамдардың пікірін білу.

Әр уақытта адам сөзімен құнды екенін естен шығармауы керек. Мақсат нәтижеге жету құралдарын анықтайды. Автор нәтиже шығатындай жағдайға дейінгі көлемде жазуы тиіс. Адам өзінің алдына қойған мақсатын білсе және өзінің жазба еңбектерін осы тұрғыдан қарастырса, мәтін түсінікті және айқын болады.

Болашақ оқырмандардан құралған топтардың жалпы ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың құндылығы мен эссенің тақырыбына деген өз көзқарастарын анықтауға тырысу керек.

Бұл тәсіл оқырмандарға ақпаратты қалай қызықты етіп беруге, оны түсінікті, нақты, дәлелді түрде қалай баяндауға және қойылған мақсатқа сәйкес оқырмандарға қалай ықпал жасауға болатынын анықтауға көмектеседі.

Қандай ақпаратты хабарлап, қандай идеяны айтқыңыз келетінін айқындай отырып, өзіңізге эссе тақырыбының маңыздылығына баса назар аударуға көмектесе аласыз.

Сіздің ойларыңыз, сезіміңіз, көзқарасыңыз және ұсыныстарыңыз аналогия, ассоциация, болжау, пікір, пайымдау, дәлел және т.б. түрінде берілуі мүмкін. Кейбір идеялар ерекше дәлелдемелерді қажет етпейді, ал кейбіреулері дәлелсіз және деректерсіз болады. Сондай-ақ,

тақырыпты зерттеу барысында автор өзінің хабарлауына енгізгісі келетін жаңа идеялар мен жаңа ойлар туындауы мүмкін. Эссе мазмұнын құрайтын автор ұстанымының негізіне автордың жеке әсері, толғанысы жатуы мүмкін бола тұра, эссе авторына (әсіресе жаңа бастаған) қосымша ақпараттар артықтық етпейді. Эссенің тақырыбы қажет материалды қайдан іздеуге көмектеседі. Бұл кітапхана, интернет ресурстары, сөздіктер, анықтамалықтар, қайта оқып шығуды қажет ететін бұрын оқылған кітаптар болуы мүмкін. Сондай-ақ жанындағы адамдардан алынған ақпараттар да қажет.

Келесі кезең – дайындық: ақпараттарды жинақтау, тезистерді құрастыру, жұмыстың құрылымын, баяндау тәсілін анықтау.

Ақпараттарды жинақтау көп уақытты алады: деректерді тексеру керек, өнімді идеялармен істеп жатқаныңызға көз жеткізуіңіз керек, бар материалдарды ретімен қойып, қайта саралап, қарап шығу керек. Кейбір мәліметтерді алып тастап, басқаларын кеңейтуге тура келеді, қандай жағдайда да не жинай алғаныңызды жүйелеп жазуыңыз керек.

Тезистер жұмыста ұсынылатын ақпараттарды жүйелеуге, идеялардың арасындағы сәйкестіктер мен сабақтастықты анықтауға көмектеседі. Ең жақсысы эссе жазуда көздеген мақсатқа жетуге көмектесетін маңызды ақпараттың өзін тандаудан бастаған дұрыс. Содан соң, одан да басқа маңыздырақ ақпараттар алынады.

Қорытындыға тілдік клише:

- *Осылайша, жоғары баяндалғандар негізінде қорытынды жасауға болады ...*
- *Қорыта отырып, айтқым келеді ...*
- *Жоғары баяндалғандар негізі келесіге тіркеледі ...*
- *оқылған мәтіннің негізінде тұжырым жасауға болады...*

- *Айтылғандарды қорыта отырып, айтуға болады ... Бұдан ... шығады*
- *Мен мәтіннің авторына шынымен ризашықтығымды білдіремін, өйткені ол мені ... ойландырып тастады*
- *Бұл мәтін мені тағы да ... екеніне сендірді*
- *Қорытындыда мен автордың тырысқаны бекер кетпегенін айтамын, олар менің ішкі дүниемді мәселелерді жақсы түсінуге үйретті.*
- *Бұл мәтін мәселеге терең үңілуге, біздің өміріміздегі маңызды нәрселерді қайта бағалауға үйретті.*

Ақырында эссе жазу барысында қажет болатын бірнеше кеңестер береміз:

1. Мәтіннің жанрын анықтауда сақ болыңыз: оны әңгіме немесе статья деп атауға асықпаңыз, өйткені сіз қате жіберіп алуыңыз мүмкін. Мәтін, фрагмент, үзінді сөздерін қолданған дұрыс.

2. Егер сіз авторлық неологизмді қолдансаңыз, оны міндетті түрде тырнақшаға алыңыз, әйтпесе мәтінде бұл сөз грамматикалық қате болып есептелінеді.

3. Этикалық нормалады сақтаңыз: дәрекі, балағат сөздерді қолданбаңыз.

Эссені келесі жоспармен жазу керек:

- Қарастырылатын мәселемен байланысты берілген мәтіннен цитата

Өмірлік тәжірбиені қолдана отырып:

- Менің қарапайым өмірлік тәжірбиеме қарамай, осыған ұқсас жағдайды есіме түсіремін (менің досым, сыныптасым, жерлесім) ...

- автор өмірбаянының, көзқарастарының, сенім-нанымның деректеріне көз салу

II. Мәселені тұжырымдау:

Мәтінде «мәселе» сөзі (немесе «сұрақ») міндетті түрде айтылуы керек.

Сондай-ақ келесі тілдік клишелерді қолдануға болады:

Мақұлдау	Бейтарап ұстаным (деректер констатацияс)	Айыптау, мінеу
Автор таңданады...; ұтылады...; сұқтанады...; бізбен бірге қызықтауға шақырады...; болып жатқандарға қызықтай бақылап отырады...; мейірімді дос және ақылды кеңесші ретінде, автор бізбен бірге әңгімелеседі	Автор... туралы ойлайды, оқырманды диалогқа ...шақырады, өз ойларымен бөліседі, оқырман алдына маңызды көкейкесті мәселені қояды, өмірлік күрделі (философиялық) ұғымдарды түсіндіруге тырысады.	Автор... туралы жүрегі езіле отырып жазады, ...туралы қинала отырып айтады; Автордың ... наразылығын тудырады; Автор... келісе алмайды, Ащы мысқылмен ... туралы жазады ; Өзінің ...эмоциялық көңіл-күйін, автор қобалжыған ойларын мазасыз қорытындымен жазады

Эссенің құрылымы және жоспары

Эссенің құрылымы оған талап қойылатындығымен анықталады:

1. Эссенің авторының ойы қысқаша тезистер қалпындағы мәселелер бойынша баяндалады.

2. Ой дәлелдермен бекітілуі керек, сондықтан да тезистен кейін дәлелдер беріледі. (Мысль должна быть подкреплена доказательствами, поэтому за тезисом следуют аргументы).

Дәлелдер – бұл фактілер, қоғамдық өмірдің, оқиғалардың, өмірлік жағдайлардың және өмірлік тәжірбиенің, ғылыми дәлелдеулердің, ғалымдардың пікірлерге бағыттапталарының құбылысы.

Әр тезистің пайдасына екі дәлел келтіргеніміз жөн: бір дәлел нанымсыздау болады, үш дәлел жанр түрінде орындалып, қысқаша және образдауға

бейімделген баяндаманы күрделендіріп жібереді. Осылайша эссе дөңгеленген құрылымға айналады (тезистер мен дәлелдердің саны тақырыпқа, таңдап алынған жоспарға, ойдың қисынды дамуына байланысты):

- *кіріспе*
- *тезис, дәлелдер*
- *тезис, дәлелдер*
- *қорытынды.*

Тезистерді мағыналы әңгімеге қалай айналдыруға болады?

Жүйелі ақпарат, идеяларды нақтылайтын деректер болып, автор оларды қандай реттілікпен ұсынатынын білсе, сонымен қатар өзінің хабарламасымен қандай нәтижеге жеткісі келетінін көре білсе, тезистерді ойлы, мағыналы баяндауға айналдыру қажет.

Көп жағдайда ауызша және жазбаша хабарламалар үш негізгі композициялық бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

Оқырманды қызықтыру үшін *кіріспе бөлім жанды, нақты, күшті және мінсіз (өзіндік) болуы* керек. Онда оқырманға *үндеу, афоризм, жалпы ой, жеке тәжірибеге сілтеме, аналогия, ассоциация, тұжырым, сұрақ, жеңіл ескерту* т.б. болуы мүмкін. *Кіріспе мен негізгі бөлім арасындағы қатынас сақталуы керек. Егерде эссенің жалпы көлемі 500 сөз болса, кіріспеге 50 сөз алу ұсынылады.*

Негізгі бөлім тақырыптың бірізді баяндалуы болып табылады, жазылған мәселе бойынша ұсыныстар мен көзқарастарды бейнелі түрде жеткізеді, жазбаша хабарландырудың мақсаты мен бағытына сілтейтін ой желісін құрайды, дәлелдемелері мен сілтемелері бар, идеяны дәлелдемелер мен нақты мысалдар арқылы

нақтылайды. Мұнда әртүрлі айқындау құралдары қолданылады.

Қорытынды бөлімде, әдеттегідей, қорытынды жасалады, жазылған мәселе мәні мен мазмұнын күшейтеді, автордың ойымен сәйкес келетін көңіл-күй мен сезімді анықтайды.

Ал, ***баяндау тәсіліне келетін болсақ*** (дедуктивті-жалпыдан жекеге немесе индуктивті-керісінше), эссенің тақырыбын қандай тәсілмен ашқан жақсы және қалай баяндау керек екендігін автор ғана анықтай алады. Бұл арқылы жұмыстың шығармашылық, өзіндік сипаты анықталады.

Қайта қарап шығу дегеніміз, хабарламаны сапасы мен нәтижесі тұрғысынан мәтінді редакциялау: ойдың айқындылығы, түсініктілігі, яғни мағыналық байланыстылығы, бірізділігі, сауаттылығы және стильдің дұрыстығын айқындау, қайта қарау нәтижесінде екінші нұсқаның қажеттілігі туындайды. Екінші нұсқа бойынша жұмыс өте үлкен бөліктерден басталып, кішкентай бөліктерге дейін жалғасады: абзацтан сөйлемге дейін, сөйлемдерден сөзге дейін талданады, сараланады. Баян-аудың жатықтығына, ойдың логикалық сабақтастығына, байланысына назар аудару керек.

Түзету сатысында мәтін рәсімделіп, сауаттылығы, сөздердің байланысы, тыныс белгісі, стилистикасына жете көңіл бөлінеді.

Мәтіннің шебер өңделуі соңына дейін жалғасады. Жаргон және қазіргі заманға сай сөздерді орынды қолдану керек, әйтпесе олар коммуникативті кедергі туғызуы мүмкін. Мәтінде «жағымсыз» сөздердің пайда болмауын бақылап отыру артықтық етпейді. Әсіресе, көп мағыналы сөздерді пайдалану барысында мұқият

болуы керек: мағыналық реңкті араластыру түсіндіруді қиындатады.

Сіз өзіңіздің эссеңіздің қандай нәтиже көрсететінін білгіңіз келе ме? Мұны тексерудің бірнеше жолдары бар: мәтінді дауыстап оқу, өз жазғаныңызға оқырманның көзқарасымен қарауға тырысу, ең соңында адамдардың пікірін білу.

Әр уақытта адам өзінің сөзімен құнды екенін естен шығармау керек.

Қосымша үшін:

Эссе жазуда практикалық қадамдар:

1-қадам. Контексті анықтаңыз. Егер сізге эссе берілсе, онда кейбір өлшеуіштер анықталады: бұл эссенің көлемі, бірінші парағының үлгісі, бірыңғай аудитория (мысалы, бөлім басшылары). Қандай талаптар қойылса да, оларды сақтау керек. Ең бастысы – эссенің негізгі ойы.

2-қадам. Тақырыпты таңдаңыз. Әдетте тақырып сіз үшін таңдалады, бірақ сіз үшін маңызды, қызықтысын таңдауға болады. Онда эссе жазу қиынға соқпайды. Сіз негізгі тезисті анықтап аласыз, бірақ ол шектен шықпауы керек. Қажет болған кезде ойыңызды жалғастыруға болады. **Тезис** – бұл эссеңізде бір нәрсені дәлелдеуге немесе түсіндіруге тырысқаныңыз, мысалы «Менің кәсібім – дүниеде ең жақсы». Тезистің көлемі бір сөйлемнен артық болмасын, эсседе сіз айтатын ойыңызды сыйғызуыңыз қажет.

3-қадам. Ақпаратты жинаңыз. Тезисті дәлелдемелермен толықтыру үшін, сізге ақпарат қажет, сіздің жазып отырғаныңыз ғылыми факт болса немесе жеке байқауларыңызды жазатын болсаңыз, фактілер қай жерден басталатынын байқаңыз. Сіздің көзқарасыңызды жоққа шығаратын пікірлер мен

фактілерге назар аудармаңыз. Жақсы эссе жазушы өз тезисі үшін дәлелдерді таба алады.

4-қадам. Эссені жоспарлаңыз. Басты ойыңызды фактілермен дәлелдеуге уақыт келді. Сіз жинаған барлық ақпаратты мұқият оқып алыңыз. Басты принциптер мен байқауларды көріп тұрсыз ба? Жазу барысында қандай тәртіпті сақтайтыңызды ойластырыңыз. Эссе құрылымын жинақтау үшін, қысқаша жоспар құрастырыңыз, параграфтарға атау ойлаңыз.

5-қадам. Алдымен негізгі бөлімді жазыңыз. Мәтін тезисін бекітуге көмектесетін басты үш ойды анықтаңыз. Әрбір көзқарас мысал және дәлелдермен бекітілуі тиіс. Қысқаша эсседе әрбір абзац бір ойдың мән-жайын баяндайды. Көлемді эсседе көзқарасты негіздеу үшін бір бет қажет болады. Өз жоспарыңызды сақтаңыз, сөйлемдеріңізді логикалық тәртіпке келтіріңіз. Барлық негізгі идеяларды жазып болған соң, барлық үзінділерді байланыстыратын сөйлемдермен жазыңыз.

6-қадам. Қорытынды жазыңыз. Өз негізгі идеяларыңызды жинақтап, оқырманға қай бағдарда оқып, оларды дамыту керектігін ұсыныңыз. Тезистен қандай қорытынды шығаруға болады? Қандай сұрақтар жауапсыз қалды?

7-қадам. Кіріспені жазыңыз. Негізгі бөлім мен қорытындыны жазып болған соң оқырманға не туралы жазатыңызды хабарлаңыз. Тезистік дәлелдемені түсіндіріңіз және оны қалай дәлелдейтіңізді жалпы суреттеңіз. **Төмендегі қарапайым сөз тіркестерін қолданбаңыз:** «*Эссе мына туралы...*» немесе «*Бұл эссе тақырыбы ...*» немесе «*Қазір мен сізге...*». Жалпы дәлелден бастаңыз, оны сұрақ немесе мәселемен кейін тезиспен және сіздің көзқарасыңызға қысқаша шолумен бекітіңіз.

8-қадам. Жазғаныңызды оқыңыз. Эссені басынан аяғына дейін тексеріңіз. Бір сөйлем екінші сөйлемге дұрыс жалғаса ма? Бір абзацтағы айтылар ой екінші абзацтағы ойға ұласа ма? Әрбір дәлел алдыңғысымен байланысты болуы керек. Егер сізге ой тәртібі мен абзацтар құрылымы ұнамаса, оларды өзгертіңіз.

9-қадам. Қателерді тексеріңіз. Мәтіннің қатесін тексеріңіз: грамматикалық, пунктуациялық, стилистикалық. Қайталанатын сөздер, әдеби тілдің нормасына нұқсан келтіретін сөздерді қолданбаңыз, пунктуацияны тексеріңіз.

Әдебиеттегі Эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлеміңе азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдауымен ерекшеленетін көркем туынды. Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеші интеллектуалдық байлығын, аңғарымпаздығын, жарқын, тапқыр ойлылығын, өмір саяхатындағы көрген-білгенін, сезінген-түйгенін, тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады. Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қонымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән.

Эссе құрылымы

Бұл шағын көлемді ой бөлісу, қандай болса мәселені еркін баян ету, дәлелді зиятты ізденіс. Эссе бір мәселе немесе сұрақ бойынша жеке көзқарасты білдіріп, алдын ала немесе мәселені қанағаттанарлықтай баяндалуына

талап етпейді. Әдетте, эссе бір нәрсе туралы жаңа, субъективті рең беретін сөзді және философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, әдеби-сын, ғылыми-көпшілік, баллетристикалық сипатта болуы мүмкін.

Эссенің құрылымдық бөліктері

Эссе тақырыбы эссенің мақсатын, эссенің өн бойында не сұралып отырғандығын, қандай мәселені қозғайтындығын көрсетеді.

Кіріспе – берілген тақырыптың мәнін ашатын бөлім. Бұл бөлімде қандай сұрақтарға жауап беретіндігіміз анықталады.

Негізгі бөлім – негізгі ой мен мәселеге байланысты аргументтер жинақталған бөлім. Негізгі бөлімде дәлелдер, дәйектемелерді, түрлі статистикалық мәліметтер мен схемаларды қолданып, тақырыпты ашады, көтерілген мәселені айқындап, оның туу себептерін көрсетеді.

Қорытынды – тақырып бойынша түйін. Қорытындыда жаңа ой енгізілмей, дәлелдемелер бойынша түйін шығарады, шешу жолдарын көрсетеді.

Эссе жазудың шарттары

Көңілдегі көркем ойды қағаз бетіне сол қалпында түсіру кез келген адамның қолынан келе бермейді. Ол шығармашылықты талап ететін қиын жұмыс. Оқытушы ретінде алдыма қойған мақсатым: «Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында студенттердің шығармашылық қабілетін дамыта отырып, жазу мәдениетін қалыптастыру» болатын. Сол мақсатыма жетудің бірден бір жолын СТО бағдарламасымен танысқаннан кейін белсенді жүрді деп айтуға болады.

Қазіргі уақытта Эссе публицистикалық жанр ретінде қоғамдық және әдеби өмірде кең

тараған құбылыс сипатында нығайып келеді. Сондай-ақ, мұғалімдердің әртүрлі шығармашылық байқауларында да эссе жазу тапсырылады. Ойынды қағаз бетінде жазбаша жеткізу шығармашылықты қажет ететін қиын жұмыс. Мұнда әрбір сөздің айқын түсінікпен сәйкес келіп, ойынды, сезімді, идеянды дәл бейнелеп беруі тиіс. Автордың өзіне тән ерекшелігіне сай тілі жатық, бейнелі әрі бай, стилі жеңіл болу керек.

Яғни, бұл ерте ме, кеш пе әрбір шығармашыл болмыс назар аударатын философиялық, әдеби, тарихи-библиографиялық проза жанры.

Классикалық эссе – бұл еркін тақырыпқа жазылған, көркемдік қиялдан азат қысқа көлемді шығарма.

Эссенің мақсаты – әр түрлі тезистер, дәлелдер келтіре отырып берілген тақырыпты ашу. Онда нақты айғақтар беріліп, мысал келтіріледі.

Эсеге тақырыптардың шектеусіздігі, автордың өз тәжірибесіне негізделген жеке ұстанымының еркін мазмұндалуы тән. Мұнда стиль маңызды роль ойнайды. Әр түрлі эссе байқауларында (оқуға пайдаланудың алдындағы сынақтарда, сондай-ақ өзіндік шығармашылық байқауларда) мәселен, 500 сөздің көлемінде эссе жазу тапсырылады. Қолыңа не үшін қалам алғаныңды ең алдымен өзің түсініп ал.

Мінсіз эссе жазудың дайын ережесі жоқ және болмайды да, бірақ эссе жазу дағдыларын жүзеге асыруға көмектесетін ережелер мен нұсқаулар бар. Ең алдымен өзіңнің хабарлайтын, жазатын, ой толғайтын, талқылайтын нәрсең туралы анық білуің керек. Сондай-ақ, эссе жазуға итермелеген не нәрсе, эссені кім оқитынын түсіну өте маңызды. Оқырманның назарын өзіңе аудартатын, мүмкін болса, қарсы жауап

реакциясын тудыратындай өз ойыңды, сезімді, көңіл-күйіңді жеткізу үшін мәнерлі, мазмұнды, күшті сөздерді дұрыс таңдай білу керек. **Эссе жазатын адам үшін ең маңызды қасиет** – тілді еркін меңгеруі, басқалардың сезіміне әсер ететіндей дәл, анық бейнелі етіп сабақтастыра жаза білу.

Шәкірттердің білімін бағалау және бағалаудың жазу тәсілдері:

Бағалаудың мағыналары

«Бағалау» термині бүгінде үш мағынада қолданылады:

1. Бағалау (Evaluation). Мұнда бағалау – талдау ретінде қарастырылады.

2. Мониторинг (Assessment). Бағалау – құрал ретінде танылады.

3. Баға (Grade немесе Mark). Бағалау – сандық (мөлшерлік) құрал ретінде қарастырылады.

Бірінші, мағынада «бағалау» үйренушілердің жетістіктерін, білімін сандық және сапалық тұрғыдан анықтайды. Бұл тұрғыда бағалау - үйренушілердің оқу жетістіктерін белгілі бір талаптармен (критерийлер, стандарттар, үлгілер, эталондар, идеалдар) салыстыру, сол тұрғыдан нақты өлшемдер (балл, пайыз) көмегімен оларды сипаттап және тексеріп, соңынан қорытынды шығару. Мұндай түсініктегі бағалау «сыртқа», яғни қоғамға, социумға бағытталады.

Екінші, түсінікте «бағалау» үйренушілердің жоспарланған нәтижелерге жету көрсеткіштері ретінде қарастырылады. Мұнда студенттердің дамуы мен өзгерістері олардың әрекеттері (нақты құралдар) арқылы көрсетіледі: тест, эссе және басқа да жазба жұмыстары, жоба, сауалнама, интервью, портфолио, т.б. Мұндай өлшеу (мониторинг) студенттердің өз жетістіктерін бағалау немесе ЖОО-ның оқу

нәтижелерін жоспарланған нәтижелермен салыстыру үшін қажет. Өз жетістіктерін басқалардың білімі немесе өзінің кешегі білгенімен салыстыра отырып, үйренуші өзінің қаншалықты дәрежеде дамығандығын айқындап (жетістіктері мен кемшіліктері), өз білімін әрі қарай қалайша дамыта түсу керектігін анықтайды. Мұнда бағалау «ішке», яғни үйренушінің тұлғасына немесе оқу орнына бағытталады.

Үшінші, нұсқада «бағалау» біздің қолданысымыздағы «баға», «баға қою» ұғымымен байланыстырылады: емтихан, тест, жазба жұмысы, жобаның орындалуы немесе семестр нәтижесі бойынша рейтингтік жүйе, балл мөлшері (мәселен, бес немесе жүз балдық) немесе сандық жүйе (дәстүрлі бес балдық), әріптік жүйе (A,B,C,D,F) негізінде студенттің жұмысына қойылатын баға.

Оқу жүйелеріндегі бағалау ерекшеліктері

Оқу жүйелері	Дәстүрлі оқыту	Интербелсенді оқу
Параметрлер		
Не бағаланады?	Оқытушы тарапынан берілген білім, білік, дағды.	- Өзіндік көзқарас, пікір, идеялар, дүниетаным; - Білімді игерудегі әрекеттер; - Білімді игеруде қалыптасқан білік, дағды, машықтар, қатынастар, құндылықтар, құзырлылықтар.
Қандай білім бағаланады?	Алған теориялық білімді жаттығулар орындауда және мәселелерді шешуде қолдана білу	-Проблеманы айқындай білу, оның шешу жолдарын қарастыра білу; - Таңдау жасап, шешім қабылдай білу; - Өз әрекеттерін жоспарлау және ұйымдастыра білу; - Өзіндік түсінік, пікір, идея қалыптастыру және құрастыру, оларды дәлелдей білу; - Өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғай білу.

Қандай тәсілдер арқылы?	- Ауызша сұрау; - тестілеу; -курстық жұмыстар; -бақылау жұмыстары; - сынақ, емтихан.	- Жазба жұмыстары; - тестілеу; - бақылау; - интервью; - сауалнама; - портфолио; - есеп беру; - өзін-өзі бағалау.
Не үшін?	- Білім деңгейін анықтап, баға қою; - Ынталандыру; - Жазалау.	- Білім игерудегі жетістіктерді анықтау; - Белгілі бір уақыт аралығында үйренушінің өсу және даму қарқынын анықтау; - Белсенділендіру; - Ынталандыру; - Топ жұмысына қосқан жеке үлесін анықтау; - Алдағы білім игеру әрекеттерінде жетістіктерге жету үшін; -Үйренушінің білімін қалайша әрі қарай дамытуға болатындығын білу үшін; - Үйренушілердің әрекеттері арқылы үйретушінің деңгейін анықтау.

«БАҒАЛАУДЫҢ АЛТЫ ҚАҒИДАСЫ»

«МАҢЫЗДЫЛЫҚ»

Бағалау үшін пәннің (курстың) ең маңызды, бағалауға тұрарлық нәтижелерін таңдап алу қажет, өйткені бағалауға уақыт, күш жәнебасқа да ресурстар шығындалады.

«ДӘЛДІК» («АДЕКВАТТЫҚ»)

Өзіміз жоспарлаған нәтижеге қол жеткізгенімізді қалайша білеміз? Бұл үшін біз оқушылардың қажетті білім, білік, дағды, құндылықтарды қандай деңгейде меңгергендігін көрсететін бағалаудың дәл құралын таңдап алуымыз керек.

«ОБЪЕКТИВТІК» («ДӘЛЕЛДІЛІК»)

Объективтікке (тұрақтылық, беріктілік, шынайылық, адал, дәлелділік) бағалаудың нақты талаптарын (критерийлерін) таңдау арқылы жетуге болады.

«ОҚУДЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ»

Бағалау оқу процесінің ажырамас бөлігіне айналу керек. Басқаша сөзбен айтқанда, бақылау жұмысының өзі де үйрету әрекеттеріне жатады. Бағалау мен үйрену – біртұтас процесс.

«ЖАРИЯЛЫЛЫҚ»

Бағалаудың талаптары мен тәсілдері оқушыларға алдын-ала хабарлануы керек. Баға жария түрде қойылып, оқушылар өздерінің қандай білімдері және олардың қалайша бағаланытындығын білуі керек.

«ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ»

Бағалау процесі мен оның формалары қолданыста қарапайым және ыңғайлы болуы керек.

БАҚЫЛАУ ТҮРЛЕРІ:

– Ағымдағы бақылау – әр сабақтағы (әдетте сабақ қорытындысы бойынша) студенттердің жазбаша ой-

толғанысы. Мұнда олар өздерінің сабақта үйренген (білген) білімі туралы ойларын келтіріп, сабақта қалайша жұмыс жасағандығы туралы есеп береді.

Ағымдағы бақылаудың жазбаша нысандары (тәсілдері):

- эссе, хат, еркін жазу, бестармақ, акроним, кестелер мен диаграммалар (графикалық ұйымдастырушылар), конспект, интервью мәтінін жазу, берілген атауларды құрастырып эссе жазу, бақылау жұмысы, берілген сұрақтарға жауап беру, топ жұмысы туралы есеп (акпарат), глоссарий құрастыру, оңай және қиын сұрақтар кестесін дайындау, қиын немесе проблемалық сұрақтар кестесін дайындау, рецензия, аннотация, ғылыми жұмыстарға пікір жазу, өз ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша ғылыми аппарат құру, пікірталасқа дайындық есебі, акпарат көздерінің тізімі, әдебиет көздерін талдау картасын құрастыру, лекция тезистерін дайындау, сабақ жоспарын дайындау, сауалнама құрастыру, компьютерлік есеп беру, тест сұрақтарын құрастыру, персоналий құрастыру, т.б.

*– **Межелік бақылау** – модуль қорытындысы бойынша (курс, семестр, жыл, тоқсан) студенттердің білім деңгейін анықтау құралдары.*

Межелік бақылаудың нысандары (тәсілдері):

- портфолио, жоба (курстық немесе семестрлік жұмыс), реферат, мақала, case-study тапсырмаларын жазбаша орындау, баяндама, талдау (аналитикалық) шолу жазу, сценарий дайындау, мақалалар жинағын дайындау, әдістемелік құрал дайындау, сабақ жоспарларының жинағын дайындау, т.б.

(Жалғасы келесі санында)

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУҒА ЖӘНЕ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ

(әдістемелік баяндама)

Қазіргі кезде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялардың бірі – оқушылардың жазу мен оқуда сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту – педагогикалық технология.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мереди, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Мақсаты барлық жастағы студенттерге кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға

сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Оған осы жобамен жұмыс жасау барысында көз жеткіздік. Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі.

Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне толығырақ тоқталып өтейік.

Қызығушылықты ояту

Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені,

үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі – мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. **Соның бірі – INSERT.** Ол бойынша студентке оқу, тақырыппен танысу барысында V – “білемін”, — - “мен үшін түсініксіз”, + - “мен үшін жаңа ақпарат”, ? – “мені таң қалдырады” белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. **INSERT** – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, студенттер арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Студенттер өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен

айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған “Бес жолды өлең”, “Венн диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Екі түрлі түсініктеме күнделігі.

Оқушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар:

Бөліктің оң жағына, сол жағына мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады. Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)

Әр студент мәтінмен танысып, күнделікті толтырып біткен соң жұпта, топта талқылау ұйымдастырады. Жұмыс аяқталған кезде мұғалім қорытуға арналған әзірлеп келген сұрақтарын қойып, жауаптар алады. Ол сұрақтар оқығанға баға беру, пікірін, көзқарасын білдіруге лайықталынып қойылғаны дұрыс. Мысалы:

— Сіздің ойыңызда не сақталып қалды?

— Автор оқырманды қалай қызықтырады?

— Кейіпкерлердің іс-әрекетін сіз қалай бағалайсыз? т.б. түрінде.

Бұл әдіс те алдыңғы сияқты оқушыларды ұжым болып, жұмыс жасауға үйретеді. Ақпаратты өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сөз астарын, құдіретін

түсінуге бағыттайды. Сондай-ақ, әдістің тиімділігі – сабақтан тысқары қалатын студент болмайды, оқыған мәтінді түсіну, оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы оқушының тілі дамиды. Осылайша ұйымдастырылған оқу сабақтары арқылы сауатты оқырман қалыптастыру мүмкіндігі туады.

Еркін жазу. Бұл әдісті сын тұрғысынан ойлау жобасындағы сабақтың үшінші ой толғаныс кезеңінде пайдалану тиімді. Мұғалім сабақ бойына қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін т.б. жайлы өз пікірін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Жазуға уақыт береді. Уақыт аяқталған кезде студенттер өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады.

Студенттерді алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез келген сабақта қолдануға болады.

Венн диаграммасы. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

Біз жобадағы әдістердің тек бірнешеуін ғана сөз еттік. Қалғандары осы тақырыптар арнайы ұйымдастырылатын курс жұмыстарында талқыланады. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» барысында жұмыс жасауды бастаған мұғалімдер бұл сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға,

шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін атап өтсе, студенттер оқудың (сабақтардың) қызықты, жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуда шығарма жазуды үйретудің стратегияларын практикамен сабақтастыру тәсілінің өзіндік үлгілері бар. Соларға тоқталайық. “1курс фин 1-1-топтарына” қазақ әдебиеті пәнінен Сәкен Сейфуллин өмірі, «Көкшетау» поэмасы тақырыбын «сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы тұрғысынан өткіздім.

I. Қызығушылықты ояту барысында ақынның шығармашылық жолын талқыламастан бұрын студенттерге сөзден үй салып, мықты үйді, мықты біліммен құраймыз. Үй салу үшін ең бірінші іргетас құрайық.

I.

1. Ақын туралы кім не біледі?
2. Осы ақынның өткен сыныптарда оқыған шығармаларын білесіздер ме?
3. Қандай шығармасын өттік? Мазмұны қалай еді?

II.

1. «Көкшетау» поэмасында оқиға қай жерде болып еді?
2. Поэмада табиғат қалай суреттеледі?

III.

1. Поэмада қандай батырлардың аттары кездеседі?
2. Поэма қанша бөліктен тұратын еді?

IV.

1. Поэмада кездесетін жер-су аттары
2. Поэманың кейіпкерлері кімдер еді?

Ой шақыру. Сәкен кім? (Фиш Баун әдісімен сызбаға түсіру).



Осы сұрақтар арқылы студенттердің қызығушылығын арттырамыз. *Үй – іргетас – шатыр – терезе* арқылы білімнен үй құраймыз. Сабақ барысында студенттер «Екі түрлі түсініктеме» күнделігін пайдаланып, дәптердің бетін вертикаль сызықпен бөледі.

Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстар, үзінділерді жазады.

Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады. (Нені еске түсіреді, себеп салдары қандай, қандай сұрақтар бар т.б.)

Әр студент мәтінмен танысып, күнделікті толтырып біткен соң, жұпта, топта талқылау ұйымдастырамын. Осы стратегия арқылы көп нәтижеге жетуге болады. Студенттер ойланады, ізденеді, бірін-бірі түсінулеріне мүмкіндік туады, жұппен жұмыс істеуге үйренеді. Ой түйю арқылы, керекті дәйектемені іздеп таба біледі, оны пайдалана білуге үйренеді.

Мен өз сабақтарымда стратегияларды оқу бағдарламасына сәйкес бірізді жүйелі түрде қолданып

келдім. Сабақта қолданып жүрген әдістерім мынадай:

I. – Қызығушылықты ояту фазасында ой қозғау (шақыру).

II. – Мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі, 5 жолды өлең.

III. – Ой толғаныс фазасында Венн диаграммасы, еркін жазу т.б. стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол саламыз.

СТО бағдарламасына қатысудың нәтижесінде сабақта жеткен нәтижелерім:

1. Сабағымда жаңа құрылым пайда болды.

Сабақтың жоспары:

1. Психологиялық дайындық.

2. Ой ашар.

3. Үй тапсырмасын тексеру.

4. Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту.

а) Ой қозғау.

ә) Өзіндік жұмыс.

б) Түртіп алу — + ? (INSERT)

II. Мағынаны тану сатысы.

1. Топпен жұмыс.

2. Бес жолды өлең.

III. Ой толғаныс сатысы.

1. Венн диаграммасы.

2. Бағалау.

3. Үйге тапсырма.

2. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде сабағымда студенттер арасында:

- бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды;

- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;
- бір-біріне құрметпен қарауға;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;
- достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;
- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды.

1-курс студенттерімен өткізген «М.Әуезов өмірі, прозалық шығармалары» тақырыбын қорытындылауға сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары мықты білім нәтижесін көрсете білді. Студенттер сабаққа түгел қамтылды. Сабақ «Блум таксономиясы» бойынша жүргізілді. Оны стратегия арқылы мәтінге толық талдау жүргізілді. Синтез /жинақтау бойынша/ студенттер сахналық көрініс арқылы шығарманы жинақтады. Осы сабақ барысында біраз нәрселер қамтылды. Студенттердің шығармашылық деңгейі қалыптасты. **«Эссе» стратегиясы** бойынша хат жазу орындалды.

«Эссе» стратегиясы бойынша өз ойынан әр түрлі пікірлер құрастырып, оны дәлелдеуге үйренеді.

Сонымен, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша үйрету барысында мынадай қорытындыға келдім:

1. Білім алушы өмірге деген өз ойын білдіретін жазу стилін тапты;
2. Жаңа білім бойынша өз жобалары, модельдері, болжамдарын тыңдап, талқылау (өздері талдайды, бір-бірін тыңдайды);
3. Өзіндік қорытындылары, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенін саралайды;

4. Білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттырамыз;
 5. Білім дәрежесі деңгейін саралау /өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасады/;
 6. Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі, айтыса білуге дағдыланады;
 7. Жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болады, онымен қатар өзінің және өзгелердің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренеді.
 8. Оқушы әрекеті – адамның ойлау қабілетін дамытады және ол кітап оқыған кезде өз ойын тұжырымдайды;
 9. Өз ойымен, іс-тәжірибесімен, пікірлерімен бөлісуге үйренеді, бұл бағыт топпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді;
 10. Жұмыс барыстарын алмасу арқылы студенттерді өз ойын ашық, жасқандай айтуға, басқа адамның ойын дұрыс қабылдауға үйренеді.
- ”Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында сын тұрғысынан ойлауға және жазуға үйрету – өте тиімді“ – деп, баяндамамы қорытындылағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ және әлем әдебиеті. №5-6 (24) 2007 жыл. 19-20-беттері.
2. Қазақ әдебиеті. 11- сынып, Алматы «АнАрыс», 2014 жыл.
3. Бәсекелестікке қабілетті тұлға тәрбиелеу. Қ.Жүнісханов.2008.
4. «Оқыту – тәрбиелеу технологиясы» журналы – 2010ж. №3,5, 2011 ж. №5,10.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР

Мақалада М.Мағауин шығармасынан бейвербалды амалдарға мысалдар келтіріліп, олардың қызметі қарастырылады.

Түйін сөздер: вербалды қарым-қатынас, бейвербалды қарым-қатынас, қимыл, ым, ишара, ұлттық дәстүр, көркем шығарма, сәлем беру, кинема, ұлттық сипат.

Тіл – ұлттық қазына, қарым-қатынас құралы. Қарым-қатынас тіл арқылы және бет әлпеттегі өзгерістер, дене қимылдары, ым-ишара көмегімен іске асырылады.

Адами қатынас барысында сөйлеу тілін түсінікті етіп, толықтырып тұратын бейвербалды амалдар вербалды амалдарға қарағанда басым екендігін көптеген ғалымдар дәлелдеген. Бейвербалды амалдардың ұлттық дәстүріміздегі сөйлеу тіліне қосымша мағына беріп, адамдардың бір-бірін өзара түсінуге жетелейтін рөлі ерекше екендігін де байқауға болады.

Жазушы М.Мағауиннің «Аласапыран» тарихи шығармасынан аталмыш амалдарға мысалдар келтірсек: «*Мұсылман рәсімінде босаға аттаған адам бірінші болып сәлем береді. Әрине, іштегі кісі (кісілер) өзінен өлшеусіз төмен болмаса...*

– Ассалам-аһалейкөм!!

Тәрде, қызыл ала кілем үстінде, ұзыншақ, төрткіл жастыққа белінен батып отырған, дағарадай жасыл сәлделі қара шұбар кісі селт етпеді. Кекірейген қалыпта суық жүзбен, тесіле қараған...

Тілмаш аударып үлгермеді, тіпті Құл-Мұхамед те өз сөзін толық аяқтап бітпеген, қызылбас елшісі атып тұрды. Әйтсе де сәлем алмап еді. Құл-Мұхамед тапап жіберердей төніп келіп, қос қолын бірдей ұсынғанда ғана салаң еткізіп оң қолын ұстата салды» [1.24-б.]. Суық жүзбен тесіле қарау, салаң еткізіп оң қолын ұстата салу – бір адамның екінші адамға деген қатынасын аңғартады. Қос қолын бірдей ұсыну – амандасу ишараты.

Бас изеу – құптау, мақұлдау. 1. «*Құл-Мұхамед көзі жарқ етіп, бас өкіл – Василий Щелкаловқа сынай қараған да, қасындағы кеңесшілеріне мойын бұрған, Шөгел бек күбір етіп еді, Бұқа-мерген бас изеді» [1.11-б.]. 2.* «*Ғади-бек суық жымыып бас изеді де, кеңесті отырып жалғастыруға ишарат жасады» [1.25-б.].*

Ғалым А.Пиз «Язык телодвижений» атты еңбегінде: «*Кивание головой почти во всем мире обозначает «да» или утверждение. Похоже, что это врожденный жест, так как он также используется глухими и слепыми людьми. Покачивание головой для обозначения отрицания или несогласия является также универсальным, и может быть одним из жестов, изобретенных в детстве» [2.18-б.], – деген.*

Бас шайқау, қол сілтеу, арқаны қағу, екі қолын көкке созу т.б. кинемаларына мысалдар келтіруге болады. **1.** «*– Қусыңдар сендер, азиаттар, – деді Дьяк басын шайқап. – Бірақ есіңде болсын, Царевич, Елшілік дуанының шешімінсіз ешбір шаруа тынбайды» [1.23-б.]. 2.* «*Дьяк күрсініп, қолын сілтеді» [1.23-б.]. « – Бекер! Бекер!.. – деді қолын сілтеп, асыл жүзікті шынашағы селтең-селтең етіп» [1.28-б.]. 3.* «*– Мен де жас болдым, – деді Дьяк. Царевичті өзіміне арқаға қақты» [1.23-б.]. 4.* «*– Кімнің басына қара түн туары*

– хақ тағаланың ғана еркінде! – деді шамдана бастаған Құл-Мұхамед. – Я, Алла! – деді оқыс дауыстап, екі қолын бірдей көкке созып. – Сүнни мен шиидің қайсысы ақ, қайсысы қара – өзіңе аян!» [1.27-б.]. «Камзолы екі айрылған, беті әлем-тапырақ, екі көзі қып-қызыл Есенеі мана ат сауырына мінгендей, аяғын талтайта секіріп, Исмайылдың үстінен аттап өтті де, екі қолын көкке соза, тізерлей сылқ түсіп, тәңірге мүнәжат айтқан» [1.167-б.]. **Тізерлей екі қолын көкке созу** – наным-сенімге байланысты жасалатын бейвербалды амалдар.

«Ораз-Мұхамед тізеде сұлық жатқан оң қолын болмашы көтеріп, бас елшіні тежеді» [1.21-б.]. «Арттағы нөкерлердің бірі зекіп тыймақ еді, Ораз-Мұхамед қолын көтеріп, тоқтатып тастады» [1.170-б.]. Қолмен ишара жасау арқылы тежеу, тоқтату мағынасы берілген.

Туындыдан адам қарауының бірнеше түрлерін кездестіреміз. Мысалы: **1.** « – Царевич, патша нөкері һәм ақтажы боярдың дәргейіне өзің баратын шығарсың? – деді Василий Щелкалов Ораз-Мұхамедке сынай қарап» [1.22-б.]. «Иншаллах, көп ұзамай-ақ алтынды Стамбұлда, қасиетті Айя-София мешітінде Хазірет Әлидің атына хұтпа оқылмақ! – Иран елшісі тағы да бөгеліп, қазақ елшісіне сынай қарады» [1.27-б.]. **2.** «Бірақ Құл-Мұхамед не ризашылық білдірмей, не қостамай, үнсіз, тесіле қарап, бедірейген де қалған» [1.27-б.]. **3.** «Өзіне айтылған сөзді анық түсінген, оның мән-мағынасын ғана емес, бар салмағын да айқын аңдаған Ғади-бек момақан кейіпте тәржімаға көшкен Дәулет-Бахты тілмашқа бажайлай қараған» [1.32-б.]. «Қазақ Ордасының елшісі Құл-Мұхамед сені елге қайтаруды сұрайды, – деді Борис Ораз-Мұхамедке

бажайлай қарап, байыппен» [1.61-б.]. **4.** «Патшаның бас өкілі, салмақты, маңғаз, салқын жүзді Бәселей бек ұйқыдан шошып ояғандай, басын қалт көтеріп, қазақ елшілеріне шүбәлана қарады» [1.9-б.]. «Соғыстың ауыр салмағын кім көтермек? – деді Ғади-бек, бұлталақсыз, шиырдан шиырға салып діңкелетпей, турасына көшкен қазақ елшісіне шүбәлана қарап» [1.28-б.].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «бажайла», «шүбә», «шүбәлан» сөздеріне мынандай түсінік берілген: **«БАЖАЙЛА 1.** Аңғару, байқау, байыптау. **2.** Тәптіштеп, егжей-тегжейіне жету» [3.97-б.], **«ШҮБӘ** – Күмән, күдік, шәк», **«ШҮБӘЛАНУ** – Күмәндану, сезіктену, күдіктену» [3.928-б.].

Қос қолын бірдей созу – қоштасу ишараты. « – Ғади-бек сұраулы жүзбен, таңырқай қарап еді, Құл-Мұхамед төрге қарай қайта аттап, қос қолын бірдей созды. – Хайыр, көріскенше...» [1.33-б.].

Жазушы бейвербалды амалдарды шебер қолданып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты тиімді жеткізген. «Қақпадан енерде алға озған бас елші сәлем жасап үлгерген жоқ, нық басып алға аттаған Әз-ханым Құл-Мұхамедті құшақтай алды. Мұндайды күтпеген Құл-Мұхамед әлі де рәсім жөнінен таймай, қос тізерлей сылқ түсіп еді. Хан анасы шынтағынан демеп, тұрғызып алды. Содан соң маңдайынан сүйген... – Шырағым, сен де кел! – деген сосын Петр Новосильцевке. – Өркенің өссін! – Оны да құшақтап бетінен сүйді» [1.36-б.]. **Құшақтау, сүйю** – сүйіспеншілік белгісі. **Қос тізерлеу** – құрметтеу, сәлемдесу ишараты.

Ғалым А.Пиз әлемдегі негізгі қарым-қатынастағы қимылдардың айырмашылығы жоқ екенін айтады. Ол адамдар бақытты болса, олар күлетінін, адамдар қайғылы болса, олар тұнжырайтынын мысалға келтіреді

[2.17-б.]. Көркем шығармада ой мен сөздің, сөз бен түрлі тілсіз қатынастың жарасым табуы жазушының шеберлігі болып табылады. Қарым-қатынас барысында тілдік амалдар секілді бейвербалды амалдар да маңызды рөл атқарады. Вербалды амалдарды бейвербалды амалдар толықтырып тұрады. Кез келген адам күнделікті өмірде ым-ишараттың көмегімен көңіл-күйін, пікір-көзқарасын білдіреді, жеткізеді. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, ұлтымыздың тәлім-тәрбиесімен, салт-санасымен тығыз байланысты көптеген бейвербалды амалдар – ұлттық сипатқа ие.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мағауин М. Аласапыран. Тарихи дилогия. Екінші кітап. – Алматы: Жалын, 1983. – 456 б.
2. Пиз А. Язык телодвижений. Как читать мысли других людей по их жестам. – Нижний Новгород: Ай-Кью, 1992. – 272 с.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

НЕВЕРБАЛЬНЫЕ СПОСОБЫ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ

В статье приводятся примеры невербальных способов в произведении М.Магауина, и рассматривается их функция.

Ключевые слова: вербальная коммуникация, невербальная коммуникация, движение, жест, знак, национальная традиция, художественное произведение, приветствовать, кинема, национальный характер.

NONVERBAL MEANS IN FICTION

This article includes examples of nonverbal means which are given in M. Magauin's works and also the functions considered.

Keywords: verbal communication, nonverbal communication, gestures, mimes, sign, national tradition, piece of art, greetings, kinema, national character.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс



Ш. ИМАНБАЙ,
Жаңатоған ауылының
жалпы білім беретін
«№14 орта мектебі» КММ.
Қазақ тілі мен
қазақ әдебиеті пәні мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Қарқаралы ауданы,
Жаңатоған ауылы

«КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ». КЕНДЕБАЙ – ЕЛІНІҢ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСАРТҚАН ҰЛ

(1-сабақ)

САБАҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚУ МАҚСАТЫ	Т/Ж2. Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын анықтау.
САБАҚ МАҚСАТТАРЫ	Барлық оқушылар: Шығарманың тақырыбын, идеясын анықтап, мазмұнын жеткізеді.
	Оқушылардың басым бөлігі: Шығарма фабуласын сипаттайды.
	Кейбір оқушылар: Шығарманың сюжеттік дамуына баға береді.
БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ	1.Шығарма тақырыбы мен идеясын түсініп, жанрына сай фабуласын таба алады. 2.Шығарма сюжетінің дамуын талдайды.
ТІЛДІК МАҚСАТ	Кендебай елінің тұрмысын сипаттап, шығарманың қысқаша мазмұнын айта алады.
	Негізгі сөздер мен тіркестер: хан, алтын құйрықты құлын, жалмауыз кемпір, жеті басты дәу, арыстан, зындан.


	<p>Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:</p> <p>Талқылауға арналған тармақтар:</p> <p>Неге Кендебай қойшы баланың ата-анасын іздеп шығады?</p> <p>Кендебайдың бойынан қандай қасиеттерді көруге болады?</p> <p>Кендебай өз еліне қалай көмектеседі?</p>	
	<p>Сіз неліктен...екенін айта аласыз ба?</p> <p>Неліктен Кендебай уәдесінде тұрды деп ойлайсыздар?</p>	
	<p>Жазылым бойынша ұсыныстар:</p> <p>Кендебай көмектескен ертегі кейіпкерлерінің бірінің атынан хат жазу.</p>	
ҚҰНДЫЛЫҚ-ТАРҒА БАУЛУ	Туған жерін, елін сүйуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.	
АЛДЫҢҒЫ ОҚУ	Өткен тақырыптарды қайталау, тұжырымдау.	
ЖОСПАР		
ЖОСПАР-ЛАНҒАН УАҚЫТ	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыздар)	РЕСУРСТАР
БАСЫ 5 МИНУТ	1.ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ТУҒЫЗУ. «Шаттық шеңбер» Жүру барысы: 1.Оқушылар шаттық шеңберін жасайды. 2.Бір-бірілеріне алақан түйістіреді 3.Кезектесіп жылы лебіздерін білдіреді. Үй тапсырмасын пысықтау. «Ыстық орындық» әдісі арқылы оқушылар өткен тақырыпты еске түсіреді. Орындықта отырған оқушыға сыныптастары сұрақ қояды. Оқушы мүдірмей, қатесіз жауап беруі керек.	Қосымша 1
5 МИНУТ		

	<p>Егер ойланып қалса, «күйіп кетті» деп есептеледі.</p> <p>Оқушыларды топтарға бөлу.</p> <p>Алдымен түрлі-түсті стикерлер таратылады.</p> <p>Таңдаған түстерге байланысты оқушылар топқа бөлінеді.</p> <p>1-топ. «Ерлік»;</p> <p>2-топ. «Батыр»;</p> <p>3-топ. «Мерген».</p> <p>Ширату жаттығуларының мақсаты- сабақ тақырыбына байланысты оқушылардың қызығушылығын тудырады.</p> <p>«Суретте не болды?» әдісі</p> <p>Оқушыларға әдістің шарты түсіндіріліп, сурет көрсетіледі. Суретте не болып жатқанын және оның себебін түсіндіреді. Осы арқылы жаңа сабағымызды бастаймыз.</p> <p>Оқушыларды сабақ мақсатымен таныстырып өтеміз.</p>	<p>Стикерлер</p>  
ОРТАСЫ 10 МИНУТ	<p>ТЖ. 1-тапсырма. Оқушылар шығарма мазмұны бойынша аудиожазба тыңдайды. Тыңдалған мәтін мазмұнын «Ромбтық жіктелім» әдісі бойынша шығармадағы негізгі ойларды саралайды. Ең маңызды элементтерді, онша емес маңызды элементтерді талқылайды.</p> <p>1-топ. Шығарманы тыңдай отырып, өз ойларын айтады.</p> <p>2-топ. Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды.</p> <p>3-топ. Шығармадағы кейіпкерлерді топтастырады.</p> <p>Дескрипторлар:</p> <p>1. Мәтінді мұқият тыңдайды.</p> <p>2. Өзіндік көзқарасын айтып, тақырыбы мен идеясын анықтайды.</p> <p>3. Шығармадағы негізгі ақпараттарды табады.</p> <p>4. Негізгі ақпараттарды маңыздылығына қарай, ретімен талқылайды.</p> <p>ҚБ. «Екі жұлдыз, бір тілек»</p> <p>ТЖ. 2-тапсырма. «Сөз маржан»</p> <p>Сөздіктің көмегімен сөздік қорды байыту.</p>	<p>Аудиожазба</p> <p>Кесте</p>
5 МИНУТ		

Шығармадан мағынасы түсініксіз сөздерді тауып, төмендегі кестемен жұмыс жасау ұсынылады.		
Сөз	Мағынасы	Сөздіктегі анықтамасы
Пұл		
Зындан		
Жорық		
Пері		
Шоқпар		
Қоржын		

Дескрипторлар:
1. Мағынасы түсініксіз сөздерді таба алады.
2. Сөздікпен жұмыс жасай алады.

ҚБ. «Басбармақ» әдісі
Ж/Ж. 3-тапсырма. Жұптық жұмыс оқушылардың өз идеяларын жетілдіре және ойларын басқалармен толықтыра отырып, ойлау дағдыларын дамытады. Оқушыларға «**Уақыт тізбегі**» атты графикалық органайзер толтыру ұсынылады. Толтырылған графикалық органайзер бойынша шығарма фабуласын сипаттайды.




Дескрипторлар:
1. Шығармадағы негізгі эпизодтарды жіктей алады.
2. Эпизодтарды кестеге толтырып, талдай алады.
3. Шығарманың фабуласын баяндай алады.

ҚБ. «Бағдаршам»
Оқушылар кейіпкерлердің іс-әрекетін талқылап болған соң, оларға Кендебай көмектескен ертегі кейіпкерлерінің атынан оған алғыс айтып, хат жазу ұсынылады. Оқушылар жазған хаттарын тізбектеп оқып береді.

Дескрипторлар:
1. Кейіпкерлердің іс-әрекеті бойынша сұрақтар құрастыра алады.

Графикалық органайзер

	2. Сұрақтар бойынша талқылау жүргізе алады. 3. Ертегі кейіпкері атынан хат жазады. 4. Жазылған мәтінді өзара бағалайды. ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек»						
Аяқталуы 3 минут	«Екі жақты күнделік» әдісі. Оқушылар «Керқұла атты Кендебай» ертегінің ішінен өзіне ұнаған және ұнамаған жерлерін қысқаша жазып шығады. Неге ұнады, неге ұнамады? Сол жөнінде қорытынды жасайды.	Кесте 					
Кері байланыс 5 минут	<table border="1"> <tr> <td>Ұнады</td> <td>Ұнамады</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>ҚБ. «Мадақтау»</p> <p>«Білім ағашы» әдісі. Тақтада ағаш ілініп тұрады. Оқушылар түрлі-түсті жапырақтар іледі. Әр түстің өзіндік мәні бар. Жасыл түс - «барлығын дұрыс түсіндім», сары түс - «қиындықтар болды», қызыл түс - «кейбір мәселені түсінбедім». Үйге тапсырма: «Кендебай қалай батыр болды?» атты тақырыпта әдеби эссе жазып келуге беріледі.</p>		Ұнады	Ұнамады			
Ұнады	Ұнамады						
Қосымша ақпарат							
Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қосымша көмек қажет ететін оқушыларға бағыт-бағдар беріп отырамын; қабілеті жоғары оқушылар өз ойларын эссе жазуда терең жеткізе алады.	Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? «Басбармақ»  «Екі жұлдыз, бір тілек» Жұмыстың екі сәтті тұсы мен бір ұсыныс айтылады. «Бағдаршам» ● → «Кейбір мәселені түсінбедім» ● → «Жартылай түсіндім» ● → «Барлығын түсіндім»	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс Интербелсенді тақта, тарих, қазақ тілі.					

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН «АТЫМТАЙ ЖОМАРТ» ӘҢГІМЕСІ (5-сынып)

	Қалыптастырушы бағалау үнемі сабақ барысында жүріп отырады.
<p>Рефлексия Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</p>
<p>Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</p>	

О қ ы т у мақсаты	5.1.1.1 – Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығымен танысу. Тұңғыш қазақ елінің ағартушысы, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы екендігі туралы мәлімет алу. «Атымтай жомарт» әңгімесінің фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5.1.4.1 – «Атымтай жомарт» әңгімесін мәнерлеп оқу.
С а б а қ т ы н мақсаты	Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын таныстыру. Тұңғыш қазақ елінің ағартушысы, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы екендігі туралы мәлімет беру. Әңгіме мазмұнын түсіну, идеясын ашуға мүмкіндік беру, өмірдегі шындыққа көзқарастарының қалыптасуына негіз дайындау. Өмір туралы түсініктерін кейіпкер әрекеті арқылы талдап, дамыту. Әңгімені оқыта отырып, оқушыларды адамгершілікке, қанағатшыл, сыпайы болуға тәрбиелеу. Ысырапшылдықтан аулақ болуға үйрету.
Міндеті	Оқушылардың тақырыпты түсінуіне, меңгеруіне ықпал ету, материалды бекітуді қамтамасыз ету.
К ү т і л е т і н нәтиже	Ы.Алтынсариннің – қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы-педагогі, жазушы, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушысы екені туралы біледі. Балалар әдебиетінің атасы екені туралы түсініктерін толықтырады. Қанағатшыл болуға талпынады. Еңбекпен тапқан нанның тәтті болатынын білетін болады.

7 модульдің қолданылуы	«Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану», «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету», «Оқушыларды жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту».
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Менің досым» жаттығуы, «Ассоциациялық қатар», «Инсерт» әдісі, «Венн диаграммасы», «Кубизм» әдісі, «ПОПС» формуласы, «Төрт сөйлем» тәсілі, «Плюс, минус, қызықты».
Қолданылатын ресурстар	Флипчарт, маркерлер, портреттер, тақта, стикерлер, ноутбук.
Пәнаралық байланыс	ҚАЗАҚ ТІЛІ

Сабақ кезеңдері	Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі	«Менің досым» жаттығуы	Жаттығу тәртібін түсіндіремін.	Жаттығу орындайды.
Сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіру	Мұғалім сөзі	Сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіремін.	Сабақтың мақсат-міндеттерін анықтайды.
Білімді өзектендіру	«Ассоциациялық қатар»	Тапсырманың шарты түсіндіріледі.	«Жомарт» сөзімен ассоциациялық қатар құрады.
Үй тапсырмасын тексеру	«Егер мен ...» ойыны	Ойын шартын түсіндіремін.	«Егер мен ...» ойыны бойынша оқушылар үй тапсырмасы туралы қорытындыларын жасайды.
Жаңа тақырыпты оқып-үйрену	«Инсерт» әдісі	Тапсырма шарты түсіндіріледі.	Кесте толтырады.
	«Жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеру тапсырмалары»	Тапсырмаларды орындауды қадағалайды, оқушылар жауабын тыңдайды.	«Білу», «Түсіну», «Талдау» қадамдарының тапсырмаларын орындайды.

Талқылауға арналған сұрақтар	1.Әңгіме оқырманға қандай үлгі көрсетеді?	2.Қазіргі заманның Атымтай жомарты қандай?	3.Егер сен бай болсаң, не істер едің? Сұрақтарға жауап береді.
«Венн диаграммасы»	Тапсырма шартын түсіндіремін	Ы.Алтынсарин оқыған мектеп пен қазіргі мектепті салыстырады.	«Ыбырай және болашақ қазақ мектебі» тақырыбында пікір таластырады.
		Тапсырма шартын түсіндіремін.	Атымтай жомартты Антонмен салыстырады.
Бекіту	«Кубизм» әдісі «ПОПС» формуласы	1.Баяндаңыз. (Әдеби шығарманың мазмұнын баяндайды.) 2.Зерттеңіз. (Шығарма туралы, оның авторы туралы зерттеу жүргізеді.) 3.Сұрақ құрастырыңыз. (Әңгіме желісі бойынша сұрақтар құрастырады.) 4.Талдаңыз. (жомарт пен сараң адам бойындағы қасиеттерді талдайды.) 5.Афоризмдерді табу. (Шығармадағы нақыл, мақал-мәтелдерді табу.) 6.Дәлелденіңіз. (Шығармада көтерілген мәселені, кейіпкерді қазіргі заманмен салыстырады.) Тапсырма шартын түсіндіремін.	«Атымтай жомарт» әңгімесі бойынша пікірлерін жазады. Әңгіме кейіпкерлері, идеясы туралы ойларымен бөліседі.

Ұ. СЫЗДЫҚОВА,
№187 М.Шоқай атындағы
қазақ орта мектебі.
Қызылорда қаласы

Ш.МҰРТАЗА «ТҰТҚЫН БАЛА» ӘНГІМЕСІ

(«Қызыл жебе» романынан үзінді)

		« М е н і ң ойымша,...» «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...» «Мен оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...» « О с ы ғ а н байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»	
Қорытындылау	«Төрт сөйлем» тәсілі.	А т ы м т а й ж о м а р т образы туралы пікірлерін білдіруді сұраймын.	А т ы м т а й ж о м а р т образы туралы пікірлерін білдіреді.
Бағалау	Топта отырған оқушылар әр тапсырма соңында бір-бірін, топты бағалайды.	Ө з і н - ө з і бағалауды, топ тағы оқушылардың бағалауын қадағалайды, ұсыныстарын айтады.	Бағалауды іске асырады.
Үй тапсырмасы	Шығармаға СКТ жасау	Үй тапсырмасын орындау тәртібін түсіндіремін.	Үй тапсырмасын жазып алады.
Рефлексия	«Плюс, минус, қызықты»	Р е ф л е к с и я ш а р т ы интерактивті тақтадан көрсетіледі	Ұ сы н ыл ғ а н к е с т е н і толтырады, пікірлерін білдіреді.

Жалпы мақсат:	Оқушыларға қазақ халқының өткені туралы түсіндіру, осы әңгіме бойынша алған білімдерін жүйелеу, бекіту, Тұрар Рысқұлов сияқты қоғам қайраткерінің өмір өткелдерін білдіру, тарихи адамның әдеби кейіпкерге айналуы жөнінде және жазушының шұрайлы тілі жөнінде түсінік беру.
Сілтеме:	Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Қазақ тілі мен әдебиеті оқыту әдістемесі. 6-сыныпқа арналған оқулығы. Үлестірме материалдары.
Оқу нәтижесі:	Шерхан Мұртаза «Қызыл жебе» романындағы «Тұтқын бала» тарауы бойынша бала Тұрардың санасын оятқан түрме сабақтарын жете түсінуі, Тұрар арманы оның орындалған мұраты екенін дәлелдеу.
Сабақта қолданылатын материалдар:	Ш. Мұртаза мен Т. Рысқұловтың портреттері, слайдтар, 3 томдық «Қызыл жебе» романы, көркем әдебиеттер, бүктемелер, үлестірілме парақшалар, т. б.
Оқыту әдістері:	Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер, оқытуда АКТ-ны пайдалану, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.

Сабақ барысындағы мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:		
I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
	Оқушылар назарына «Нұрлы күн» видеоролигін ұсынады. Түстер арқылы топтастырады.	Орындарында отырып видеороликті тамашалайды. Ортаға шығып берілген түстерді таңдап, сол бойынша топқа бөлінеді.
II. Үй тапсырмасын сұрау	«Кім жылдам?» тапсырмасы арқылы оқушыларға ұяшықтардың біреуін таңдатады. Осы тапсырмада өткен тақырыптар бойынша жаңа сабақты меңгеруге негіз болатын қайталау сұрақтарын береді.	Талдау, жинақтау, қорыту.
III. Жаңа тақырып	 <p>Ш.Мұртаза 1932 жылы Жамбыл облысы, Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ деген жерде дүниеге келген. Жазушы өзін алғаш «Табылған теңіз» атты (1964) повесімен танытты.</p> <p>Шығармалары: «1941 жылғы келіншек», «Интернат наны», «Жүрекке әжім түспейді», «Қара маржан» т.б.</p> <p>Драматургиясы: «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Жалғыз үйлік зілзала», «Домалақ ана», «Есек саудасы» т.б. «Тұтқын бала» әңгімесінің «Қызыл жебе» романынан үзінді екенін және әңгіменің тарихи шындық екенін түсіндіремін, мазмұнын қысқаша баяндап беремін.</p>	

<p>1. Ш.Мұртаза қай жылы, қай жерде дүниеге келді? 2. Қандай оқу орнында оқыды? «Тұтқын бала» әңгімесі автордың қай романынан үзінді? «Қызыл жебе» романы қанша кітаптан тұрады? Тұрардың әкесі Рысқұл абақтыға не үшін түсті? Тұрардың орыс шіркеуінің қасынан өткендегі ойы? Түрмеге келген Тұрар немен шұғылданады? Бала Тұрарды әкесі абақтыға не мақсатпен алдырады? Әңгімедегі Ахат ата кім? Надзирательден Тұрар қандай қорлық көреді? Автор әңгімедегі тұтқындардың аяғындағы кісеннің үнін неге тенеңді? 1906 жылы маусым айында болған оқиға? Камерадағы әке мен баланың соңғы кездесуін суреттеу? Тұрар әкесімен қалай қоштасты? Тұрар неге тегін «Қырғызбаев» деп ауыстырды? «Қызыл жебе», «Аспара», «Көке» деген сөздер қандай мағына білдіреді? Тақтаға шыққан Тұрарға Атамырза неге күлді? Куәлік аларда Тұрар қандай қылмыс жасады? Иван Владимирович Тұрарға қандай тілек айтты?</p> <p>1-бөлім бойынша білімді бекіту тапсырмалары: Шығарманың композициялық құрылысына сюжеттік талдау-сатылай комплексті талдау. 1.Басталуы – 2.Дамуы – 3.Байланысы – 4.Шиеленісі – 5.Шарықтау шегі – 6.Шешімі –</p> <p>II. «Тұжырым кестесін» толтыру</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Кейіпкер</th> <th>Кейіпкер бойындағы адами қасиеттер</th> <th>Мендегі...</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Тұрар</td> <td>Еңбекқор, ержүрек, шыншыл, төзімді</td> <td>Өз бойындағы кездесетін қасиеттерін жазады</td> </tr> </tbody> </table> <p>III. «салыстыру» кестесі «Тұтқын бала» әңгімесіндегі Рысқұл бейнесі. «Балықшылар» әңгімесіндегі Еламан бейнесі.</p>			Кейіпкер	Кейіпкер бойындағы адами қасиеттер	Мендегі...	Тұрар	Еңбекқор, ержүрек, шыншыл, төзімді	Өз бойындағы кездесетін қасиеттерін жазады		
Кейіпкер	Кейіпкер бойындағы адами қасиеттер	Мендегі...								
Тұрар	Еңбекқор, ержүрек, шыншыл, төзімді	Өз бойындағы кездесетін қасиеттерін жазады								

	<p>2-бөлім. Тұрар Рысқұлов – көрнекті қоғам қайраткері «Шыңға шығу» ойыны арқылы Тұрар Рысқұловтың кемелденген шақтағы қызметтері жайлы сұрақтар беріледі. Ол үшін тақтаға таудың суреті салынған плакат ілінеді. Таудың етегінде, орта тұсында және шыңында сұрақтар салынған қалташалар болады. Әр оқушы өз қабілетіне қарай сұрақтар алып, жауап береді.</p> <p>Төменгі деңгей сұрақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Т.Рысқұлов қашан, қай жерде дүниеге келді? 2. Әкесі кім? 3. Болысты не үшін өлтірді? 4. Тұрар қандай оқу орнында оқыды? 5. Әйелінің аты кім? <p>Орта деңгей сұрақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тұрар қандай қызметтер атқарады? 2. 1916ж. ұлт-азаттық көтеріліске қандай қатысы бар? 3. Тұрардың неше баласы бар? 4. Моңғолияда қандай қызметтер атқарды? 5. Ұлт-азаттық көтерілісінің шығу себебі неде? <p>Жоғары деңгей сұрақтары:</p> <p>«Түрксіб» темір жолына Тұрардың қандай қатысы бар? Ленин мен Сталиннің тұсында Тұрар Рысқұлов қандай қызметтер атқарды? Әйелі айдауда қай жерде және қанша жыл болды? Тұрар қашан және қай жерде тұтқындалды? Тұрар қай жылы ақталды? Тұрардың неше баласы болды?</p>
IV. Шығармалық жұмыс	<p>«Дау-дамай» стратегиясы бойынша «иә, жоқ» сөздерін айта отырып, сұрақтарға жауап беру.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тұрар Рысқұлов – еңбекқор адам? 2. Бағбан болып жұмыс істеді? 3. 1915ж. Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын толық оқып бітірді? 4. 1916ж. ұлт-азаттық көтерілістің ұйымдастырушысы? 5. Тұрар 1957ж. ақталды? 6. М.Әуезовтың «Қараш-қараш» хикаясындағы оқиға желісі мен «Тұтқын бала» әңгімесі байланысты? 7. Тұрар Рысқұлов Қазақстан аумағында жерленген? 8. Түрмеде суық тиіп қайтыс болды? 9. Әдеби шығармада кейіпкер бейнесін жасауға тірек, негіз болатын өмірде болған адам, түпкі тарихи тұлғаны прототип дейді? <p>«Иә» жауабы – 5, «Жоқ» деген жауап - 4 болу керек.</p> <p>Прототип жайлы бірер сөз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүсіпбек Аймауытовтың «әнші» әңгімесіндегі Әмірқанның прототипі - Әнші Әміре Қашаубаев.

V. Қорытындылау	<p>Постер қорғау. Топпен жұмыс: «Тұтқын бала» әңгімесі бойынша ондағы кейіпкерлерге мінездеме береді.</p> <table border="1"> <tr> <td>Жағымды</td> <td>жағымсыз</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Жағымды	жағымсыз			<p>Білу, түсіну, қолдану. Әр топтың спикері шығып қорғайды.</p>
Жағымды	жағымсыз					
VI. Үйге тапсырмасын беру	<p>Ш. Мұрғазаның «Тұтқын бала» әңгімесін оқып келу.</p>	<p>Үй тапсырмасын білу, түртіп алу.</p>				
VII. Бағалау	<p>Формативті бағалау.</p>	<p>Топтардың бірін-бірі бағалауы.</p>				
VIII. Рефлексия	<p>Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстары туралы қысқаша жаздыру.</p>	<p>«Екі жұлдыз, бір тілек»</p>				

С.ҚУСПАН,
Қаракөл орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы

«ӨТЕГЕН БАТЫР» ДАСТАНЫ

Сабақ мақсаты: Оқушыларға жаңа білімді өздігінен игерту арқылы;

Білімділігі: шығарманың маңызы мен негізгі идеясын меңгерту.

Дамытушылығы: Өлеңмен жазылған шығармаларды оқып, талдай білуге, өз ойларын айтуға, өздіктерінен қорытынды жасап, пікір айтуға, сөйлей білуге машықтандыру.

Тәрбиелігі: Елін, жерін сүюге, батырлыққа, батылдыққа, өзара бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Сабақ түрі: Жаңа сабақты меңгерту.

Әдісі: түсіндіру, топтық, салыстыру, іздендіру, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, топтастыру, слайд

Пәнаралық байланыс: тарих, өмірмен байланыс

Сабақ барысы: Ұйымдастыру бөлімі.

Амандасу, оқушыларды түгендеу.

Сабаққа назарларын аудару.

Үй тапсырмасы *Ж.Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы.*

«Өрмекші торын» құрып, үй тапсырмасынан бір-бірімізге бір сұрақтан қояйық, торды бұзбай, жаңа сабаққа тілек айтайық.

Сұрақтар:

1. Ж.Жабаев қай жылы, қай жерде дүниеге келген ? (1946)
2. Кімнен бата алған?
3. Соғыста қайтыс болған ұлының аты кім?
4. Қай жылы Жамбылға мемлекеттік сыйлық берілді? (1941)
5. 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліске арнап жазған өлеңдерін ата?
6. Жамбылдың қай өлеңінен үзіндіні жатқа айта аласың?
7. Ж.Жабаевтың өлеңдерін ата?
8. Ж.Жабаевтың эпикалық туындыларын ата?
9. Жамбыл кімдермен айтысты?
10. 1831 жылы қай ақынмен айтысып, жеңіске жетті?

II. Жаңа сабақ

Сынып екі топқа бөлінеді.

«Ақындар», «Зерттеушілер».

1-тапсырма.

1-топ. Жырдың негізгі идесы қандай түсіндіріп айту. Бір шумақ өлең құрастыру.

2-топ. Зерттеушілер жырдан жер-су атауларын тауып оқиды, картадан көрсетеді. Жырдан үзіндіні жатқа айтады.

2-тапсырма.


1-топ. Жырдан Өтеген батырдың бейнесін оқу. Өтеген туралы мағұлмат беру.

2-топ Шығармалардың композициялық құрылымына талдау жаз.

Екі жақты күнделік

Асан қайғы	Өтеген
<i>Жырау, бейбіт өмірді аңсаушы, халық қамқоршысы, ел бірлігін сақтаушы, хандық дәуірде өмір сүрген жер сыншысы, дала философы.</i>	<i>Батыр, ақылды, төзімді халқының қамқоры, отарлау саясаты кезінде өмір сүрген, еліне өкпелі.</i>

төзімділік *намысшыл* *ел қамын ойлаушы*



3-тапсырма. Постер қорғау

1-топ. Қазіргі күннің батырлары?

2-топ. Өтеген батыр туралы не білдік?

Қорытындылау.

Мұғалім сөзі: «Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман-аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтанда қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, Өлмес рухының алдында басымызды иеміз!» **Н.Ә.Назарбаев.**

Кері байланыс

1. Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орындасаң, желкенді жасыл түске боя.

2. Егер саған сабақ барысында тапсырманы орындау белгілі бір қиындықтар тудырған болса, желкенді сары түске боя.

3. Егер саған сабақ қиын болып, мұғалімнің көмегі қажет болса, желкенді қызыл түске боя.

Үйге тапсырма: Өтеген батырға хат. «Туады ерлер ел үшін» эссе. **Бағалау.**

МЕНИҢ ДОСЫМНЫҢ СЫРТ КЕЛБЕТІ

Сабақ негізделген оқу мақсаттары	5.Т/А6. Коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру.
Сабақ нәтижесі:	<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа-жауап береді.</p> <p>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.</p>
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Тілдік құзыреттілік	Мейірімділік, адамгершілік, сыйластық, достық қасиеттерді бойына сіңіру
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.
Пәнаралық байланыс	Музыка, қазақ тілі.

Алдыңғы оқу	Автокөліктер тарихы	
Сабақтың жоспары		
Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы :	Ресурстар
Басталуы 5 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал қалыптастыру. Сынып оқушыларын «Жан досым» өлеңінің әр тармағын суыра отырып, шумақтары арқылы топқа бөлу.</p> <p style="border: 1px solid black; padding: 2px;">Іздегенде табылатын қасыңнан</p> <p style="border: 1px solid black; padding: 2px;">Көңілі бар қызғалдақтай ашылған</p> <p style="border: 1px solid black; padding: 2px;">Көріспесек сағыныштан жүдейтін</p> <p style="border: 1px solid black; padding: 2px;">Кім бар екен бала күнгі досыңнан</p> <p>«Миға шабуыл» 1)Өлең мазмұны қандай тақырыпқа арналған? 2)Достық, жолдастық деген сөздерді қалай түсінеміз? ҚБ Жарайсыңдар! Тақырыпты таптыңыз! Бүгінгі өтетін тақырыбымыз «Менің досымның сырт келбеті» деп аталады. Сабағымыздың оқу мақсаты айтылады. -Ал, балалар, онда сабағымыздың табыс критерийін құрып алайық.</p>	Өлең жазылған қағаздар
Ортасы 20 минут	<p>Білу және түсіну 1-тапсырма. Тыңдалым алдындағы тапсырма: Оқушылар, «Менің досым» атты тақырыпты мұқият тындайық. «МЕНИҢ ДОСЫМ»</p> <p>Ертеде ел арасында жаугершілік жиі болатын кезде, қазақтың екі жауынгері төс қағысып дос болады. Бірде әскерлер бір өзеннің бойына шатыр тігіп, дамылдапты.</p>	

<p>Тұтқиылдан жаудың қалың қолы шабуыл жасапты. Тонаған мал- мүліктерін тиеп кетіпті. Қолға түскен азаматтарды айдап әкетіпті. Әлгі екі достың біреуі жау қолына түседі. Досының қолға түсіп қалғанын естіген екінші батыр күздің қара суығына қарамастан, өзенді малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді. Анталаған жау әскерлері оны тарпа бас салады. Жауынгер өзін қолбасыларына апаруды өтінеді. Алып келген ол жаудың қолбасына :</p> <p>- Мен қолдарыңа түскен бір жауынгер досыма күн төлеп сатып алуға келдім. Менің оған айырбасқа беретін малым, мүлкім жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін. Ол- өзімнің өмірім. Досымды босатыңдар, ол үшін өзімнің өмірімді кияр едім, - дейді.</p> <p>Қолбасы ойланып отырып, оны сынамақ болады да:</p> <p>-Жарайды, мен сені қыршыннан қимай-ақ қояйын. Маған сол өміріңнің бір бөлшегін ғана берсең болады,- дейді.</p> <p>- Ол не? – дейді досын құтқаруға асыққан жігіт.</p> <p>-Маған сенің көздерің керек , - дейді қолбасы. - Екі көзіңді ойып аламын.</p> <p>- Ол да болсын, көзімді тезірек ал да, досымды босат, - дейді.</p> <p>Жігіт бұл сыннан толқусыз өтеді. Әлгі жауынгер тұтқыннан босаған досының иығына қолын қойып, зағип күйі қуанып, күлімдеп келе жатады.</p> <p>Мұны көрген жаудың қолбасы: « мынадай ерлері бар халықты тұтқиылдан келіп , қапыда бас салған жағдайда болмаса, бетпелбет ұрыста жеңу қиынға соғады,» - деп түйеді. Сөйтіп өз әскерлеріне шегінуге бұйрық берген екен.</p> <p>Дескриптор: Білім алушы –</p> <p>-эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданады;</p> <p>- диалогке даярлықсыз түседі, өз пікірін білдіреді.</p>	
---	--

<p>Қолдану. «Ойлан, Жұптас, Пікірлес» әдісі. ҚБ 1-тапсырма Мәтінді мұқият оқып, мәтіннің негізгі ақпараттарын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырыңыз (2 сұрақ) Археологтар «Месопотамияда немесе Азияда б.д.д. 4000-3500 жылдар аралығында дүниеге дөңгелек келген соң, көлік міну де пайда болды» деп есептейді. Ал автокөлік тарихы XV ғасырдан басталады. Сол кезде Леонардо да Винчи көліктің дизайны мен моделін жасаған болатын. Германиялық Карл Бенс 1885 жылы өзінің алғашқы автокөлігін жасап шығарды. Ол «Атсыз арба» деп аталды. Автокөлікті көп мөлшерде шығару ісі 1902 жылы басталды. Оны кейін Генри Форд кеңейте түсті. Форд 1908 жылы алғаш рет көпшілікке арналған көлік – «Қаңылтыр Лиззаны» алға тартты. 1769 жылы Николя-Жосеф Куньо француз армиясына арнап тұңғыш өздігінен жүретін автокөлік (әскери трактор) құрастырып шығарды. Германиялық Готтлиб Вильгельм Даймлер мен Вильям Май-бах 1886 жылы «Канстатт-Даймлер» деген ат пен мәлім, төрт тактылы қозғалтқыш орнатылған алғашқы төрт дөңгелекті көлікті ойлап тапты. Чарльз Эдгар Дуряөзінің бауырымен бірлесіп, газбен жүретін алғашқы көлікті шығарды. 1960 жылдары әлемде электрлі механизммен жұмыс істейтін көлік қолданысқа енді. Автокөлік шығарушылар ақырындап қауіпсіздік пен сенімділікке көбірек көңіл бөле бастады.</p> <p>Дескриптор Білім алушы □ Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады; ҚБ Жарайсыздар!</p> <p>2-тапсырма. ТЖ «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі Сыныптастарыңа өз досың туралы хат жаз. Жеке хат жазады, жұптасып ой бөлісіп, топта талқылайды</p> <p>Критерий: 1. Хатта ойдың жүйелі берілуі. 2. Өз досы туралы терең ақпарат бере білуі. 3. Достық туралы пікірін дәлелдеуі.</p>

<p>5 минут</p>	<p>«Автор орындығы» әдісі. Топтың шешімімен үздік жазылған хаттар автор орындығында оқылады.</p>  <p> ҚБ. «Үш шапалақ» әдісі арқылы топпен қолды үш рет шапалақтап мадақтау.</p>	
<p>Аяқталуы Сабақты бекіту 7 минут</p>	<p>– Сонымен бүгінгі сабағымыздың табыс критерийі қандай болып еді? – Үйге тапсырма: 5-тапсырма 133-бет</p>	
<p>Кері байланыс 3 минут</p>	<p>«Көңіл-күй таразысы» Сол жақта суретте - бұлыңғыр күн, бұлт, жаңбыр. Оң жақта – күннің көзі, бұлтсыз аспан. Көңіл-күйдің «күнді» немесе «жауынды» болуына байланысты, таразы аяқтары күннің соңында солға немесе оңға ауытқиды. Бұл ретте, төменде олар соған дейін ауытқыған секторда маятник санымен белгіленеді.</p>   	<p>Кес-те</p>

Колледж кеністігінде

Ә. МАНКЕЕВА,
“АТӘКЖК” ЖШС.
1 санатты оқытушы.
Алматы қаласы

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ. АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ИСАТАЙ БЕЙНЕСІ

Сабақтың мақсаты

Білімділік: Бүгінгі өскелең ұрпаққа ақынның кім екендігін, оның шығармаларының тақырыбын, мақсатын аша отырып, ақынды тағы да жаңа қырынан таныту, өлеңге талдау жасауды үйрету, өмірге, тарихқа жаңаша көзқарас қалыптастыру, ақын өміріндегі ұлтжандылықты ұғындыру.

Дамытушылық: Оқулық пен қосымша деректерді пайдалануға, өз ойларын еркін айтуға, өз пікірлерін еркін айтуға, ақын поэзиясын насихаттап, әдеби тілмен сөйлеуге дағдыландыру.

Тәрбиелік: Ұлтжандылыққа, батылдыққа, бірлікке, туған жерін, елін сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.

Сабақтың типі: Аралас сабақ.

Сабақты қамтамасыздандырылуы:

а) оқу-көрнекілік құралдар: Ақынның портреті, оқулықтар;

б) үлестірмелі материалдар: кима қағаздары ;

в) ТОҚ: «Өмір-дерек» слайд, үн таспа.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, қазақ тілі.

Өз бетінше жұмыс: өлеңдеріне сатылай кешенді талдау.

Сабақтың өту барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

1. *Студенттермен амандасу (2 мин);*

2. Балаларды түгендеу;

3. Сабаққа дайындығын тексеру.

Студенттердің біліктілігі мен дағдысын тексеру.

Үй тапсырмасын тексеру.

а) Білімдерін жан-жақты тексеру;

Дулат Бабатайұлы кім?

«Еспембет» дастанының идеясы не?

Дулат Бабатайұлының өлеңдерінің идеясы неде ?

«Еспембет» дастанының кейіпкерлеріне смпаттама беру.

б) Жаңа сабақты түсіндіруге дайындық:

Жаңа тақырыптың мазмұны мен жүйесі: (35 мин)

1.Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығына тоқталу;

2. «Өмір-дерек» слайдын көру, керекті мәліметтерді жазу. (№1 қосымша);

3.Махамбеттің күйі – Айгүл Үлкенбаеваның орындауында «Жұмыр - Қылыш» күйінен үзінді тыңдау;

4. Тапсырмалармен жұмыс.

Оқушылар, біз сендермен Ислам дәуіріндегі әдебиет және сол кездегі әдебиет өкілдері, олардың туындыларымен таныстық. Сабағымыздың эпиграфы ретінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың *«Махамбет – ұлттық тұлға, оның батырлығын, ақындығын, күйшілігін, азаматтық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп кеңірек дәріптеу керек,»* – деген пікірін алып отырмыз. Махамбет поэзиясындағы ақын образы туралы З. Қабдолов *«Махамбет екі образ жасады – дейді академик Қ.Жұмалиев. Бірі – Исатай образы, екіншісі – Махамбеттің өз образы»* Дәл айтқан! Махамбет бірнеше толғауында «алтын сөздермен» майдандас ағасы – «ақ кіреуке жағасы» Исатай Таймановтың – ол басшы, бұл қосшы боп қасында бірге жүрсе де, ұсынса қолы жетпес алыс *«арманының - таудан мұнартып ұиқан тарланның, кермиығы-кербезінің, керіскендей шандозының, құлындай аицы дауыстының, құлжадай айбар мүйіздінің, қырмызыдай ажарлының, Хиуадай базарлының, теңіздей терең ақылдының, тебіренбес ауыр мінездінің»* тастан қашалғандай сом тұлғасын әуелі осылай мүсіндеп, мінездеп алады да, одан әрі бұл суретті қимылсыз статика қалпында қалтырмай, алай-дүлей асау динамикаға көшіріп, асқақтата, аспандата шарықтатады. Махамбет Исатай батырдың адамгершілігін, батырлығын, қайсарлығын сипаттаған *«Исатай деген ағам бар», «Тайманның ұлы Исатай», «Атадан туған аруақты ер»* өлең-жырларында өз өмірінің мән-мағынасын халық мүддесі мен әділдік, теңдік үшін күресте деп танып, сол ізгі

жолда жанын аямай құбан болуға барған күрескер ердің бейнесін сомдаған.

«Өмір-дерек» слайдын көру, керекті мәліметтерді дәптерге жазу. (№1 қосымша).

Махамбет Өтемісұлы туралы жазылған әдеби шығармалар:

1. Н. Шөреков «Исатай-Махамбет» поэмасы;

2. М. Шаханов «Нарынқұм трагедиясы»;

3. М. Ниеталиев «Арыстан еді-ау Исатай» поэмасы;

4. Ф. Оңғарсынова «Алмас қылыш»;

5. Т. Әлімқұлов «Қараой» әңгімесі;

6. Ә. Әлімжанов «Махамбеттің жебесі».

Жаңа материалды бекіту, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру: (31 мин)

«Топтастыру стратегиясы». Әр топқа төмендегідей кестелер таратылады. Толтырып болғаннан кейін әр топтың спикері өз кестелерін қорғайды.

1.Махамбет Өтемісұлы кім?.....

2.Махамбет жырлары.....

3.Махамбеттің айналасындағы адамдар.....

4.Махамбет өлеңдерінің идеясы.....

КӨРІНІС

Сарайда отырған – Жәңгір хан. Айналасында Баймағамбет сұлтан, сарайдың билері, уәзірлері тб.

Жәңгір хан Махамбетті шақырып:

– Әй, Махамбет, арамыздан шыққан от ауызды, орақ тілді ақын емессің бе? Жырла, мені мақтап жұртқа.

Махамбет:

– Айтсам айтармын хан Жәңгір, жұртқа жасаған ісінді. Қарапайым халықтың ақысын жеп, табаныңа таптамадың ба мына жұртты?

Хан емессің қасқырсың,

Қас албасты басқырсың.

Достарың келіп табалап,

Дұшпаның сені басқа ұрсын.


Хан емессің аянсың,

Айыр құйрық шаянсың, – деп айта бергенде, **Жәңгір хан:**

– Тоқтат! Жетеді енді!

– Балалар, осы көрініс арқылы Махамбеттің бойыннан қандай қасиеттерді байқаймыз? Студенттердің жауабын тыңдаймын, сараптама жасаймын.

Ақын поэзиясындағы ерекшеліктерді анықтау мақсатында тапсырма беріледі. Сызба бойынша жұмыс.



1- топ. Ақын өлеңдерінің тақырыбы. (Ел, халық, Исатай жайлы);

2-топ. Түр жаңалығы. (Ұйқас – шұбыртпалы, кезекті);

3-топ. Тіл көркемдігі. (Афоризмдер, эпитет, теңеу, метафора, омоним, синоним, риторикалық сұраулы сөйлем, аллитерация, ассонанс, параллелизм).

Сергіту сәті. *«Жұмыр-Қылыш» күйінің шығуы:* Исатай өлгеннен кейін жалғыз қалған Махамбет тағы да күш жинап, ханнан кегін алу үшін Жайық бойындағы Байбақты еліне барады. Ол жақта Жұмыр (шын аты Садыр) және Қылыш деген батырлармен кездесіп, жолдас болады. Жасырынып жүрген, жанына екі батырды ерткен Махамбет Байбақты ауылының төрелерімен отырған Баймағамбет Айшуақовтың үстінен түседі. Баймағамбет сұлтан Махамбетті ұстауға әрекет жасайды. Сол кезде Жұмыр мен Қылыш оны арашалап, ұстатпай, топтан аман алып кетеді. Махамбет осы оқиғаға байланысты «Жұмыр-Қылыш» күйін екі батырға арнаған. Айгүл Үлкенбаеваның орындауында «Жұмыр-Қылыш» күйінің үзіндісін үн таспадан тыңдаймыз.

Өлеңдерінің құрылысына, идеясына қарай талдау, түсіндірме сөздікпен жұмыс:

Дәптермен жұмыс. «Ереуіл атқа ер салмай», «Менің атым Махамбет», «Тайманның ұлы Исатай».

(*гипербола, эпитет, аллитерация, ассонанс*).

– Ерлерді күреске, азаматтыққа шақыратын ереуіл толғауы. 7-8 буынды, 3 бунақты, 20 тармақты шұбыртпалы ұйқасты өлең.

Гипербола – (Өзіңнен шыққан жас бала,
Сақалы шығып жат болмай).

Эпитет – (егеулі найза, алты малта, ұлы түске, ку толағай –
қу бас мағынасында).

Аллитерация –
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Түн қатып жүрiп, түс қаппай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай...

Ассонанс –
Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку – еңку жер шалмай,
Ер төсектен безінбей,
Ерлердің ісі бітер ме?!

Сабақты қорытындылау: (15 мин).

Пікірталас. Тамыры терең, астарлы сұрақтар.

1. Бүгінгі күннің Махамбеті болсам, кіммен немесе немен күресер едім?

2. Бүгінгі күннің Махамбеті деп кімді айтар едің?

Рефлексия (2 мин).

1. Бүгінгі жаңа сабақ сендерге қандай әсер қалдырды?

2. Не білемін? Не білдіңіз? Не білгіңіз келеді?

Бағалау. 5 _____ 4 _____ 3 _____ (3 мин)

Үйге тапсырма. (2 мин)

«Менің атым – Махамбет», «Тайманның ұлы Исатай» өлеңдерін жаттау. «Тұлғаны танып білейік» еркін тақырыпта шығарма жазу.





Жұмыс орнын жинақтау.

Ә. ПРИМОВА,
Абай атындағы
№138 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі.
Қызылорда қаласы,
Абай ауылы

АЛҒАШҚЫ ҒАРЫШКЕРЛЕР. СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙЛАРЫ

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.Т/А4.Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау. 5.ӘТН4.3.Сын есімдердің шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу.
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: - Мәтінді түсініп оқып, тірек сөздерді табады; - Жетекші сұрақтарға жауап беру арқылы мәтіндегі негізгі ойды анықтайды; - Сапалық сын есімдерді салыстырмалы, күшейтпелі шырайға айналдырады; - Заттанған сын есімдерді дұрыс қолданып, сөйлемді толықтырады.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: - Оқылым және тыңдалым мәтіндегі ортақ ойды шырай түрлерін қолдана отырып табады; - Тақырыпқа қатысты аяқталмаған сөйлемді жалғастыруда зеректік танытады.
	Кейбір оқушылар орындай алады: - Мәтіндегі ойды өмірмен байланыстырып, сыни тұрғыдан шығармашылықпен дәлелдейді.
Бағалау критерийлері	1.Мәтіндегі тірек сөздер мен жетекші сұрақтарға жауап беру арқылы негізгі ойды анықтайды. 2.Сын есімнің шырай түрлерін ажыратады, зат есімнің орнына орынды қолданады.

Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: Алғашқы ғарышкерлердің ғарыштағы сапарын баяндайды. Шырай түрлерінің жасалу жолдарын біледі. Сын есімдерді зат есімдердің орнына қолданады. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Ғаламшар, ғарыш, ғарыш кемесі, ғарышкерлер, скафандр, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, сын есімнің заттануы. Диалог құруға /шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Ғарышқа ұшырылған жануарлар, тұңғыш ғарышкерлер, қазақ ғарышкерлері, Лайка, Белка, Стерелка, I Альберт, II Альберт, VI Альберт есімді маймылдар, Ю. Гагарин, В.Терешкова, Т.Әубәкіров. Талқылауға арналған сұрақтар: -Адамдарды ғарышқа ұшыру шешімі қалай жасалды? - Сын есімнің шырайларының ерекшеліктері неде? - Сын есімдерді зат есім орнына қалай қолдануға болады? Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба? - Неліктен ғарышқа жануарларды бірінші ұшырған?	
Пәнаралық байланыс	Астрономия, Тарих	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Аспан әлемінің құпиялары туралы зерттеулер Сапалық, қатыстық сын есімдер	
Құндылықтарға баулу	- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясындағы индустриаландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу құндылығы; - өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; - шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; - өмір бойы оқуға дайын болу.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар

<p>Сабақтың басы 1 минут</p>	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесіп, «Гүл шоғындағы ыстық лебіз» тренингі арқылы сыныпта жағымды ынтымақтастық ахуал туғызуға бағыттаймын. «Ең, ең» сөзін қолдана отырып, аспан әлеміндегі ғаламшарлар бойынша топқа біріктіремін.</p>	<p>Гүл шоғы </p>
<p>1 минут</p>	<p>1-топ: Ай - Жерге ең жақын аспан денесі. 2-топ: Юпитер - ең алып ғаламшар. 3-топ: Плутон – ғаламшарлардың ішіндегі ең кішісі.</p>	<p>Топ аты жазылған суретті таратпалар</p>
<p>2 минут</p>	<p>II. Үй тапсырмасын сұрау. 4-тапсырма. Мәтінді оқып, сын есімдерді табыңдар. Өздерің тапқан сын есімдерді сапалық және қатыстық деп ажыратыңдар. «Қос шенбер» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау.</p>	<p></p>
<p>1 минут</p>	<p>«Сиқырлы таяқша» әдісі арқылы оқушылардың үй тапсырмасы тексеріледі. Қалыптастырушы бағалау: «Соңғы сөзді мен айтайын» әдісі арқылы оқушылар бір-бірін өзара бағалайды. Кері байланыс: «Ауа райы» әдісі бойынша таратылған күн белгісіне тапсырманы орындаудағы жетістіктерін, бұлт белгісіне түсініксіз немесе орындауда қиындық тудырған тұстарын жазады</p>	<p> </p>
<p>1 минут</p>	<p><input type="checkbox"/> Күн – үй тапсырмасын орындауда не сәтті болды? <input type="checkbox"/> Бұлт – үй тапсырмасын орындауда қандай қиындықтар туды? «Мозаика» әдісімен кима қағаздағы сөздерді құрастырып, жаңа тақырыпты табады.</p>	<p>Қима қағаздар</p>
<p>Сабақтың ортасы 5 минут</p>	<p>III. Жаңа тақырып. – Алғашқы зарышкерлер. Сын есімнің шырайлары. Мұғалім түсіндірмесі. Слайдта көрсетілген үйлердің көлемін сын есіммен айтқызу.</p>	

<p>1 минут</p>	<p>Бағыттаушы сұрақ: Үйлердің биіктігі бірі екіншісіне қарағанда қандай? Биік- биігірек - тым биік.</p>	<p>АКТ, слайдтар</p>
	<p>Бір тектес сапалық сынның бірінен екіншісінің артық я кемдігін, әр түрлі дәрежеде болатынын білдіруді сын есімнің шырайы деп атайды. Мысалы: қызыл-ырақ сөзі заттың сынын салыстырмалы түрде көрсетіп тұрса, қып-қызыл сөзі бір заттың сынын екінші заттың сынына қарағанда күшейтіп көрсетіп тұр. Шырай жасауға негіз болатын тұлға - сапалық сын есімдер. Сын есімнің екі түрлі шырайы бар. 1. Салыстырмалы шырай - бір заттың сындық белгісін екінші затпен салыстыру арқылы оның артық немесе кем екендігін білдіретін шырайдың түрі.</p>	
	<p>Салыстырмалы шырайдың жасалуы: -рақ, -рек, -ырақ, -ірек; -дау, -деу, -тау, -теу жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: үлкен – үлкенірек, қызыл – қызылдау.</p>	<p>Кестелер</p>
	<p>2. Күшейтпелі шырай – біркелкі сындық белгінің бірі екіншісінен өте артық немесе өте кем екендігін білдіретін шырайдың түрі. Жасалуы:</p>	<p>Интер-белсенді такта, флип-чарт, маркер</p>
	<p>1) сын есімге күшейткіш буын қосарлануы арқылы жасалады: үп-үлкен, қып-қызыл; 2) өте, аса, тым, ең, тіпті, орасан, кілең және тағы басқа күшейткіш сөздердің сын есімдермен тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: өте үлкен, тым қызыл, аса үлкен, орасан зор.</p>	
	<p>Сын есімнің заттануы</p>	
	<p>1. Сын есімге көптік, септік, тәуелдік жалғаулары жалғанса, сын есім зат есімнің орнына жүреді. Сын есімнің зат есім орнына жұмсалуы сын есімнің заттануы деп аталады. Мысалы: Ақылды (кім?) байқап сөйлейді, ақымақ (кім?) шайқап сөйлейді. Ақылды, ақымақ (адам) – бастауыш. Еріншектің (кімнің?) ертеңі бітпес. Еріншектің (адамның?) – анықтауыш.</p>	
	<p>2. Сын есім барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктердің жалғауын меңгеріп, заттанады. Мысалы: Біліміден (кімнен?) шыққан сөз, талаптыға болсын кез. (Абай.) Үлкенге (кімге?) құрмет, кішіге (кімге?) ізет. Жасы кіші болса да, ақылдыны (кімді?) аға тұт. Жассыда (кімде?) жаттық жоқ.</p>	

10 минут	<p>Оқылым/айтылым. Топтық жұмыс. Оқылым алды тапсырма. Ой қозғау. Аспан әлемін сын есімдерді қатыстырып сипаттау.</p> <div style="text-align: center;"> </div> <p>Оқылым тапсырмасы. 1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінді жеке түсініп оқып, «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі арқылы мәтін мазмұны бойынша берілген топтық тапсырманы орындайды.</p> <div style="text-align: center;"> </div> <p>1-топ: «Кластер» әдісі арқылы мәтіндегі тірек сөздерді жазады. 2- топ: «Кафель» әдісі арқылы суреттерді ретімен орналастырып, мәтін мазмұнын баяндайды. 3- топ: Тұжырым кестесін толтырады.</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 25%;">Таныс ақпарат</th> <th style="width: 25%;">Жаңа ақпарат</th> <th style="width: 25%;">Мен бас-қаша ой-лап едім</th> <th style="width: 25%;">Мені таң қалдырды</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>Бағалау критерийлері: 1. Мәтіндегі тірек сөздер мен бағыттаушы сұрақтар арқылы негізгі ойды түсіндіреді. 2. Мәтін идеясын түсіндіруде сын есім шырайларын, заттанған сын есімдерді қажетіне қарай қолданады. Дескрипторлар: - Мәтін мазмұнын ашатын тірек ұғымдарды кестеге жазады. - Мәтін мазмұнын өз сөздерімен әңгімелейді.</p>	Таныс ақпарат	Жаңа ақпарат	Мен бас-қаша ой-лап едім	Мені таң қалдырды					<p style="text-align: right;">«Қазақ тілі» оқулығы, 181-бет</p> <p style="text-align: right;">Плакат, маркер</p> <p style="text-align: right;">Плакат, суреттер</p> <p style="text-align: right;">Плакат, маркер</p>
	Таныс ақпарат	Жаңа ақпарат	Мен бас-қаша ой-лап едім	Мені таң қалдырды						
4 минут										

5 мин.	<p>- Сын есім шырайларын, заттанған сын есімдерді қолдана отырып, мәтіндегі негізгі ойға байланысты өз пікірін білдіреді. Қалыптастырушы бағалау: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі бойынша топтық бағалау жүргізіледі. Кері байланыс: «Бағдаршам» әдісі арқылы тақырыпты қаншалықты дәрежеде түсінгенін анықтаймын. Қызыл түс-мен тығырыққа тірелдім, ештеңе түсінбей қалдым. Сары түс- мен түсінемін, бірақ барлығын емес. Жасыл түс – мен жақсы түсіндім және басқаға да түсіндіре аламын. Оқылымнан кейінгі тапсырма. «Сұрақты қағып ал» әдісі арқылы жетекші сұрақтарға жауап береді. Мұғалімнің жетекшілігімен сұрақ кооды өздері жалғастырады. 1. Адамзаттың ғарышқа ұшу сапары қай жылдан басталды? 2. Неліктен ғарышқа жануарларды бірінші ұшырған? 3. Маймылдарды ұшырудағы сәтсіз, сәтті тұстар қайсы? 4. Ғарышты игерудегі мақсат не? 5. Адамзат неліктен ғарышты игеруі керек? Тыңдалым/жазылым. Жұптық жұмыс 4-тапсырма. №45-аудионы тыңдаңдар. Оқылым мен тыңдалым мәтіндері негізінде сын есім шырайларын қолдана отырып, Венн диаграммасын толтырындар.</p> <div style="text-align: center;"> </div> <p>Дескрипторлар: - Шырай түрлерін қатыстырып, негізгі ойды сызбаға сөйлем түрінде береді. - Ойын анық, орфографиялық тұрғыдан сауатты жазады. «Орындықтағы стикер» әдісі арқылы сұралады. Қалыптастырушы бағалау: «Бағалау сэндвичі» арқылы бағалау.</p>	<p style="text-align: right;">АКТ, элек- тронды оқулық</p> <p style="text-align: right;">Венн диаграм- масы, маркер</p>
	4 минут	

7 мин.	<p>1-қабат – тапсырманы орындағаны туралы оң пікір. 2-қабат – толықтыруды қажет ететін түзетулер енгізу. 3-қабат – алдағы оқуына бағдар беру. Кері байланыс: «Архиватор 3-2-1» әдісі бойынша <i>Тапсырма орындаудағы 3 маңызды ақпарат.</i> <i>Тапсырманы орындаудың 2 қиын тұсы.</i> <i>Мұғалімге немесе сыныптасына 1 ұсыныс.</i> Жеке жұмыс. Деңгейлік тапсырмалар 1-деңгей. Сөздерді сәйкестендір.</p>		Таратпалар
	1961 жылдың 12 сәуірінде ғарышқа сапар шеккен ең алғашқы адам.	«Ғарышқа адам ұша алады» деген тұжырым жасалды.	Конверттегі деңгейлік тапсырмалар
	Ғарыш кеңістігі өте ыстық.	Юрий Гагарин	
	1960 жылы ғарышқа қазақ жерінен аттанған Белка мен Стрелка есімді иттердің сапары сәтті аяқталды.	Тоқтар Әубәкіров	
	Ғарыш кеңістігіне П Альберт I Альбертке карағанда 134 шақырым биігірек көтерілді.	Валентина Терешкова	
	Жерді 48 рет айналды.	Заттанған сын есім	
	Арал теңізіне байланысты ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді.	Күшейтпелі шырай	
	Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын.	Салыстырмалы шырай	
	2-деңгей. Кестенің екінші бағанын толтыр.		
	Толықтыруды қажет ететін сөйлемдер	С і з д і н жауабыңыз	
Маймылдар тапсырманы адамдармен шамалас орындайды. Бұны неден көруге болады?			
В.Терешкованың ғарыш кеңістігіндегі айрықша жетістігі -			
Тоқтар Әубәкіровті неліктен мақтан тұтамыз?			
(Кімді?) сен сыйласаң, (кім?) сені сыйлайды (Кім?) сені сыйласа, кісі сыйлайды.			

	<p>3-деңгей. Адамзаттың ғарышты игерудегі жетістіктерін бүгінгі өмірмен байланыстырып, пирамидаға орналастыр.</p> <p style="text-align: center;"><i>Ертең</i></p>  <p style="text-align: center;"><i>Бүгін</i></p> <p style="text-align: center;"><i>Кеше</i></p> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» арқылы бағалау. Кері байланыс: «Табыс сатысы» әдісі. 1-саты: Тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндім. 2-саты: Алған білімімді пайдаландым. 3-саты: Тапсырманы орындай алдым.</p>	
Сабақтың соңы 2 мин.	<p>Үйге тапсырма 8-тапсырма. Сөйлемдерден сын есімдерді тауып, талдау жасаңдар. Сапалық сын есімдерден шырай жасаңдар.</p>	
	<p>«Айрықша тапсырма» Барлық оқушылар: ғарыш туралы қызықты мәліметтер жинақтайды. Қабілеті жоғары деңгейдегі оқушылар: https://www.youtube.com/results?search_query=ғарыш+туралы+қызықты+мәліметтер+сілтемесі бойынша, терминдердің мағынасын түсіндіре отырып, эссе жазу немесе таныстырылым дайындайды. Кері байланыс:</p> 	Таратпалар

Қосымша ақпарат		
<p>Саралау. Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау. Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері, денсаулық сақтау. АКТ-мен байланыс.</p>
<p>Топтық жұмыстың орындалу барысында бірлескен әрекетін бақылап, тыңдаймын. Білім алушылардың тапсырманы орындауына жетекші сұрақтар қою арқылы бағдар беремін.</p>	<p>1. Әр оқушының оқу мақсатына жеткендігін анықтау үшін бағалау критерийлері мен дескрипторлар қолданылады. Оқу мақсатына сәйкес ұсынылған тапсырмалардағы дескрипторлар оны қалай орындау керектігін нақты, түсінікті жеткізеді.</p> <p>2. «Соңғы сөзді мен айтайын», «Архиватор 3-2-1», «Екі жұлдыз, бір ұсыныс», «Бағалау сэндвичі» әдістері арқылы оқушылардың оқыту мен оқу үдерісінде қай деңгейде тұрғанын, уәжін арттыруға,</p>	

<p>Тапсырманы орындауға барлығының қатысуын қадағалаймын. Бірлескен оқуда бір-бірімен ынтымақтасып, өзін-өзі реттеуін, өзгелерден үйренуін, негізгі ойды табуда ортақ тұжырым жасауын «Кластер», «Кафель», «Тұжырым кестесі» әдістерін қолдану арқылы жетілдіремін. Бұл әдістермен берілген топтық тапсырмалар оқушының өзіндік оқуын қалыптастырады. Оқудағы кедергілерін жеңу, өзгелердің пікіріне құрметпен қарау, топта, жұпта өзін таныта білуі үшін топтық, жұптық жұмыстар жүйелі жоспарланды. Оқылған, тыңдалған ақпаратты салыстырып, ортақ сөздерді, негізгі ойды тереңдету графикалық органайзермен жүргізіледі. Венн диаграммасы арқылы оқылым, тыңдалым мәтінін салыстыру оқу мақсатына сәйкес сөйлеу әрекетінің дамуын көздейді.</p> <p>Қосымша көмекті қажет ететін және қабілеті жоғары оқушылардың оқуға деген қажеттіліктерін, қызығушылығын арттыру үшін деңгейлік тапсырмалар сараланып берілді. Деңгейлік тапсырмалардың 3-деңгейінде ғарыштың адамзат үшін маңызы мен жетістіктерін шығармашылық-зерттеу тұрғысынан өмірмен байланыстырып дәлелдейді. Сараланған тапсырмалар әрбір оқушының оқу қажеттіліктері мен қабілеттеріне қарай тапсырмаларды таңдай отырып, тілдік бірліктерді орынды қолданады.</p>	<p>өз оқуына жауапкершілік алуына оң ықпал етеді. Оқыту мен оқу үдерісіне қатысушыларға оқушының нақты оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу мүмкіндігі туады.</p>	<p>Жағымды психологиялық ахуал туғызу мақсатында «Гүл шоғындағы ыстық лебіз» тренингі арқылы бір-біріне жылы лебіздерін, құрметін білдіреді. АКТ-мен жұмыс жүргізу кезінде адам өмірінің қауіпсіздігі басшылыққа алынады. Ұсынылған тапсырмалар білім алушының санасына, сезіміне оң әсер ететін және жалықтырмайтын болуы басшылыққа алынды.</p>
--	---	---

бірліктерді орынды қолданады. Оқу мақсаты бойынша оқытудың күтілетін нәтижесін анықтайды, Үй тапсырмасына «Айрықша тапсырма» әдісімен АКТ сауаттылығын дамыта отырып, ізденіс жұмыстарын жүргізуге бағыттаймын.		
Рефлексия		
1.Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?	Орта мерзімді жоспарда көрсетілген оқу мақсаты бойынша ойлау дағдыларының деңгейіне байланысты құрылған сабақ мақсаттары уақытпен белгіленген деңгейде жүзеге асырылды. Сабақ мақсатымен тығыз байланысты бағалау критерийі бойынша берілген тапсырмаларды оқушылар бірлесе және өз оқуына дербестік ала отырып, белсенді түрде орындап отырды. Оқылым, тыңдалым мәтініндегі тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтады, бір-бірінің пікірін толықтырып, ортақ тұжырымға келді.	
2.Бүгін оқушылар не үйренді?	Алғашқы ғарышкерлердің ғарышқа сапары және мақсаты туралы қызықты танымдық ақпаратпен танысты. Тірек сөздер арқылы жетекші сұраққа жауап беруге, өздері сұрақ құрастыруға дағдыланып, негізгі ойды анықтауды білді. Сын есім шырайлар қажетіне қарай қолдану жолдарын үйренді. Сын тұрғысынан ойлауды, топтық жұмыс барысында жауапкершілікпен бірлесе жұмыс жасауды, өмір бойы оқуға дайын болуды, мұқият тыңдауға, байланыстыра сөйлеуге, бірін-бірі әділ бағалауға дағдыланды.	
3.Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?	Сабақтың оқу мақсатына, ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес жоспарланған тапсырмалар жүйелі орындалды. Топтық, жұптық, жеке тапсырмалар үшін қолданылған әдіс-тәсілдер белсенді оқу ортасының қалыптасуында, өз бетінше білім алу дағдыларын дамытуда тиімділігін көрсетті. Жеке және топпен бірлесе жұмыс істеу қабілеті, сын тұрғысынан ойлау дағдылары, сөйлеу мәдениеті қалыптасты.	

4. Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?)	Білім алушының жеке қажеттіліктері мен сөйлеу әрекеттеріне негізделген топтық, жұптық, жеке тапсырмалар танымдық тұрғыдан нақты, жүйелі, қызықты болды. Белсенді әдістермен ұсынылған тапсырмалар арқылы оқушының оқыту мен оқу үдерісінде өзін-өзі реттеуіне, уәжін арттуына қолдау көрсетілді. Деңгейлік тапсырмаларды таңдау еркіндігі, қабілетін таныту құзыреттілігі, оқуын ілгелірету.
5. Уақытты қалай пайдаландым?	Топтық, жұптық, жеке жұмысқа бөлінген уақыт тиімділігі сақталды. Сабақтың әрбір кезеңіне жоспарланған уақыт бағалау құралдарының күрделілігіне қарай белгіленді.
6. Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?	Жетекші сұрақтарды мұғалім жетекшілігімен жүргізе отырып, білім алушылардың бір-біріне сұрақ қоюына мүмкіндік жасадым.
Қорытынды бағалау	
Қандай екі нәрсе ойдағыдай сәтті шықты. (оқытуды да, оқуды да есепке алыңыз)	
<ol style="list-style-type: none"> «Венн диаграммасы» әдісімен жүргізілген жұптық жұмыс. Әр түрлі әдіспен берілген топтық тапсырмалардың бірін-бірі толықтыруы. 	
Қандай екі нәрсені жетілдіру сабақты жақсартар еді? (оқытуды да, оқуды да есепке алыңыз).	
<ol style="list-style-type: none"> Сараланған тапсырмаларды әр түрлі әдіспен беру; Оқу қажеттілігін ескеріп, жүйелі түрде сөйлеу дағдыларын жетілдіру үшін тапсырмаларды іріктеп ұсыну. 	
Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?	
<ol style="list-style-type: none"> Оқушының жеке қабілеттеріне негізделген сараланған тапсырмалар түрін жетілдіру; Топтық, жұптық бағалауды критерийлер бойынша ашық, сенімді жүргізу. 	
Бағалау парағы	
Бағалау критерийі	Дескрипторлар
1. Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды.	<ol style="list-style-type: none"> Мәтінді оқып, тірек сөздерді табады. Жетекші сұрақтарға тірек сөздерді қолданып жауап береді. Мәтін мазмұнын өз сөзімен баяндайды.
2. Сын есімнің шырай түрлерін ажыратады, заттанған сын есімдерді сөйлемде орынды қолданады.	<ol style="list-style-type: none"> Сын есімдерді салыстырмалы және күшейтпелі шырайға жасалуына сүйеніп, айналдырады. Сұраққа жауап беруде өз ойын ауызша және жазбаша жеткізуде шырай түрлерін қолданады. Заттанған сын есімдерді қойылған сұрағына қарап, орынды қолданады.

Г.ДУЙСЕНҒАЛИЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Б.Қ.О. Казталов ауданы,
Карасу ауылы

ЖЕЙТІН АСЫҢ КӨП БОЛСЫН, ЗИЯНЫ ЖОҚ БОЛСЫН

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Т/А тыңдалған мәтін мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу. Ж. Әртүрлі мәтіндегі жанрларды жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру.	
С а б а қ т ы ң мақсаттары	Барлығы: Мәтін мазмұнын оқып түсінеді, ақпаратты анықтайды.	
	Көбі: Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажыратады.	
	Кейбірі: Мәтін мазмұны бойынша кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын күрделі жоспар құрайды.	
Бағалау критерийлері	1.Мәтінді тыңдайды және ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырату. 2..Мәтін мазмұнының құрылымын ескереді және бөлімдерге сәйкес жоспар жасау.	
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі.	
Пәнаралық байланыс	Өмірмен, биология.	
Құндылықтарды дарыту	Дұрыс тамақтануға, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.	
Бастапқы білім	Дұрыс тамақтанудың басы-тазалық	
Сабақ барысы		
С а б а қ т ы ң ж о с п а р л а н ғ а н кезеңдері	С а б а қ т а ғ ы ж о с п а р л а н ғ а н і с - әрекет	Ресурстар

Сабақтың басы	<p>Оқушыларды қазақтың ұлттық тағамдары бойынша топқа бөлу:</p> <p>– <i>Бауырсақ</i>; – <i>Бешбармақ</i>; – <i>Құрт</i>; – <i>Көже</i>.</p> <p>Миға шабуыл Құрамдары бойынша оқушылар сыни ойлай отырып тағам атауларын табады.</p> <p>- Қалай ойлайсындар, бұл тағамдар адам денсаулығына қалай әсер етеді? - Не себепті? - Сонымен, дұрыс тамақтану дегеніміз не?</p> <p>Оқушылар “карусель” әдісі арқылы бір сөйлемнен жазып шығады.</p> <p>ҚБ «Бас бармақ» Мінекей, балалар, біз бүгін асымыздың көп болуын, зиянының жоқ болуы туралы деректер арқылы білім аламыз. Бағалау критерилері хабарланады.</p>	«Миға шабуыл» стратегиясын қолдану. Қабырғаларға тағам суреттерін іліп қою.										
	Сабақтың ортасы	<p>Жүппен жұмыс 1-тапсырма Мәтінді мұқият тыңдап, мәтін мазмұнының бойынша әңгіме кестесін толтырыңыз, жұпта талқылаңыз.</p> <table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <td>Әңгіме тақырыбы</td> <td>Пайдалы тағамдар</td> </tr> <tr> <td>Мәтін бойынша сұрақтар</td> <td></td> </tr> <tr> <td>1. Қандай ұлттық атаулары бар?</td> <td></td> </tr> <tr> <td>2. Тағамның біреуіне тоқталып өтіңіз.</td> <td></td> </tr> <tr> <td>3. Пайдасы қандай?</td> <td></td> </tr> </table> <p>Дескриптор 1. Мәтінді мұқият тыңдайды. 2. Жұпта әңгімелесе отырып, кестені толтырады. ҚБ: «От шашу»</p>	Әңгіме тақырыбы	Пайдалы тағамдар	Мәтін бойынша сұрақтар		1. Қандай ұлттық атаулары бар?		2. Тағамның біреуіне тоқталып өтіңіз.		3. Пайдасы қандай?	
Әңгіме тақырыбы	Пайдалы тағамдар											
Мәтін бойынша сұрақтар												
1. Қандай ұлттық атаулары бар?												
2. Тағамның біреуіне тоқталып өтіңіз.												
3. Пайдасы қандай?												

	<p>Топтық тапсырма Тыңдалған мәтін негізінде ақпаратты анықтап, фактімен көзқарастарын білдіру.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Ақпарат</th> <th>Факт</th> <th>Көзқарас</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор 1. Ақпаратты анықтау. 2. Мәтін ішінен фактіні анықтап, өз көзқарастарын білдіру.</p> <p>ҚБ: Тамаша, керемет, жарайсың, өте тамаша. 3-тапсырма Мәтін бойынша құрылымын сақтай отырып, жоспар құрыңыз.</p> <p>Дескриптор 1. Мәтін құрылымын сақтайды. 2. Құрылымына сәйкес жоспар құрады. Жоспар Кіріспе бөлім _____ Негізгі бөлім _____ Қорытынды бөлім _____</p> <p>Қ.Б. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс»</p> <p>Бағалау, кері байланыс. «Шығу билеті» 1. Мен тағы да тапсырыс берем (не білгіңіз келеді?).... 2. Маған ұнағаны... 3. Менің асқазаным қорытты (нені толық білдің?).....</p>	Ақпарат	Факт	Көзқарас				
Ақпарат	Факт	Көзқарас						
Сабак-тың аяғы								
	Үй тапсырмасы: Құрылған жоспар бойынша шағын шығарма жазып келу.							
Сара-лау	Мәтін мазұнын беру. Жоспар құрылымын беру.							

Уақыт және әдебиет

С. ҚАЛИЕВА,
КМҚК М.О.Әуезов атындағы
педагогикалық колледжі,
қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы.
Семей қаласы

ҚҰНАНБАЙ ӨСКЕНБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Құнанбайды өз деңгейінде тереңірек танып ұғынуымыз үшін, алдымен Құнанбай өмір сүрген дәуірге көз жүгіртіп, ата-баба тарихы мен сол заманның саяси-әлеуметтік болмысын, қоғамдық ортасын білуіміз өте қажет. Ол үшін Құнанбайдың өзі ғұмыр кешкен заманы мен оның атасы Ырғызбай мен әкесі Өскенбайдың заманын салыстыра, сын көзбенен қарап, қазақ елінің әлеуметтік халін білмей, Құнанбайды жете тану қиын.

Тарихқа зер сала қарасақ, олардың заманы қазақ тарихындағы салмағы ауыр, қиыншылығы көп заман болды. Көшпелі ел өзінің ұзақ өмірінде сан шабуылға ұшырады. Соның ішіндегі ең сойқаны 1720 жылдардағы жоңғар қалмақтарының шапқыншылығы еді. Жоңғар шапқыншылығының алғашқы соққысына ұшыраған Жетісу мен Ертіс бойының қазақтары болды. Жоңғарлар ауылдарды өртеді. Малды айдап әкетті, бейбіт халықты қара шыбындай қырып салды. Өйткені жоңғарлардың шабуылы күтпеген жерден бірден төтенше басталған болатын. Сондықтан да амалы қалмаған қазақтар малына да, үй-жайларына да, дүние-мүліктеріне де қарай алмай, бас сауғалап қашуға мәжбүр болды. Дегенмен, жау әскерлерінің сан жағынан тым басым болғанына қарамай, қазақ жауынгерлері кескілескен ұрыс салып, қатты қарсылық көрсетті. Жау қолына ешкімнің де берілгісі келмеді. Әр қазақ «өзімнің туған жерімді, туған-туыстарым мен жақындарымды жауыз дұшпаннан қорғауға

міндеттімін» – деп ұқты. Жалпы алғанда, Қазақстанның батысындағы алыс аймақтар ғана аман қалды. Бұл кезең (1723-1727 жылдар) қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен аталады. Оның қазақ халқына тигізген зардабы – қайғы-қасіреті, аштығы мен қайыршылық халге душар етуі ауыр болды. Мыңдаған адам қырылды немесе тұтқын ретінде айдалып кетті. Қазақтар қырғыннан аман қалу үшін елдің батыс аймақтарына қарай жылжып, Жайық бойына дейін жетті, едәуір бөлігі Орта Азия мемлекетінің аумағына қарай ойысты. Мәселен, Сырдария өзенінен өтіп кеткен Орта жүз руларының көпшілігі Самарқанд қаласының төңірегіне, ал Кіші жүз қазақтарының едәуір бөлігі Хиуа мен Бұхар хандықтарына көшіп кетті. Қазақта Бұқар жыраумен тұстас жасаған Көтеш жырау осы «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына арнап өлеңдер шығарады. Қазақтар басынан кешірген сол бір орасан ауыр қайғы-қасіреттің символы «Елім-ай» атты зарлы жыр болды. (Оның мәтіні мен әуенін ақын, әрі жауынгер Қожаберген жырау шығарған деп те айтылады).

*Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.
Мына заман қай заман, бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман!
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын [1, 107].*

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» қазақ қоғамына тигізген зардабы орасан зор болды. Қазақтар шұрайлы мал жайылымдарынан айырылды. Көршілес мемлекеттермен сауда-саттық байланысы да уақытша үзіліп қалды. Бірақ ең ауыр азапты қайғы-қасірет туған-туыстар мен жақын жандардың қазасы болды. Шәкәрім

Құдайбердіұлының келтірген деректері бойынша, қазақтардың үштен екі бөлігі қырғынға ұшыраған. Енді бір бөлігі құлдыққа сатылып кеткен. Халық ашаршылыққа душар болды. Өлмей, аман қалу үшін қайыңның сөлін ішкен. «Қайың сауған» деген сөз содан қалған. Тірі қалғандар басқыншыларға шектен тыс ауыр алым-салық төлеп тұрған. Міне, осындай күн туған шақта Тобықты елі Сыр өзені бойымен өрлеп Ырғыз, Торғай, Кеңгір өзендерін біраз қыстап, 1780 жылдар шамасында зорға дегенде Ұлытау, Қарқаралы, Баян, Қу, Шыңғыс тауларына жетеді. Сол шақта Тобықты елін бастаушылардың бірі – Ырғызбай батыр екен. Ырғызбайдан туған Өскенбай, оның баласы Құнанбай да Тобықты елін билеген беделді адамдар болған.

М.Әуезовтің айтуы бойынша: «...*Ырғызбай 1750-інші жылдарда, Ақтабан шұбырындыдан кейін Арқаға қарай шығып ауган жолда, Ырғыз өзенінің жағасында туғандықтан, соның атымен аталыпты... Ырғызбай не би, не батыр сияқты болып, арнаулы бір өнермен ел алдында жарқырап шығып, басшылық қылған кісі емес. Ел есінде қалған сөздерге қарағанда бұл: адал, момын, ақкөңіл кісі болғанға ұқсайды*» [2, 6].

Осы Ырғызбайдың төрт баласының бірі – Өскенбай. Абайдың немере інісі Кәкітай Ысқақұлының естелігі бойынша «*Өскенбай би халық арасында әділ би атанып, алыс елдің адамдары да орталарындағы үлкен дауларына сол кісіні іздеп келіп жүгініп, билік айтқызып, бітіп қайтады екен*» делінген [3, 17]. Ескіден қалған «Ісің адал болса, Өскенбайға бар, арам болса, Ералыға бар» деген сөз осының айғағы болса керек. М.Әуезовтің айтуы бойынша Өскенбайда шектен шығып кететін ашу да бар, әйтсе де мінезі кекшіл емес, көп тілеуін тілегіш, кең болған екен.

«...*Өскенбай бір уақыт ауылына келіп отырған Мәмбетей деген кісіге ашуланып барып, мұрнын кесіп алғаны. Мұндай*

мінезі анда-санда болғанмен, көп уақыттағы көбінесе елге мәлім мінезі – адал, әділ, кең болғандықтан Өскенбай жалғыз өз еліне ғана емес, маңайдағы көрші елдерге де қадірлі болғанға ұқсайды. Сондықтан Тобықтыда жұмысы болмаған бөтен рулардың ісі де Өскенбайдың алдына келіп, бітім тауып жүргені болыпты... Жай тұрмыстағы әдеті: қонақшыл, көпшіл, мырза болса керек. Өскенбай жайында елдің көбінесе есінде қалғаны осы жағы «әрқашан қазанын қырып, дастарханын қызықтаған» деген сөздер көп естіледі» дейді [2, 9]. Өскенбай тұсында Тобықты елі жаңа жерге орналасып, мал-жанын түгендеп, ағайын іші бейбіт болған кезі екен.

Өскенбай би алғаш рет Тобықты елін Ресейге өз еркімізбен «подданный» боламыз деп Петербургтен келген Иван Семенович деген майордан кепіл қағаз алып, тұңғыш Ресейге бет бұрған адам екен. Өскенбайдың бес әйелінен он шақты бала туады. Соның ішінде Зереден екі ұл, бір қыз туған: Құттымұхамбет (қайтыс болған), қызы Тайбала және Құнанбай. Құнанбай отбасында жеке-дара, жалғыз өскен бала. Ол жас кезінен бастап-ақ қатал, пысық, еті тірі болып өседі. Қолына найза ұстап, балуандыққа түсіп, ұрысқа қатысып, мықты, ер, найзагер болады. Қатал да әділдігімен ерекшеленіп, әкесі Өскенбайдың тәрбиесінде ел билігіне араласты. 1834 ж. әкесінің орнына Күшік-Тобықты болысының старшындығына сайланады. Осыдан 1856 жылға дейін билік тізгінін қолынан шығармаған.

Құнанбай ел билеу, атақ-даңққа ие болу үшін биік мансапқа жетудің жолдарымен жүреді.

1. Ол да әке жолын қуып, Ресейге бет бұрады. Құнанбай тұсында қазақ хандығының жойылып, Қазақстанның тікелей патша үкіметінің әкімшілік жүйесіне қосылған уақыты еді. Бұл кезде билердің маңызы жойылып, қазақ даласында патша үкіметінің әкімдері сұлтан, болыс,

старшиналардың ықпалы көбейген шақ болатын.

2. Мұсылманша хат таныған Құнанбай ислам дінінің жолын берік ұстайды. Елге еріксіз намаз оқытуды үйретеді, зекет жинап, бірнеше жерден мешіт, медресе аштырады.

3. Феодалдық, патриархалдық дәстүрді берік ұстап, ескі жолды қатар ұстайды.

Оның атағын шығарған, оны үш жүзге әйгілі еткен іс – Өскенбайға берген ас. Әкесі 72 жасында қайтыс болады. Құнанбай асты Шыңғыстауда емес, жер ортасы Қарқаралы, Көкшетауға таяу бір кең алқапта өткізеді. Бұл ас атақты Керей Сағынайдың да асынан асып түседі. Бұл жайында І.Жансүгіров:

*Асына Өскенбайдың ел жиналды,
Бас қосып үш жүз бірдей мұнарланды,
Бойында Қарқаралы, Қу, Ереймен,
Мың сан қол бұлтша шөгіп жатып алды.*

Осы астан соң Құнанбай 1852 жылы Қарқаралы округіне ең соңғы аға сұлтан болып сайланады. 1846 ж. генерал Вишневскийдің ұлы жүз қазақтарын Ресейдің боданы ету мақсатында жүргізген арнайы экспедициясына қатысады. Экспедиция құрамында болған поляктың саяси қайраткері А.Янушкевич сапарнамалық күнделігінде Барақ сұлтан туралы айта келіп, Құнанбайдың қайраткерлік тұлғасы туралы: *“Немногим старшие султана Барака бий Кунанбай, это тоже большая знаменитость в степи. Сын простого киргиза, одаренный природой, здравым рассудком, удивительной памятью и даром речи, дельный, заботливый о благе своих соплеменников, большой знаток степного права и предписаний алкорана, прекрасно знающий все российские уставы, касающиеся киргизов, судья неподкупной честности и примерный мусульманин, плебей Кунанбай стяжал себе славу пророка, к которому из самых дальних аулов спешат за советом молодые и старые, бедные и богатые. Облеченный*

доверием сильного рода тобықты, избранный на должность волостного управителя, исполняет ее с редкостным умением и энергией, а каждое его приказание, каждое слово выполняется по кивку головой” – деп сипаттайды [4, 59-63].

Жалпы Құнанбайды халық «Абай жолы» арқылы жағымсыз бейне ретінде таныды. С.Қирабаевтың сөзімен айтқанда: *«М.Әуезов амалсыз Құнанбай бейнесіне дәуірдің идеологиялық жүгін арқалатқаны байқалады», – дейді. Құнанбай жасында оқымаған, «әптиектің» ежігін білумен ғана тоқталған. Кейіннен ғана өз бетімен хат танырлық жағдайға жеткен. Қолына найза ұстап, астына жүйрік ат мініп, өз малын өзі бағып, жауға шапқыш, жау түсіргіш жігіт болған Құнанбайға М.Әуезов «жасынан қайратты, шыдамды, ашулы, болған... және әке-шеше мінезінен көрі басқарақ, кесек мінезді қатты адам болғанға ұқсайды» деген [2, 9]. Ал Ә.Жиреншин: «Құнанбайдың мінезі мен келбеті мүлде өзгеше – ұзын бойлы, ақ сұр, көзі өткір, қатал, берік, мінезі бір ұрт, қайтпайтын, қайырымсыз болады», – дейді [6, 11].*

Құнанбай тілге бай, қаратілді болған деген де пікірлер бар. «Арғы атасының әйелі Айпара өте ақылды, тапқыр, өлеңші, тақпақшы кісі болса керек. Ақтабан шұбырындыда ауып келе жатқанда, бір жұртта шөгіп қалған түйені союға ешкім бата алмай тұрғанда өзі сойып, артынан жоқшылар келіп қалғанда, түйенің етін төрге салып үстін ақпен жауып, шашын төгіп жіберіп, жоқтау айтып, тізерлеп, бетін тырнап отыра қалса керек:

Түйелі елдің жақсысы-ай,

Түйедей менің арысым,

Төрде сұлап жатысы-ай.

Мұны көрген жоқшылар кісісі өлген үйді тінтіп, құдайға күнәлі болмайық деп қайтып кетіпті. Айпара тіпті өз балаларына да тақпақтап, төрт баласын сынап, ат қойыпты:

*Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым,
Тоқпақ жалды, торайғыр Көтібағым,
Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым,
Сірә да оңбас Торғайым, –*

десе, Құнанбай да тілден кенде болмаған сияқты. Әдейілеп өлең жазбаса да “Құнанбай айтты” деген халық аузында сақталған мәтел, мақал сөздер, өлеңдер қалса керек. Мысалы:

Асау кердің үстінде қатқан терлік,

Асау қара байталға арқан кердік.

Қоңыр шекпен үстімде жылқы бағып,

Қызды ауылдың тұсына біз де келдік, – дейді [6, 12].

Құнанбайдың бейнесін аша түсетін тағы бір жайт Өскенбайға ел сыншысы Нысан абыздың айтқаны: *«Өзінің бағың Қыдырдай (Шыңғыс тауының солтүстік жағындағы бөктер тау) болса, балаңның бағы Шыңғыстай болады»* деген екен. Аға сұлтан болып тұрған кезде Құнанбайдың ерекшеленетін тағы бір тұсы – оның аса діндар болғандығы. Әкесіне қарағанда өтімдірек болған Құнанбай елден зекет жиғызып, молда ұстаған, намаз оқып, ораза ұстатқан. Көптеген даулы мәселелерді шарифат жолымен шешпекші болған (Қодар мен Қамқа өлімі, насыбай атқан кісінің танауын тілу сияқты). Шәкәрім: *«Қажы марқұм бұл елдің бек надан кезінде туып, шала хат танып қалса да, әкесі Өскенбай биге әр жақтан келген хаттарды оңашаға алып барып, бірін-біріне салыстырып, өздігінен хат танып, түркі кітаптарын оқитұғын болыпты. Және ноғай молдаларын сақтап, елсізге үй салғызып, қазақтың балаларын жиып алып, бұл жақтағы қазаққа оқу оқытып, хат танытқан сол қажы марқұм еді. Осы күнгі біздің күзеу қорамыз – «Ескі там» деген сол мектептің орны еді. Қажы марқұмның алдына келген қазақ бұрын намаз оқымай жүрген болса да, намаз оқушы еді. Насыбай харам деп бір молда айтқан соң,*

мұрныңа тотияйын құям деп насыбайшыларды тыйып еді. Бұрын зекет бермейтұғын қазаққа зекет бергізген сол кісі еді», – деуі, осының дәлелі болса керек [7]. Құнанбай осы “Ескі там” деген жерде мектеп ашып, патша өкіметіне адал қызметі үшін оған 1846 жылы хорунжий атағы берілген.

Құнанбайды өз заманында биіктерден көрсеткен, Тобықтының кесек тұлғасы етіп көрсеткен тағы бір ісі, халыққа пайдалы тұсы – бала оқытуды қолға алған, дін жолына деп өз қаражатына Қарқаралыда мешіт салғызған. Оны халық «Құнанбайдың тәкиесі» деп атап кеткен. Әкесінің бұл ісі жөнінде Абай:

*«Меккеде уақып үй салып,
Пәтер қып жаққан шырақты.*

Бір құдайдың жолына,

Малды аямай бұлапты», – деген екен.

Абайдай дана туған, анасы дәретсіз емізбеген Құнанбай өз дәуірінде ортадан ойып тұрып орын алған, дара тұлғалы адам болса керек. Орта жүздің алдыңғы қатарлы билерінің алдында болған Құнанбай қашанда келелі мәселелерде, даулы істерде басымды ой айта білген, көп елді кесімді сөзімен тоқтата білген. Құнанбай туралы ел аузында қалған аңызда: *Құнанбай ел билеу ісінде ірілік танытқан, мықты, алысты болжағыш, ақылды болғандығы және мінезінің суықтығы, қаттылығы айтылады. Сонымен қатар оның аса бір мырзалық танытатын кездері де көп болса керек. Дінді жоғары қойған Құнанбайдың намаз оқыған кедейге ат, киім беру сияқты әдеттері де болған екен. Мұның дәлелі Абайдың Әбдірахман өлгенде өзіне-өзі жұбату етіп жазған мына бір өлеңі:*

Арғы атасы қажы еді,

Бейіштен тартқан шарбатты.

Жарықтықтың өнері,

Айтуға тілді тербетті.

Адалдық ақыл жасынан,

Қозғапты, тыныштық берменгі.

Мал түгіл, жанға мырза еді,

Әр қиынға серменгі.

Мұңлы-шерлі, жоқ-жітік,

Аңсап алдын кернепті.

Бәрінің көңілін тындырып,

Біреуін ала көрменгі.

Әділ мырза ер болып,

Әлемге жайған өрнекті.

Тәубесін еске түсіріп,

Тентекті жиып жерлепті.

...Ол сыпатты қазақтан,

Дүниеге ешкім келменгі.

Өлмейтін атақ қалдырып,

Дүниеге көңілін бөлменгі.

Жарлығына Алланың,

Ерте ойлаған көнбекті, – дейді [6].

М.Әуезов «Тобықты ішінде Құнанбай айтты деген сөздердің ішінде, «философ» айтарлық ақиқат сөздер бар» дей келе, мынадай нақыл сөздер келдіреді:

1. *Құл мен қожя майданда теңеледі, жас пен кәрі білімде теңеледі, бай мен кедей жомарттықта теңеледі, жақсы мен жаман өлгенде теңеледі.*

2. *Адамның қай мінезі өнері болса, сол мінезі айыбы болады.*

3. *Кісі айыбын айтпақтан оңай жоқ, өз айыбыңды өзің айтқаннан ауыр жоқ.*

4. *Өткен істен оңай жоқ, келесі істен қиын жоқ.*

5. *Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі, көзбен көрген – шын, құлақпен естіген – өтірік.*

6. Жарлы кісі жамандар, жамандар да қуанар, жаман кісі жалынар, жалынар да жұбанар.

7. Арымнан жаным – садаға, жанымнан малым – садаға [2, 13].

Құнанбайдың өмірдегі және әдебиеттегі дара тұлғасы, кесек бейнесі әлі де толық, терең зерттеуді қажет етеді.

М.Әуезов: «Құнанбайдың кім болғанын білмесек, Абайдың кім екенін білу де қиын. Бұлардың қай-қайсысы болса да заманның туындысы. Бірде заманның ұлы болса, бірде сол заманның құлы да болған» – деуі, “Құнанбайды жете танысақ – Абайды танығанымыз” – дегені болса керек.

Пайдаланылған деректер:

1. Ұлы арман (XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы). Құрастырған К.Сейдеханов. Алматы «Рауан», 1990.
2. М.О.Әуезов «Абайдың туысы мен өмірі». «Абай» әдеби-көркем тәуелсіз журнал. 1992 жыл, № 1.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі. «Абай» әдеби-көркем тәуелсіз журнал. 1992 жыл, № 3.
4. А.Янушкевич “Дневники письма из путешествия по казахским степям”, А., 1966, стр. 59-63.
5. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998 ж. 6-том
6. А.Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Қазақтың Мемлекеттік Көркем әдебиет баспасы. Алматы, 1961 ж.
7. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Түрік, қазақ-қырғыз хәм хандар шежіресі. Алматы, 1991.

Ұстаз ұсынысы

Г. ТАЙШЫБАЕВА,
«Талап мектеп-бөбекжай» кешенінің
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Б.Қ.О. Ақжайық ауданы,
Жұбан ауылы

«ЖАС ӘДЕБИЕТШІ» ҮЙІРМЕ ЖОСПАРЫ

(5-сынып)

Түсінік хат

«Жер астында жатқанды қазбай-ақ, қарап тіл табар», - дейді халық даналығы. Адам баласының тілге, сөз қадіріне мән беруі тегін емес. Өйткені, тіл – тіршілігіміздің бірінші белгісі. Тіліміздегі мыңдаған сөздерден ойға лайықты сөзді таңдап, оны басқа сөздерге тіркестіріп дұрыс сөйлем құрау оңай іс емес. Оған ұқыптылық, сауаттылық қажет және үнемі жаттығу керек. Көркем әдебиеттің басқа әдебиеттен ерекшелігі – оның көркем стилінде. Жансызға жан бітіріп айтады.

«Жас әдебиетші» үйірмесінің мақсаты – туған әдебиетіміз бен тіліміздің қыр-сырын ұғындыра отырып, оқушыларды дұрыс көркем сөйлеуге үйрету, сөйлеу тілінің мәдениетін көтеруде тіліміздегі әртүрлі кемшіліктерді болдырмау, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға дағдыландыру.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік, елжандылық, ұлт құндылықтарын бағалай білу қасиеттерін қалыптастыру.

Оқушылардың шығармашылығын ұштау. «Сөз өнері дертпен тең» демекші, ойлау қабілеті мен сөз саралау қасиетін арттыру.

Мақсаты:

- Оқушының сөздік қорын молайту;
- Тілдің қызметі туралы мағлұмат беру;
- Шығарма, эссе, өлең жазуға машықтандыру;
- Ақын-жазушылар шығармаларын оқуға, талдауға

дағдыландыру.

Міндеттері:

- Танымдық қызығушылығын ояту;
- Ана тілін ардақтай білуге үйрету;
- Өркениетті елдің өскелең ұрпағына лайық терең білім, тәлімдік тәрбие беру.

Күтілетін нәтиже:

- Тіл – адам өміріндегі негізгі құрал;
- Әдеби шығармаларды көп қолдану;
- Әдемі көркем сөйлеу;
- Шығармашылығын арттыру.

№	Тақырыбы	Сағ. саны	Өту формасы
1.	Тәрбие басы – тіл.	1	Дәріс
2.	Қазақ тілі – ұлттық мәдени мұра.	1	Ізденіс
3.	Сөз қолданудың негізгі ұстанымдары.	1	Шығармашылық
4.	Дұрыс сөйлеу, дұрыс жаза білудің шарттары.	1	Талдау
5.	Сөйлеу мәдениеті.	1	Дәріс сабақ
6.	Тіл мәдениеті.	1	Шығармашылық
7.	Жазу мәдениеті.	1	Ізденіс
8.	Синоним сөздерді дұрыс пайдалана білу	1	Талдау
9.	Тұрақты сөз тіркесін дұрыс қолдану және мағынасын ұғыну.	1	Шығармашылық
10.	«Отбасы – алтын дінгек» шығарма жазу.	1	Шығармашылық
11.	Мақал – сөздің мәйегі.	1	Сайыс сабақ
12.	«Кім жылдам, кім тапқыр?» ойын сабағы.	1	Сайыс сабақ
13.	Шешендік – сөз өнері	1	Ізденіс
14.	«Туған тілім – тұғырым» шығарма жазу, өлең шығару.	1	Шығармашылық
15.	Балалар ақындарының өлеңдерін оқу, жаттау. Қ.Мырзалиев «Қызыл кітап» – табиғатқа араша.	1	Ізденіс

16.	Мен – елімнің ертеңімін!	1	Эссе
17.	Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы.	1	Поэзия сағаты
18.	Ж.Молдағалиев өмірі, шығармашылығы.	1	Ізденіс
19.	Ж.Молдағалиев. «Мен – қазақтың» поэмасын талдау.	1	Талдау
20.	«Мен қазақ болғанымға мақтанамын!» эссе, өлең жазу.	1	Шығармашылық
21.	Қанатты сөздер.	1	Ізденіс
22.	Қисынды сөйлеуге жаттықтыру.	1	Талдау
23.	Махамбет өлеңдеріндегі өршіл рух.	1	Талдау
24.	Жыраулар поэзиясы.	1	Талдау
25.	Бұқар жырау поэзиясы.	1	Ізденіс
26.	Бұқар толғауларын жаттау, мағынасын ұғу.	1	Талдау
27.	Батырлық, ерлік тақырыбына жазылған шығармаларды оқу, талдау.	1	Шығармашылық
28.	«Жеңіс туы, желбіре!» Шығарма, өлең жазуға машықтану.	1	Шығармашылық
29.	Б.Сокпақбаев «Менің атым – Қожа» шығармасын талдау.	1	Талдау
30.	«Мектептегі достар» тақырыбына эссе жазу.	1	Эссе
31.	Абайдың нақыл сөздері.	1	Ізденіс
32.	Абайдың табиғат лирикасы.	1	Зерттеу
33.	Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе!	1	Сайыс сабақ
34.	Қорытынды сабақ.	1	Нәтиже сабақ

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы.
2. Қазақ тілі оқулығы.
3. Әдебиет оқулығы.
4. Әдістемелік нұсқаулықтар.
5. Қазақ тілі. Т.М.Артымова.
6. Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту технологиясы».
7. Шешендік сөздер.
8. «Бес ғасыр жырлайды».
9. А.Құнанбаев шығармалар жинағы.
10. Балалар ақын-жазушылар жинағы.
11. Әдебиетті оқытудағы жаңалықтар – әдістеме.

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ – ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

Дарынды балаларға арналған мамандырылған гимназияда шеберлігімен және бала жүрегінің кілтін таба алған ұстаздардың бірі – қазақ тілі және әдебиет тілінен сабақ беріп келе жатқан Әскербек Құлтайұлы Дүйсембаев. Бұл ұстаздың шәкірттері күнделікті сабаққа үнемі үлкен жауапкершілікпен дайындалып барады. Мұғалімнің тәсілдерінің бірі – оқушы мейілінше сабақ процесінде өз білгенін, тоқығанын ортаға салып айта білуіне жағдай жасау, тындап отырған оқушыларға сабақты түсінікті және толық мағлұмат беріп, түсіндіруі. Орыс мектебін тамамдаса да, өз ана тіліне деген құрметін басты деп санап, қазақ тілінен сабақ бергенді жөн көрді. Сөйтіп, ПМПИ-ды 2006 тәмамдап, алғашқы еңбек жолын Май ауданың Баскөл ауылындағы А.Иманов атындағы мектебінде қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі болып бастады. Бір жылдан соң “100 мектеп, 100 аурухана бағдарламасы” бойынша салынған Көктөбе орта мектебінде балаларды білім нәрімен сусындатты. Содан кейін еңбек жолын 2009 жылы Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған гимназияда жалғастырды. Осы жылдары еңбегі шындалды, ғылыммен көп айналысқан жас ұстаз 2016 жылы осы мектептің дарынды балаларымен жұмысы жөніндегі директордың орынбасары болып тағайындалды. Ұстаз үшін маңыздылығы

– оқушы қандай көңілмен сабағына қатысып отыр, өткен және жаңа тақырып қалай қабылданды, шығармашылық жұмысы алға қойылды ма? Осындай сұрақтар мұғалімнің күнделікті өз алдына қойылып отыратын негізгі сұрақтарының бірі. Әскербек Құлтайұлының бала жүрегінен ерекше орын алуы ата-ананы қуантады. Ата-анамен тығыз байланыста болу – шәкіртінің білімді де, тәртіпті болуына үлкен ықпалын тигізеді. Демек, сабақта шешілмейтін сұрақтар қалмайды. Осыған қалай қуанбасқа?! Сабақ үстінде әр оқушысы тақырыпқа белсене араласып, өз ойларын білдіре алады. Себебі талдау барысында көп қосымша мәліметтер ұсынылып жатады. Тақырыпты ашуы да өзгеше, демек бәрі де оқушының пайдасына. Әр сабақты зейінмен тыңдаған оқушылар өз өмір жолдарына керекті көп мағлұмат алғанына кәміл сенеміз. Мақалдатып, мәтелдетіп, ғұлама адамдардың ойларынан ортаға салып отырады. Талдау кезінде әр оқушының жеке ойын тындап ғана қоймай, өздік бағалауын да үйретеді.

Бүгінгі ұстаздар Әскербек Құлтайұлы сияқты болғанын қалаймыз деген ата-аналардың жылы лебізін де тындауға болады. Ұстаздың әр сабағы ана тілімізге деген құрметі екенін бала жүрегі де сезеді. Адами қасиеттерді балалардың бойларына сіңіре білетін ұстаз көптің де құрметіне бөленіп келеді. Ақын Абайдың «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деген ойының дәлелі осы. Мейірімге толы жүрегі, еңбекқорлығы, парасаттылығы да көпке үлгі. Әр шәкіртін тұлға ретінде санайтын ұстаздың оқушылары да өз ұстазына үлкен сеніммен және құрметпен қарайды.

Білікті ұстаздың бүгінгі даңғыл жолының, еңбегінің жемісі де, жеңісі келесі. Мұғалімдер арасындағы облыстық пән олимпиадасының екі мәрте жүлдегері (2009, 2013ж.) Мұғалімдердің республикалық қашықтық олимпиадасында 2-орын (2014,2015,2018ж). 2013 жылы Қазақстанда филологиялық білім беруді дамытудың негізгі басымдылықтары атты Бірінші филологтар съезінің делегаты. Кембридж бағдарламасы бойынша І деңгей (ілгері) сертификатталушысы. 2015ж. «Менің тиімді сабағым» сертификатталған мұғалімдердің панорамалық сабақтарының on-line сайысында номинацияға ие болды. 2010-2018 жылдары 5,6,7,8,9 сыныптарында қазақ тілі және әдебиетін тереңдетіп оқыту бағдарламасының авторы. Негізгі ұстаздың және шәкірттің сынақ кезеңі – ҰБТ көрсеткіші жылма- жыл алға шығып тұрғанының куәгеріміз. ОЖСБ қазақ тілінен 2016 жылы орташа ұпай 15,7 құрады. Онда жетістіктері ұшан-теңіз десек те болар. 2012 жылы Қ. Бітібаев атындағы халықаралық олимпиадасында Мұқитов Қасымхан І-орын, 2017 жылы 10-сынып оқушысы Хуатбекқызы Айша аталмыш олимпиадаға қатысып келсе, 2018 жылы республикалық пәндік олимпиадада Құрмет Грамотасымен марапатталды. 2014 жылы Республикалық сырттай оқу мектебінің «Талапкер» бейіндік ауысымының І-орын иегері атанған 9-сынып оқушысы Есімханова Айгерім, Қазақ тілінен облыстық пән олимпиадасында 2012-2018 жж. 6 оқушы жүлдегерлер атанды. 2015 жылы – Республикалық ғылыми жобалар сайысының қортындысы бойынша БжҒМ Құрмет грамотасымен Ибрайкина Айсара 10 сынып

оқушысы марапатталды. Облыстық ғылыми жобалар сайысында 8 оқушы жүлдегер атанды. Облыстық «Зерде» жас зертеушілер байқауында 2017 жылы Тельжанов Жасұзақ пен Өмірбаева Адель жеңімпаз атанды. Облыстық «Жарқын болашақ» олимпиадасында 2013-2018 жылдары – 6 оқушы жеңіске жетті. Облыстық Мұқағали оқуларында 2017 жылы 7-сынып оқушысы Құрмашева Дильназ, 2018 жылы өткен Махамбет оқуларында Хаманай Асхат та ІІІ-орынға, облыстық «Ақберен» конкурсында Хуатбекқызы Айша ІІ-орынды қаңжығасына байлады.

Қазақстан интернет олимпиадасында 15 шәкірті жеңімпаз атанды. Ұстаздың ерекше мақтанышпен айтып отыратыны өзі жетекші болған сынып оқушылары 2016 жылы 14-нің 12-сі Мемлекеттік грант иегері атанды. Бұл да жас ұстаздың және шәкірттерінің үлкен еңбегі. Әскербек Құлтайұлы Дүйсембаевтың еңбек жолындағы марапаттары – БжҒМ Алғыс хатымен – 2017 жылы, «Ертіс дарыны» ӨҚББӨО-ның Алғыс хаты – 2017 жылы, Ақсу қаласының білім беру бөлімінен Алғыс хат – 2010 жыл, ББЖТДИО Құрмет грамотасы - 2013 жыл, Алғыс хат – «Білім мен ғылым интеграциясы болашаққа нық қадам» Ш Шокиннің 100 жылдығына арналған 2012 жыл ИнЕУ.

Дарынды ұстазда – дарынды шәкірттер! Бүгінгі таңда шәкірттерін ғылымға жетелеп, білімдері арқылы бәсекеге лайық болуға тәрбиелеп келеді. Әскербек Құлтайұлына зор денсаулық, қажымас қайрат тілей отырып, еңбегінің жемісті болып, еліміздің жарқын болашағына атсалысатын шәкірттері көп болсын демекпіз.

Бас редакторы – Гүлдәрі ЖҮСПОВА.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.05.2018 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №5, 2018 ж., 144 бет, Алматы.